



Ақылдастар алқасы

Бүкіров Төлеген, төраға

Көпеев Мұхамбет

Медебаев Советбек

Сатыбалдин Ерболат

Мырзабеков Батырбек

Ештанаев Ғазиз

Құрмансейітов Ахат

Редакциялық алқа

Құрмансейіт Қуат, бас редактор

Абсалықова Маржан, жауапты редактор

Козлов Вячеслав

Аманғали Жұлдыз

Арыс Ерке

Ақжарқын Әлтенқызы

«ҰЛЫТАУ» СЕРИЯСЫ

Мұса (Мусен) ТІЛЕУОВ

ТАУЛАРҒА ТАУЛАР ТАМСАНАР

Жыр жинағы



«Кәусар» баспасы
Астана – 2023

УДК 821.512.122
ББК 84 (Қаз)
М 94

*Жинақ Сәтбаев қаласы әкімдігінің
қолдауымен жарық көрді*

М 94 **Мұса (Мусен) Тілеуов.**
Тауларға таулар тамсанар. *Жыр жинағы.* – Астана: «Кәусар»
баспасы, 2023. – 320 бет

ISBN 978-601-7016-68-5

ISBN 978-601-7016-69-2

«Ұлытау» сериясы аясында жарық көріп отырған «Тауларға таулар тамсанар» атты бұл жинаққа белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Мұса Тілеуовтің көптеген поэзиялық туындылары топтастырылды.

Кітап жыр сүйер көпшілік қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (Қаз)

ISBN 978-601-7016-69-2
ISBN 978-601-7016-68-5

© Тілеуов М., 2023
© «Кәусар» баспасы, 2023



*«Бұл Мұса аз жазады. Аз жазса да саз жазады.
Мен оның әр өлеңін сараптап оқып отырамын».*

Сайлаухан НӘКЕНОВ

*«Мұсаның өлеңдері өзі еңбек етіп жүрген жеті
қат жер астының жауһар тастарындай сан
қырымен еріксіз тәнті етіп, жаныңды бірден
баурап алады».*

Апбаз ҚАРАЖІГІТОВ





* * *

*Заңғарға заңғар сыр ашып,
Жаңғырып жартас жар салар.
Биікке биік шын ғашық,
Таулар да тауға тамсанар.*

*Үздігуменен күн өтпес,
Үмітін әсте үзбейді.
Тұлпарға тұлпар тілектес,
Сұңқарды сұңқар іздейді.*

*Сәнімен өмір бағалы,
Сағынған шақта тіл табар.
Жақсы мен жақсы – аға-іні,
Жұлдызға жұлдыз ынтызар.*

*Тәлімі мұра халқымның,
Жақсының жүрдім қасында.
Жарасып өткен әр күнім
Татиды тұтас ғасырға.*

*Ғұмырға мынау қас қағым,
Ізгілік көрсем, иланам.
Аман боп жүрші, достарым
Жаныма шуақ сыйлаған!*



Бірінші бөлім

*ЗАҢҒАРЛАР МЕН
ЗАМАНДАСТАР*





ҚАЗАҚТЫ БАР ҒАЛАМҒА АЙҒАҚТАҒАН

11.10.2008 жылы Терісаққан ауылында қазақтың айтулы тұлғасы Мейрам Жанайдарұлының Қызыл империя тұсында жермен-жексен болуға айналған кесенесі «Қазақмыс» корпорациясының демеушілігімен қалпына келтіріліп, қайта тұрғызылды.

Ел едік азаттықты армандаған,
Ордаңа оралдың ба, тарлан бабам?!
Қауыштың халқыңменен сағындырып,
Қазақтың бақ жұлдызы жанған заман.


Алаштың көктен берді тілегенін,
Бағаңды бағалаған біледі елің.
Ұраны ұлысыңның топ бастаған –
Халқыңның арқа сүйер тірегі едің.

Еркіңе иліктіріп арай таңды,
Сөйлесең, тамсандырдың талайларды.
Салтанат-сәніңменен, сәулетіңмен
Ұйыттың ақ патшаны сарайдағы.

Атағың алты алашқа аспандаған,
Аңыз боп ел аузында дастан қалған.
Оюлап Петерборға орда тігіп,
Сапырып саумал құйдың дастарханнан.

Айналып намыс – отқа, жігер – шоққа,
Тартынбай тарлан едің кірер топқа.
Сағымды сахараның дүбіріне
Селт етіп, құлақ түрді Еуропа.





Қазақтай кең далада байтақ барын
Бар әлем, барша жұртқа айғақтадың.
Қырандай қанаттандың қайта түлеп,
Жалт еткен жанарыңнан жайнап жалын.

Ұшқыр ой, кемел ақыл, парасатың
Кемеңгер келбетіңе жарасатын.
Ақындық, саяткерлік, өрлік, кеңдік –
Ұстадың ұлағатты дала салтын.

Үнсіз-ақ іштегіңді ұқтыратын,
Тентекті тегеурінің ықтыратын.
Естілсе Мейрам атың, орынынан
Дүрлігіп орыс-қазақ тік тұратын.


Тайған жоқ дәуір әлі тұғырынан,
Сар дала жатыр шалқып сыры тұнған.
Әз баба, ел есінде дәл осынау
Мәңгілік сақталады ұлы тұлғаң.

ЖОЛБАРЫС ЖҮРЕК ЖҰМАБЕК

Қазақстанның бес облысын Ресей құрамына қосып беруді жоспарлаған Н. Хрушевтің қаһарына қаймықпай қарсы тұра білген ержүрек қайраткер Жұмабек Ахметұлы Тәшеновке Кремльдегі жанжалдан кейін Д. Қонаев:

– Ойпырмай, Жұмеке-ай, тегі сізде жолбарыстың жүрегі бар шығар... – дегенде айтқаны:

Естіп тұрып туған жердің мұң-зарын,
Қайтіп қана шыдап тұрсын қу жаным?!
Неге өлмеймін ақиқаттың жолында,
Рас болса қазақ болып туғаным!



Қазақпын мен, мына дала – бесігім,
Бесігіме ара түссем несі мін?
Сертім – семсер, қайсарлығым – қанымнан,
Атам – Алаш, Қазақ – менің есімім!

Сен аман бол, алтын бесік сар далам,
Сен ғанасың қазақ үшін бар ғалам.
Ұлысының ұлтарақтай жері үшін
Қай бабамның басы жауда қалмаған!

Тартпай тусам табалаңдар қаныма,
Тірі тұрып дақ салғам жоқ арыма.
Қалың елім, сен аман бол, қазағым,
Алтын басым – сендер үшін садаға!


Қызықпадым қызметке, даңқына,
Даурықпадым сөз қалсын деп артыма.
Мен өзіме разымын деп білем,
Шынашақтай себім тисе халқыма.

КЕНЕСАРЫНЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Оқ тиіп, әбден қансыраған, шала-жансар Кенесарыны Орман датқа найза ұшына көтеріп алыпты. Сонда Кенесарының айтқан соңғы сөзі:

Көлбеп ұшты көзімнен арман менің,
Бақ тайғанын келмейді жалған дегім.
Алақандай қазақты қорғаймын деп,
Айдаһармен алысқан тарлан едім.

Батырларым қан кешті топ бастаған,
Бармаған жер, тау-тасым жоқ баспаған.



Қол берер деп келіп ем қырғыз інім,
Арамызға қай сайтан от тастаған?!

Ойлан, Орман, ақиқат адасқаның,
Торығаның жолымды қай сасқаның?
Қазақ, қырғыз ежелден егіз едік,
Бұлт шалмаған бүтінде айлы аспанын.

Екіталай күн туған шақта мына,
Ер ғой дегем ілесер қапталыма.
Аяқ асты жау шығып, жаттан жаман
Қапылыста түсірдің қақпаныңа.


Кісі болып өлемін, өлсем, құнды,
Қуанарсың көзімнен көрсең мұңды.
Шен-шекпенге сатылған бейбақ болсам,
Ақ патшаға жақпас па ем дәл сен құрлы.

Қияда еді о баста өрем менің,
Өле-өлгенше келмейді төмендегім.
Жантәсілім осынау шағымда да
Найза бойы, қарашы, төбеңдемін.

ЖҮРЕГІНІҢ ТҮГІ БАР ЕР ҚҰТТЫМБЕТ

Батыр баба, еліңе аян ерлігің,
Қазағыңның қорғай білдің елдігін.
Ұрпақтарың басын қосып іргеңе,
Рухыңа тағзым етті ел бүгін.

Ұлысыңның бірлігі еді ұраның,
Тәуелсіз күн тілеп жүрдің туарын.



Кесенең тұр туған жердің төрінде,
Биік болсын мәңгі жатқан тұрағың.

Кер заманның қияметі қысқанда,
Бастырмадың туған жерді дұшпанға.
Ұлытауға бас сұға алмай әккі жау,
Қиясына қалықтады құс қана!

Арман болған атты, міне, жарқын күн,
Ғасыр куә өшпесіне даңқыңның.
Жорық жолың – тарихтың төрінде,
Ерліктерің – жүрегінде халқыңның.


* * *

Қанға бөгіп күңіренді кең дала,
Кең далада – шұбырған жау, шер, нала.
Шейіт болған боздақтардың басында
Есі кетіп еңірейді шерлі ана.

Ай тұтылып, заман туды күн азар,
Қазақ жерін тіміскілеп жүр ажал.
Ұран салдың Ұлысым деп, ер Баба,
Тұлпарыңа тақым басып Құбажал.

Жауыздықтың жаныштадың тамырын,
Көкіректе лапылдаған жалының.
Ұрыстарда жолың болды ұдайы,
Қиын шақта қолдап жүрді Тәңірің.

Көк найзаның қанға малдың шашағын,
Қызыл қырғын, қанды жорық жасадың.
Қара түнде қалмақтарды қуалап,
Талма түсте талап кеттің жасағын.



Көз ілеспес бір-ақ сәтте қас қағым,
Допша қағып домалаттың бастарын.
Күн ашықта жай түсірдің шартта-шұрт,
Тас төңкеріп төбесіне аспанын.

Андыған жау ұстай алмай сан соқты,
Ажал болып оратылды әр соққы.
Жан алысып, жан беріскен шайқаста
Жер қайысып, қопарылып тау шөкті.


Күшің артық, мысың басым болғасын,
Ойрандадың Қонтайшының ордасын.
Мың қараға жалғыз шабар жаужүрек,
Өңкей өжет отыз үш ер – жолдасың.

Аруақ қолдап ер Құттымбет атандың,
Дұшпаныңды селк еткізді атағың.
Сол отыз үш – шағын қолмен ұрандап,
Қойдай қырдың қалың жаудың қатарын.

«Бұйырмады-ау Ұлытауды алмақ күн,
Ей, Құттымбет, сандалттың-ау, сандалттың...»
Жеп қоярдай, шақыр-шұқыр тіс қайрап,
Қан құйылды көздеріне қалмақтың.

Тәкаппарсып Ұлытаудың ұшары,
Одан сайын көңілдерін бұзады.
Отыз үшті мың-мың қолмен орады,
Жан ұшырған шұбар жылан ызалы.

Зәрін шашып күркірейді құбыжық,
Күн тұтылды, аспан жерге бүгіліп.
Алау болып аққан жұлдыз ғайыштан,
Қара жерге сіңіп кетті үзіліп...



Қас қағымда қыршын ғұмыр – өтті арман,
Сол арада отыз үш ер мерт болған.
Туған жерін сақтап қалды батырлар,
Қалқан қылып көкірегін кек толған.

Тас қараңғы, көзді байлап тұр түнек,
Бұлтқа оранды Ұлытау жақ күркіреп.
Түнді тіліп жарқ етті де найзағай,
Жүре берді қара жаңбыр сіркіреп.

* * *

Көктем сайын қайта гүлдеп желегі,
Ғасыр көші талмай жылжып келеді.
Ойға оралды ел аузынан естіген
Сол соғыстың тағы да бір дерегі.

Айуанша, ашынған жау кек қайнап,
Неше алуан жауыздықты кетті ойлап.
Өлген ерден өшін алып, кескілеп,
Ертесіне сүйегіне от қоймақ...

«Өжеттігін, өткірлігін қара бұл!
Неткен қазақ батыры, – деп, – дара бұл!» –
Қақ жарғанда Құттымбеттің жүрегін,
Шықты дейді екі тармақ қара қыл!

Мұны естіген қазақ қайтіп тек тұрмақ,
Үш-төрт жігіт қоршауға енді сеп құрап.
Қара түнде батырының мүрдесін
Қалмақтардан ебін тауып кетті ұрлап.

Жорық жолы – ұрпаққа үлгі ұғынар,
Бұл соғыстың, міне, осындай сыры бар.
Содан бері ең бір өжет батырын
Дейді халық: «Жүрегінің түгі бар».



БҰХАР БАБАНЫҢ ЕЛГЕ ЖАУ ШАПТЫ ДЕГЕН ХАБАРДЫ ЕСТІРТҮІ

Құз құлады, тау күйді,
Ел шетіне жау тиді.
Әкең де өлсе естисің,
Ұғын, жұртым, жай-күйді.


Қалың қалмақ лап қойды,
Ит төзгісіз шарт қойды.
Жамбасында жаншылып,
Жарты қазақ қап қойды.

Қарындас пен баланың
Күйін көріп наламын.
Таба алмадым шарт сынған
Домбырамның шанағын.

Қылышта тұр ұланым,
Сөнгелі тұр шырағым.
Қара кебін киініп,
Қалтырайды мына күн.

Төзбесін де тозаққа,
Көнбесін де мазаққа.
Найза ұстасын, айтыңдар,
Ұл бар болса қазақта!

Ерттеп мініп қазанат,
Ерге қонсын азамат.
Кек қайтарсын қалмақтан,
Қонтайшысын жазалап.



Қойшы қойсын кәсібін,
Сұлтан төксін асылын.
Екіталай ел-жұртың,
Исі қазақ нәсілің.

Құр шайнамай бармақты,
Қу, ұлдарым, қалмақты.
Елім деген ерлерім,
Батырларым аруақты!


ЗАҢҒАРЫ ЗАМАНАНЫҢ ДҮЗЕН БАБА

Өшпейді өнегесі зердемізден,
Келеміз көне дәстүр, көрген ізбен.
Ұрпағы ұран болған Сандыбайдың,
Өтіпті Ұлытауда Ерден-Дүзен.

Жаралған мыңнан ерек, жүзден дара,
Заңғары замананың Дүзен Баба!
Кешегі алмағайып қилы кезде
Болыпты елге пана, сөзге дана.

Басына аруақ қонып, бақ дарыған,
Ен байлық, иен дәулет ақтарылған.
Сарқылмас игілікке ие қылып,
Қарапты оң көзімен Хақ та бұған.

Дем берген қысылғанда ерлік үні,
Туған жер, табан асты – төл тұғыры.
Халқының амандығы – бар тілегі,
Қазақтың тұтастығы, Ел бірлігі.



Еске алып естіген жан тізер, мейлі,
Шындықтың жүз сапырсаң ізі өлмейді.
Үш жүзге даңқы шыққан аға сұлтан
Ерденді Ерден еткен Дүзен дейді...

Халқының пейіліндей қарасыны,
Жұртының болған дейді жанашыры.
Қасиет-қадірімен елге сыйлы,
Таң қылар дархандықтың дара шыңы!

Көп күткен шырай беріп нұр таңыма,
Қазақтың күні күліп тұр тағы да!
Ел туын, ерлік туын түсірмейміз,
Өз Баба, риза бол ұрпағыңа!

ҚАНЖЫҒАЛЫ БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ ҰРПАҒЫНА АЙТҚАН БІР СӨЗІ

Дәулетім бар өзімше нәсіп еткен,
Жан емес ем қан төгіп, кәсіп еткен.
Қару ұстап қолыма қарсы шаптым,
Құба қалмақ лап қойып, есі кеткен.

Күңіrentіп кең дала, таң шуақты,
Қара ормандай қалың жау қалжыратты.
Қарындасты айырып жалғзынан,
Қаратаудан шұбыртып зар жылатты.

Қызыл гүлім үзілді қауызынан,
Қызыл қаным саулады ауызымнан.
Ауған жұрттың орнында ауыл қалды,
Шырылдатып қалмақтар бауыздаған.



Ат артына байлады арысымды,
Аяғына таптады намысымды.
Қыршындары оралмай қан майданнан,
Қарт атаның қайғыдан сағы сынды.

Шер көңілге шемен боп өші көптен,
Түре құдым қосынды жосып өткен.
Жекпе-жекке тоқтатып қонтайшысын,
Кеңірдегін көлденең кесіп кеткем.


Хайуаннан қылығы асып кеткен,
Шұнақ Доржы ел талап машық еткен.
Қараобаның тұсында қарсы келіп,
Қызыл қанын аспанға шашып кеткем.

Ат үстінен Халдайын іліп кеттім,
Жарқыратып қарынын тіліп кеттім.
Тұс-тұсымнан қоршаған тісін қайрап,
Бар аламан ноянын қырып кеттім.

Арыла алмай сонда да ескі кектен,
Ер жастанып, тонымды төсек еткем.
Нысаныма дөп келіп шолғыншысы,
Көкірегін сұр жебем тесіп өткен.

Сауғасына – шартына жылымадым,
Қалқан ұстап жолына тұрып алдым.
Бір ұрыста әккі жау адастырып,
Айдалада бөрідей ұлығанмын.

Қызыл қанға боядым қылышымды,
Босатпадым найзадан уысымды.
Босқан елдің қайтадан басын қосып,
Ата жауға көтердім ұлысымды.



Жан емес ем қару ап кәсіп еткен,
Мал-жанымды өзімше нәсіп еткем.
Халқым үшін қан кештім, мен қайтейін,
Құба қалмақ лап қойып есі кеткен.

Кермеде тұр мен мінген боз ат бүгін,
Әне, саған сыйым сол, азат ұлым.
Отаныңның қорғай біл азаттығын,
Қазағыңның сақтай жүр қазақтығын!

ЕЛ КӨРГЕН ҒИБРАТ ПЕН ҒИБАДАТЫН

Ұрпағы ұмытпайды бар болғанын,
Батагөй бабалары жан болғанын.
Есімі ел-жұртының жүрегінде
Халқына қасиетті Сармолданың.

Ұйытып иман-шартқа мәнерлеген,
Хақ пенен Құран жолын дәлелдеген.
Нақышты назым жырға төнті болып,
Қаныштың өзі келіп сәлем берген.

Көрген ел ғибрат пен ғибадатын,
Төк тұрып Тәңірідей иланатын.
Сәждеге басын қойып, парыз өтеп,
Алланың шапағатын сыйға алатын.

Жетелеп керуенін замананың,
Иншалла, тағы талай жаңарар күн.
Біз бүгін бет түзесек құбылаға,
Батасы Сармолдадай бабалардың.



ТӘРЖІМА

Талайларға таңсық болған ертеден,
Пай-пай, Питер, қандай ғана көркем ең!
Ұшырасты сәті түсіп үш мырза
Сұлу Нева жағасында ертемен.

Үшеуі де ел таныған әйгілі,
Заманының жарық Жұлдыз, Ай, Күні,
Жағалаудан суреттері суға ойнап,
Толқытады әсем өзен айдыны.


Айтылды сыр, не бір ғажап дәріптер,
Шөлікесең, қадіріне қанып көр.
Сөйлеушілер – Дулатов пен Толстой,
Екеуіне Бөкейханов – дәнекер.

Қиялдарды қиял жалғап, жарысты ой,
Шыр айналып, шарлап кетті ғарышты ой.
Міржақыпты тәржімалап Әлихан,
Тыңдап отыр граф Лев Толстой.

Бүгінменен сабақтасып бұрынғы,
Әңгіме-сыр, талай өрнек құрылды.
Арыстан жал шашын сілкіп әлден соң,
Міржақыпқа граф сәл-пәл бұрылды:

– Якуб мырза, лебіңде қанықтым,
Ізет-құрмет, сый-сияпат таныттың.
Сізді көріп, танып тұрмын мен бүгін
Қасиетін «Қазақ» деген халықтың.

Сәл кешірек білгеніме өкінем,
Алла разы, тағы не бар, өтінем.



Желмаямен жерұйықты аралап,
Қыр самалы сипағандай бетімнен.

Сахараның салтанаты бір басқа,
Жаны жайсаң жан екенсің жолдасқа.
Бір адамдай орыс тілін білесіз,
Аудармасыз сөйлесуге болмас па?!


– Граф мырза, менің де сол тілегім,
Он үш тілде еркін сөйлей білемін.
Ал орысша анау-мынау мұжықты
Сүріндірсем деген жанның бірі едім.

Бекер болды сондағы албырт шақтарым,
Алды-артымды анық бүгін шақтадым.
Кең даланың кереметін сыйғызып,
Айтып берер аталы сөз таппадым.

Тыңдағанға таусылар ма ғажабы,
Күмбірлейді құлағымда сазы әлі.
Жеткізе алмас сырнай үні қайталап,
Домбыраның болады екен өз әні.

Жөргегімнен жүрегіме ұялап
Жүрген сырлар қай теңеуге сыяр нақ?!
Жомарт дала, жайсаң халық, ұлы ел,
Ұлылығын айта алмасам – қиянат.

Сенгенім де, сенерім де өз тілім,
Өз тілімде өрнектелді сөз бүгін.
Құдіретін қара сөздің айғақтап,
Паң даладан Петерборға озды үнім.


Айта алдым ба, айттым, білем, барымды,
Аямадым жалынымды, жанымды.
Ал тәржіма... тәржімаға сенем мен,
Досым барда Әлихандай дарынды.

АЙТУ КЕРЕК, АЙТҚАННАН СОҢ, ТЕК ШЫНЫН


Соғыс аяқталғаннан кейін полковник Бауыржан Момышұлы бас штабтың академиясын қызыл дипломмен бітіріп, осында сабақ беруге қалдырылады. Соғыс тактикасынан дәріс алушылар кілең генералдар екен. Үлкен жиынның бірінде академия бастығы, маршал Захаровке бір генерал сұрақ қояды.

Білгендері осы болса, сене қал,
Қитұрқының сөзі ме әлде кереғар?
Командирге әскери бір сабақта
Сұрақ қойды әлдебір жас генерал:

«Қаһар төгіп, қан майданға кіргенде ер,
Сапта жүрді шалғайға құр ергендер.
Айтыңызшы, көрсетпеді неге ерлік
Орта Азия елдерінен келгендер?!

Тәжікке де, өзбекке де ортақ мін,
Сулығына жарамады солдаттың.
Жалғыз-жарым бармақ түгіл барлауға,
Орманнан да, аяздан да қорқатын».

Көпке сыйлы, айтары мол ағалық,
Сталиннен құрмет көрген, баға алып,
Осы оқу орынының үлкені,
Орынынан тұрды маршал Захаров:



«Е, ол жақта аяз да жоқ, орман жоқ,
Соғыс деген соңғы үш жүз жыл болған жоқ.
Қайдан келсін тәжірибе халыққа,
Қалқан ұстар ел-жұртына қорған боп...»

Жиындағы китель киген бар текті,
Шен-шекпенді мына хабар төнті етті.
Суырылып жұрт ішінен сол сәтте,
Сұңқар даусы Бауыржанның саңқ етті:


«Айту керек, айтқаннан соң, тек шынын,
Еркек емес, ездiң сөзiн естiдiм.
Дәл жаңағы сұрақ қойған – сұмырай!
Жауап берген – одан да өткен жексұрын!»

Шатыр етіп күншуақта найзағай,
Осылайша ушығыпты дау-дамай.
Академия айналасы у да шу,
Абыройы ақтарылып айрандай.

Сәл кешіксе, жарылардай ызаға,
Генералдар кеңес құрды өзара.
Бір-екеуі министрге жүгірді:
«Бұзақыны бұйырсын, – деп, – жазаға!»

Ақыр соңын білсін өзі бір Құдай,
Трибунал аузын ашып тұрғандай.
Шақырып ап кеңсесіне Булганин,
Депті: «Көне, Момышұлы, бұл қалай?!

Жауынгерге жараспайды ісің бұл,
Не үшін, қалай, тәртібінді түсіндір,
Білесің бе ненің күтіп тұрғанын
Командирді қорлағаның үшін бұл?!»



«Жолдас маршал, ақиқатым бұл менің,
Еріксізден екеуін де тілдедім.
Ел алдында мазақ қылды екеуі
Бүкіл халық – Орта Азия елдерін.

Файбатталып халық деген ізгі ана,
Тілімдеді жүрегімді жүз жара.
Ақ-қарасын болған жайдың анықтап,
Төрелігін айтатұғын – сіз ғана.

Жан емеспін жарға ұрынар бекерден,
Шындық үшін отқа түсіп кетер ем.
Қандай жаза берсеңіз де, мен дайын,
Айыбымды мойыныммен көтерем».


...Ұзақ-сонар ойға шомып министр,
Шақ орнады кеңсе ішіне тыныш бір.
Мынау қатал тымырсықтан тұншықпай,
Шамаң келсе, тағы бір сәт тыныс қыл...

Жүзін бұрып өудемнен соң шырайлы,
Министрдің үні естілді сырнайлы:
«Момышұлы, бұл жолы – тек ескерту!
Екінші рет қайталама мұндайды».

ТАЙСАЛДЫ СЕНЕН АЖАЛ ДА

«Даңқ» орденінің толық иегері Жақсымбек Үншібаевқа

Қап-қара түнек, қан майдан,
Қайырсыз күнде мұрат тұл.
Зәһарын шашып шалғайдан,
Шеңгелін сұқты сұрапыл.



Қан жылап аспан тұр өрең,
Қанбауыр бұлттар тоғысқан.
Күңдіреніп кетті күллі әлем,
Сойқанын салған соғыстан.

Әлсіреп өзер атты күн,
Ем таппай бітеу жараға.
Жасындай жауға атылдың,
Жарқ етіп сонда, жан аға.

Майданға кірдің шеп бұзып,
Жапырып жауды жасындай.
Намысты қайрап, кек қызып,
Қайтпадың кері қашырмай.

Ұрымтал тұстан ұрыс сап,
Тап бердің тура тажалға.
Бетпе-бет келсе жылыстап,
Тайсалды сенен ажал да.

Дұшпанның бердің кесімін,
Алдыңа тізе бүктіріп.
Паш еттің қазақ есімін,
Ғаламға барша ұқтырып.

Бұлқынып бойда өр ағын,
Нық басып туған жер үстін,
Ерлікпен елге оралдың,
Көтеріп туын Жеңістің.

Бейбіт күн – бүгін несібе,
Атады дәйім таң күліп.
Есімің елдің есінде,
Ерлігің, аға, мәңгілік!



ЕҢ «КІШКЕНЕ» ҚАЗАҚ

Көрініп тұр тым төкәппар екені,
Қарт Лондон – капиталдар мекені.
Ғимараттар аспанменен таласып,
Зеңгір көкке сіңіп кеткен екі елі.

Нөпір халық, абыр-сабыр айналаң,
Машиналар құмырсқадай қайнаған.
Кең көшені кереметі кернейді,
Алып қала, алпауыттар жайлаған.


Бір шетінде алаңқайдың шап-шағын,
Шағын үй тұр, сарайындай патшаның.
Бүгін мұнда кеңес құрып ғалымдар,
Сөз алуда небір шешен от-жалын.

Білімдарлар пікір айтса – дес бермей,
Кім қалады көзін жұмып, ескермей?
Тек әнебір бизнесмен мырзалар
Мұрындарын шүйіреді қош көрмей.

Өңкей көкжал жыртқыштардан ұялы
Әрменірек, ғалымдармен зиялы
Отыр еді академик Сәтбаев,
Шартарапты шарлап қанат қиялы.

Орынынан көтеріліп жай ғана,
Зал ішіне көзін салды ойлана.
Дуылдаған пікірталас сап болып,
Тына қалды демін тартып айнала.

Кере қарыс, кең маңдайы жарасып,
Кең кеудеге тай жортқандай таң асып.



Кермиықты, зор тұлғалы ғалымға
Сансыз жанар қарап қалған таласып.

Бидай өнді, қызыл шырай, қыр мұрын,
Толықсып тұр, толқын шашы бір қырын.
Ел құрметін ілтипатпен қабылдап,
Түсіндірді сапарының сыр-қырын.

Таныстырып, туған жерін, өңірін,
Өз елінің тұрмыс-салтын, өмірін.
Лебізінен домбыраның сазындай
Зал ішіне құйылды бір қоңыр үн.


Манағы бір марғау күйден арылып,
Мырза біткен ұйып отыр сарылып.
Не де болса, мынау тегін жан емес,
Көмейінен шыққан сөздің бәрі нық.

Тура айтады кесіп-пішіп, есептеп,
Түйіндейді түйдек-түйдек кесектеп.
Тың ойымен тыңдаушыны толқытып,
Шешімдерін ұсынады кезектеп.

Төрде отырған премьердің манадан,
Пайымынан биік шықты мына адам.
– Ғажап! Ғажап! – деді Черчилль ақырын,
Кәрі құрлық Құдайындай санаған.

Қарт премьер қайта-қайта бұрылып,
Қарай берді Сәтбаевқа құнығып.
«Осы жігіт, япыр-ау, шын қазақ па,
Тұла бойы тұнып тұрған ұлылық?!»

Көрініп тұр жеке-дара екені,
Дарынына білімі сай, жетеді.



Қараңғы елдің саяқ ұшқан сұңқарын,
Нар төуекел, бір сынаса не етеді?

Көнігі шал, не ойласа да ішінде,
Көзін сүзіп тұлғасы мен түсіне,
Үзілісте күле қарап Қанышқа,
Қалжың айтты бейкүнә бір пішінде.

– Қаныш мырза, балап тұрмын ініме,
Ризамын жолығысқан күніме.
Қазақ деуге қимай тұрмын мен сізді,
Қазақ біткен бәрі сіздей ірі ме?


– Мистер Черчилль, қазақ деген – кең дала,
Елде қалды үлкендерім ең дана.
Ұлы халқым не бір алып туыпты,
Ішіндегі ең кішісі мен ғана...

Қарт премьер қолын беріп, тұра қап,
Депті:
– Пәлі! Пәлі! Міне, ғаламат!
...Күллі әлемге аңыз болып тарапты
Сондағы бір Қаныш айтқан ұлағат.

ҚАНЫШТЫҢ ҮШ АРМАНЫ

Дем жүрмей, тамағынан дәрі сыймай,
Қиналып, қайран Қаныш, арысым-ай...
Сарқылып күш-қуаты отырғанда,
Келіпті Мұхтар досы халін сұрай.

Жаутандап, жанарынан өмір аунап,
Шықпайды қоңыр үні қоңыраулап.



Шарасыз досын көріп төсектегі,
Мұхтар да күмілжіді көңіл аулап.

– Биіктен биіктерге самғадың тек,
Ел-жұртың әлпештеді ардағым деп.
Ауылда өсіп, атандың академик,
Қаныш-ай, арманың жоқ, арманың жоқ...

Сусыған ақ төсектің шетін жаба,
Қан-сөлсіз бұрды Қаныш бетін ғана.
Оңаша бірі дертті, бірі шерлі,
Қазақтың екі алабы, екі дана.

Тағдыры, заманы бір, сыры-мұңы,
Даланың бірі – заңғар, бірі – шыңы.
Қазақтың қос биігі дара туған,
Бұлардай кім ұғады бірін-бірі?!

– Е, солай, солай, Мұқа, сырым анық,
Көрмедім пенде болып тыным алып.
Тер төктім қадірімше халқым үшін,
Талпындым ілім ұстап, ғылым танып.

Қолдады кең даламның салты мықты,
Қазақ боп бар ғаламға даңқым шықты.
Бағым да, бақытым да – елімменен,
Қызығым, қуанышым – халқымдікі.

Күш-қуат қолда барда дәрмен көріп,
Шайқадық дүниені, дәурендедік.
Ғұмырдың қысқалығы рас екен,
Халімді көріп тұрсың, тәубе дерлік.

«Тәубе!» деп Тәңіріге жалбарынар,
Сын сағат соқты, білем, алдым мұнар.

Фәниге ризамын, десем-дағы...
Тұншығып, іште жүрген арманым бар.

Ұқпадым иман-құран өсиетін,
Білмедім пір мұсылман қасиетін.
Болмады бір сәтті күн дұға қылып,
Ата-ана аруағына бас иетін.

Не қайыр, көштен қалып оянғаным,
Не қайыр, орны толмас ой-арманның.
Алдамшы дүниені шарлап жүріп,
Бір белгі өз қолыммен қоя алмадым.


Көз салып суреттерге бұрыштағы,
Сәл ғана демін керіп, тыныстады.
Әлден соң әлгі үзілген сөзін жалғап,
Болмашы иек қағып, дыбыстады.

– Білемін, ардақтарым, аңсадыңдар,
Қарамды күте-күте шаршадыңдар.
Сапарға шығар күнім таяу, білем,
Жәннатта жабырқамай қарсы алыңдар.

Жарық күн қимай-қимай батар мына,
Таусылар дәм де, тұз да, татарым да.
Ел-жұртым жылай-жылай қош айтысып,
Шығарып салар соңғы сапарыма.

Сыңарым Құдай қосқан жас күнімнен,
Себелеп, жанарынан жас төгілген.
Аңырап, ағыл-тегіл жоқтар ма екен,
Бабамның салтыменен, дәстүрімен?

Әй, бірақ... айту соны қиын маған,
Тағдырдан бұл да, сірә, сыйым алған.



Жасаған өз еркіммен, өз қолыммен,
Бұл да бір арман екен бұйырмаған...

Ал енді соңғы арманым, ақырғы үміт,
Төсектен тұрғызардай батыр қылып.
Кен терген жастық күндер көз алдымда,
Кеңгірдің жағасына шатыр тігіп.

Шарладым көлденең де, ұзыннан да,
Ықпадым сызынан да, мұзынан да.
Тепсініп Кремльге талай кірдім,
Шындықты бетке басып қызынғанда.

Кеңгірдің игеріліп кен байлығы,
Мыс қайнап, ақтарылды ен байлығы.
Жезқазған – жаңа қала бой көтеріп,
Шалқыды ел дәулеті, ел байлығы.

Аянбай арқалап ем азабын мың,
Дәл қазір осыны ойлап азалымын.
Боданға түсіп кетпей ел дәулеті,
Өзіне бұйырса екен қазағымның...

Қазына сақтап жүрген сұлтаныма,
Өзгенің түспесе екен ұлтанына.
Ұқыштап ала білсе, ризығы
Жетеді ұрпағымның ұрпағына.

ҚОШҚАРБАЙДЫҢ АСУЫ

Сейіл құрып, жер көріп, қарауыл сап,
Қос салт атты келеміз жолаушылап.
Қасым шалдың күреңі жортақтайды,
Тізгін сүзсе мен мінген жарау құла ат.



Майдың көркі маңайдан танылып тұр,
Көкорайға көк пен жер малынып тұр.
Үлпілдейді ақ қанат періштедей,
Тобылғының бүрінен жарылып гүл.

Тербетілген толқынға шағылып нұр,
Қамыс-қоға үкісін тағынып тұр.
Көк қынасын көмкеріп кеудесіне,
Көрі жартас көктемге табынып тұр.


Лбіп, жылжып келеміз жоғарыға,
Ат тұяғы ілікті Обалыға.
Пана болар тіріге тұлдыры жоқ,
Мына таудың кім қалған обалына?

Найза тастар аспанды шанышады,
Құс та мұнда кіре алмай, өрі ұшады.
Құзарлардың шекесін күн қуырып,
Бұлт бауырлап, бүйірден жанышады.

Жалаң кеуде қайқиған төсі биік,
Аталыпты Қошқарбай осы биік.
Дәл түбінен қара су сығалайды,
Өлі жанның көзіндей тесірейіп.

Жұмақ кейін қалыпты, мынау – тамұқ,
Өлі тау бұл, өтіп көр, сынауы анық.
Терісаққанның бойынан тап мынадай
Сүреңсіз жер таппассың сұрау салып.

...Үндемейді несие шал асылы,
Шаршатты ма шатқалдың тар асуы?
Тіл қатты тек төменнен көрінгенде
Қошқарбайдың әйгілі қара суы.



– Туған жер-ай, салтыңа берік-ақпыз,
Дәмің айдап төсіңе келіп қаппыз.
Қошекемнің асуы-ай, ат қансорпа,
Өзіміз де қалжырап, өліп қаппыз.

Е-е, ол күннің қалды ғой ауылы әрі,
Әлі ойласам, жүрегім ауырады.
Бір әңгіме айтайын, аунап түссін
Мына жатқан атаның аруағы.

«Батыр аңғал» дегенде жан бар екен,
Батыр баба Қошқарбай аңғал екен.
Қалауынша батырға жер-су сыйлау
Ел ішінде сол кезде заң бар екен.

Қоныс та мол құйқалы, өріс те кең,
Елден батыр еншісін бөліспеген.
Құрметіне лайық үлесі бар,
Халқы біліп, сый тартса, теріс пе екен?!

Сол заманда Арғынның арасынан,
Қабыландай ширығып, аласұрған.
Паң даланың майталман, ардагері
Жанайдардың Мейрамы – аға сұлтан.

Малы сыймай ол кезде өрісіне,
Жер-су дауы көп екен ел ішінде.
Жаз жайлауға таласып бір-екі ата,
Келмей жүрген шағы екен келісімге.

Сұлтанның да жараспай жүр әуені,
Батырына жер таппай бір мәуелі.
Қанша ойланса, манағы жалаңаш тау
Көз алдына келеді ең әуелі.



Қошқарбайды шақыртып сұлтан Мейрам,
Әдейілеп ақыры қылған мейман.
Ат мінгізіп, жүрерде депті:
– Ал, батыр,
Жер, суың бар жіп тастар, ойлан, қай маң?

Еңсем биік сен өтсең төрге қарай,
Пана болған батыр ең елге талай.
Қарауылға көрінер үш күндік жер,
Мына адырды сыйласам, жөн бе, қалай?

Қайран сабаз, батыр-ай, ардақты ерім,
Бастың қамын пенде боп аңдап па едің?
Депті мәз боп баладай:
– Ой, Мейреке-ау,
Сол биікті өзім де таңдап келдім.

Жайлау да мол батырда, өріс те кең,
Бергенді алса өкпесіз, теріс пе екен?
Ірілігі танылып тұрған жоқ па
Аңғалдықтың өзінен сол істеген.

...Шалың жетік көне сөз, көп есімге,
Арғы-бергі шежіре көбі есінде.
Өңгіменің алданып қызығына,
Әлі отырмыз адырдың төбесінде.

Қызыл жалқын бояуын ілестіріп,
Қырдан құлап барады күн кешкіріп.
Қолтығынан жел соққан жартастардан
Бабалардың тұрғандай үні естіліп.



МҮМКІН ЕМЕС

*«1937 жылы қыркүйек айының 24-жұлдызында,
жексенбі күні көз алдымызда, тал тұсте НКВД-ның
төрт адамы қоршап, Сәкенді үйден алып шығып кетті».
Сәкеннің кенже інісі Мәжиттің естелігінен*


Нар кеудеде тулайды сезім-тұлпар,
Табылар ма тірі жан сөзін құптар?
Қаумалаған құзғындай төрт жендетпен
Келе жатыр ілесіп Қызыл Сұңқар.

Қайтіп қана өзегі бүлкілдемес,
Бар үміті секілді бір күнгі елес.
Өз қолынан орнатқан үкіметі
Өзіне жау болуы мүмкін емес.

Мүмкін емес жау шығу өзіне өзі,
Өз-өзінен кім, айтшы, безінеді?
Бұл дүние не болып бара жатыр,
Ет жүрегі соны ойлап езіледі.

Мүмкін емес, бәрі де байыпталар,
Ақиқатты халыққа жайып салар.
Жаз шыққандай жарқ етіп аспан асты,
Көңілдегі көк мұнар ғайып болар.

Мүмкін емес бәрі де, мүмкін емес,
Бекер бәрі осының бір күнгі елес.
Болмашыға не керек пенде болып,
Пенделікке қалайша күлкің келмес?



Әділет бар, достар бар сөзін құптар,
Шыда, шыда, сыр берме, сезім-тұлпар.
Қаумалаған құзғындай төрт жендетке
Келе жатыр ілесіп Қызыл Сұңқар...

* * *

Күркіреген қызыл от жарым әлем,
Жалынсыздар сүйрейді жанын өрең.
Қанатымен сабалап қызыл отты,
Шарпысады мұзбалақ жалынменен.

Көк жалынды көтеріп қанатына,
От ішінде ойнайды дара тұлға.
Себелеген ұшқынға кеуде тосып,
Масайрайды шомылып дала нұрға.


* * *

Күнге керіп кеудесін көк төбелер,
Көктем лебі қалмады өппеген жер.
Бүлдіршіндей жасанған дүниені
Әлдилейді анадай көк пенен жер.

– Тамаша екен, шіркін-ай, тамаша екен!
Туған жердің қиырсыз даласы-ай кең! –
Жұдырықтай жүрегі дүрсіл қағып,
Көз тігеді алысқа бала Сөкен.

Асыр салған кішкене тентегіне,
Қыр самалы өзге күй шертеді ме?
Шартарапқа шарқ ұрып бала қиял,
Қол созады ұмтылып ертеңіне.

Жасыл әлем, жарық күн, тылсым тірлік,
Тау мен дала масайрап тұр шын күліп.



Тас қорғанда отырған бала түйғын,
Көтерілді қияға дүр сілкініп...

* * *

– Ауылға ақын келді, ақын келді!
Ағайын, көрші-көлем, шақыр елді.
Жыр қылып айта жүрер бүгін думан,
Думанмен таң атады ақыр енді.

Оралып құрбы сөзі тіл үшіне,
Бойжеткен сығалайды үй ішіне.
Көрінсе таныс бейне көзіне бір,
Берердей не сұрасаң сүйіншіге.

Үзіктен бойжеткен қыз сығалайды,
Үздігіп, бір көргенше пыдамайды.
Қос жанар мөлт-мөлт етіп қараңғыда,
Күткендей бұлт ішінен шығар айды.

Шарлайды шартарапты ақыл-зерде,
Шіркін-ай, ақын дер ме, батыр дер ме!
Жарқырап кең маңдайы қарсы қарап,
Жігіттің падишасы отыр төрде.

Күмәні, қуанышы – бәрі ішінде,
Жас ару жауаңдайды үй ішіне.
– Құдай-ау сол екен ғой, сол екен ғой,
Құрбыжан, керегіңді ал сүйіншіге!

Мүлгіген селт еткізіп түн-түнекті,
Көмейден күміс күлкі сыңғыр етті.
Бейкүнә қуанышын бойжеткеннің
Жаңғыртып қырда жартас күмбірлетті...

Жарасқан салтанаты,
Сал Сәкен, сері Сәкен.
Аңыз боп қалған аты,
Заманның ері Сәкен.

Ел аман, аман жырың,
Арқалан, ақын Сәкен.
Қазағың саған бүгін
Той жасап жатыр, Сәкен.


Сыңғырлап дәуір сазы,
Көгімде қалқиды үнің.
Даламның дауылпазы,
Асқақта, ақиығым!

ӘМІРШІНІҢ БЕЛГІСІ

Қол бастап жер қайысқан ағыл-тегіл,
Өтіпті Ұлытаудан Әмір Темір.
Жатыпты шатыр тігіп ұнаған соң,
Жұмақтай жанға шипа тәуір өңір.

Жағалай көк майсаға көмкерілген,
Шарлапты әрі-бері өлкені кең.
Шығыпты бір төбеге бөктердегі,
Кеседей кішігірім төңкерілген.

Құлпырып қыр менен ой гүл-гүл жайнап,
Арбайды мың бояумен тілді байлап.
Өн бойды ұйытады сұлу өнге,
Жылғаның ар жағынан бұлбұл сайрап.



Шырмалып көк арша мен қызыл жыңғыл,
Жартасқа жабысады құжыр-құжыр.
Мойнына оратылып мұзарттардың,
Тоқымдай торғын бұлттың үзігі жүр.

Сипалап боз жусанды белестегі,
Самала сахарадан жел еседі.
Құдай-ау, мына көркі дүниенің
Әлде шын, әлде ғажап елес пе еді?!


Пыр етіп тас түбінен қара құры,
Тасадан үрке қашты бала бұғы.
Тарғыл тау, аң мен құсы өріп жүрген,
Ерекше көрінеді даралығы.

Сауыры сары теңбіл қаймақтанған,
Жас елік тасқа шықты ойнап қана.
Садағын оңтайлаған нөкеріне
Әмірші қол көтерді жайлап қана.

Шаңқылдап тас төбеде тау қыраны,
Қалықтап, көкті кезіп шарқ ұрады.
Көрмесін, көрмесін де сорлы елікті,
Шүйілсе-ақ, түскен жерін қан қылады.

Сорғалап әрмен асты көк тағысы,
Келді ме ол да өз салтын сақтағысы?
Бөрі емес, мына лақты қайте қойсын
Тау-тастың қанды балақ мақтанышы.

Ілесіп қыранменен көңілі көкте,
Әмірші көз салады төңірекке.
– Аман бол, ей, Ұлытау, жер шоқтығы,
Уақытым келе алмадым кеңіректе.



Дәру боп саумал ауа, салқын бұлақ,
Саяңда жаттым біраз аунап-қунап.
Жол түсіп Тоқтамысқа жүріп барам,
Төсіңнен аттанайын аруақ қолдап.

Ешбір тау иығыңа теңеспейді,
Кім батып сені ұлы емес дейді?
Шежіре-құздарыңды араласам,
Көзіме Қазығұртым елестейді.

Әмірші тізе бүгіп төуеп етті,
Жүрерде тағы бір күн сауық етті.
Төбеге өзі тұрған тас қашатып,
Үйгізіп белгі-қорған салып кетті.


Бойұсынып мезгіл атты төрешіге,
Көнерді талай тарих ел есінде.
Міз бақпай сол құлпытас әлі де тұр
Жотаның жел тоздырған төбесінде.

ӨЛЕҢ АТТЫ ҚҰДІРЕТ

Туа біткен сый еді,
Қайырлы таң тұр тілеп.
Қолдай көрсін киелі
Өлең атты құдірет.

Аталардан аманат,
Аманбысың, арда жыр!
Ұландарға – ұлағат,
Ақындарға – арман жыр!

Есті сөзге елеңдер,
Қазақ едік баладай.



Көш басында – кемеңгер,
Жыр алыбы, дана Абай.

Тілек қылып тәу етер,
Сиынарым сен едің.
Талаптыға тәуекел,
Тәңіріме сенемін.

Көкжиегім, күлімде,
Қанат қақсын қырандар.
Ұлылардан бүгінде
Үлес алар ұлан бар.


Ақ қанат жыр-әнменен,
Шартарапты шарлайды.
Аталы сөз, арлы өлең
Абай көшін жалғайды.

ІЗІМ БАР

**1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбаны
Қайрат Рысқұлбековтің қалтасынан табылған соңғы хат**

Шуақ шашқан мөлтек күн,
Жылуыңа шөдеттің.
Талма түсте тамұққа
Қайтіп қана көнбекпін?

Аңыз болған жер-көкке,
Тамұқ деген – ертеке пе?
Қияметі қол ма екен
Мен сияқты тентекке?



Тентек емес, ерке едім,
Пейіш деуші ем ертеңім.
Бүлдіршіндей бұлғақтап,
Өсер дегем өркенім.

Албырттығым анық-тын,
Қасиеті халықтың.
Халыққа да қиянат
Болатынын жаңа ұқтым.

Сорын көрдім жігіттің,
Қорын көрдім ұлықтың.
Жалтақ екен бәріне
Сөз ұғатын біліктім.

Қарау екен сенгенім,
Қапас екен көнгенім.
Өңсіз тірлік, өлі күн,
Елдікке – сын, ерге – мін.

Құр жұбаныш көңілге,
Отсыз өмір – өмір ме?
Еркек емес, ез болсаң,
Отыра қап еңіре.

Абырой не әкім боп,
Атағы не батыр боп?
Халық үшін от баспай,
Жан сақтауға хақым жоқ.

Ақталды ма парызым,
Айтар ұрпақ аңызын.
Желтоқсанның мұзында
Менің басқан бар ізім.



ӨЛЕҢ-ЖЫРДЫҢ СҰҢҚАРЫ

Халық ақыны Ыбырахым Баймолдаұлының
110 жылдық тойына

Гауһардай жар төгейін тойда бүгін,
Бүлкілде, бүлбүл көмей, сайра, тілім.
Шарықта, шағала-өлең, шалқы, шабыт,
Хақым бар аталы сөз айтатұғын.

Дәл бүгін мерейімнің өскені анық,
Өлгенім тірілді ғой, өшкен жанып.
Әйгілі бабамыздың асын беріп,
Жатырмыз құрмет қылып, еске алып.


Күә еді қоңыр төбе, қырқа мына,
Ақиық өлең-жырдың сұңқарына.
Өзі де білгені ғой өлмейтінін,
Өлмейтін сөз қалдырып ұрпағына.

Шарласын Сарыарқаны үнім дара,
Сырнайлап қосыл өнге, сұлу дала.
Рухы риза боп мына тойға,
Орнынан аунап түссін ұлы баба.

АҚҚУМЕНЕН ҮНІҢДІ ТАЛАСТЫРҒАН

Мұқағали Мақатаевқа

Қанша оқысам, құмарым бір басылмай,
Жырларыңды жаттадым сырласымдай.
Айтып-айтып кетіпсің армансыз-ақ,
Жүрегіңнің түбіне кір жасырмай.



Құдайға да мойныңды имес тегін,
Мәрт болмасаң, осынша сүймес те едім.
Оқимын да жырыңды көкірегім
Қарс айрылған сияқты күй кешемін.

Тағысы едің тау-тастың менменсіген,
Жәбір көрдің тор құрған өрмекшіден.
Өсек сөздің ілініп өрмегіне,
Күндеріңе күйінем дөңбекшіген.

Жығылып та үлгердің, сүрініп те,
Жаманатқа не түрлі ілініп те.
Қолға түскен қырандай қапаланып,
Жанбай қойды бақытың тірілікте.


Аққуменен үніңді таластырған,
Ақын едің тынымсыз аласұрған.
Қадіріңді, қайтейін, кейін ұқты
Кейбіреулер өзінше дарасынған...

ЗАМАНБЕК

Заманыңда атанып ең Заманбек,
Ел-жұртыңа жігіт едің бағаң көп.
Алшаң басып, арсалаңдап жүруші ең,
Ақиқаттан абырой, бақ табам деп.

Атанып ең асқар таудай Заманбек,
Қуанып ең «Туды, міне, заман» деп.
Бетің бар деп, жүзің бар деп қарамай,
Қаққа бөліп қара қылды жарам деп.

Халқың үшін жүруші едің алаң боп,
Қажет қылса, ханға тура барам деп.



Аққа қара жұқтырмаймын деуші едің,
Жер үстінде жүрер болсам аман тек.

Үлкенге іні, қамқор едің кішіге,
Сенімді едің жігеріңе, күшіңе.
Қайран бар ма қапылыста оқ атса,
Бармақ бүккен Жантықтардың ісіне...

Торығандар төр мен есік арасын,
Жаба алмайды нұрлы әлемге жаласын.
Заманыңның тұлғасы едің сен де бір,
Сол биікте Заманбек боп қаласың.

ЖЫРҒА ҚҰМАР КЕНШІ ДЕГЕН ХАЛЫҚПЫЗ


Фариза Оңғарсыноваға

Шұғыласын себелейді сері күн,
Ізет-құрмет, қонақкәде – серігім.
Құтты келдің кенді өлкеге лайым,
Төрле, төрле, ақын қызы елімнің!

Дәстүріне бабалардың қанықпыз,
Ата қазақ әулетіміз анық біз.
Шахталарда жақұт терген жалықпай,
Жырға құмар кенші деген халықпыз.

Құрыш қуат, жаны жалын от өрген,
Бақытымыз маңдай термен өтелген.
Кенші деген ел боламыз сауыққой,
Ақындарын аспанына көтерген.

Сырлы ғалам, сұлу өлке, жыр елі,
Ақындармен бірге кенші жүрегі.



Шын ақынға шахтада да тілектес
Кен құлатқан кенді өлкенің түлегі.

Төрін берген тектісіне халқымыз,
Жақсы дәстүр, жалғасады салтымыз.
Өлпештеген дара қызы елімнің,
Дарының мен қайратыңа төнтіміз.

ХАМИТ АҚЫННЫҢ ҚАДІРІ


Сұлу Көкше кімдерді тамсантаған,
Бір көрмесем жылына аңсап қалам.
Қызмет пен тұрмыстың күйбеңінен,
Бір ай жатып, биыл да жан сақтағам.

Жүрер жастан кеткенбіз желік тілеп,
Алаңсыз бір тынығу – менікі тек.
Сондай күннің бірінде Бұрабайға
Ғафу ақын естідік келіпті деп.

Үздіктірген бір сиқыр – өлең деген,
Кірпік қақпай таң атты елеңдеумен.
Түскен үйін ақыры іздеп барып,
Ертесіне ақынға сәлем бергем.

Поэзия көшінің қара нары,
Шау тартқаны, байқаймын, шамалы әлі.
Жыр бөйгеде алдына қара салмай,
Желмаядай көсілген дара шағы.

Өңгімесі жарасқан, көңілдері,
Өзі тұстас үлкен топ төңірегі.



Ғафу ақын ортада оқшауланып,
Оқжетпестей көзге ыстық көрінеді.

Қол алысып болған соң құтты қонақ
Ықыласпен өңіме шықты қарап.
Орын нұсқап, көрсетіп өз қасынан:
– Айтшы, – деді, – жөніңді, кімсің, қарақ?

Атымды атап жатырмын, есімімді;
Ақын ағам мені де десін ірі.
– Ініңіз ем дәмелі мен де өлеңнен,
Жезқазғандық мысшымын осы күні.

– Пәлі, қарақ! Мынауың дұрыс екен,
Есен бар ма мысты аймақ, ырысты өлкең?
Сәкен жүрген, кешегі Баубек өскен
Арқа елін мен өзім туыс көрем.

Қаныш ағам тау-тасын аралаған,
Кенді өңірдің думаны тарاماған.
Жерлестерің Жаманов Хамит ақын,
Ол да досым, орыны дара маған.

Жылдар жылжып өтті ғой, айлар ағып,
Бес жыл бірге оқып ек жайраң қағып.
Алматыға ән-жырын ала келген
Ақын еді дарынды жаңаарқалық.

Көп айтайын ол жайдың несін енді,
Елге оралды, қалдырып досым мені.
Өлеңдерін бүгін де оқып жүрем,
Құлагердей баяғы көсілгені.

Арыла алмай өткеннің суретінен,
Ғафаң сырын ақтарды ретімен.



Мен Хамитты бетпе-бет көрмесем де,
Абайсызда деп қалдым:
– Білетін ем...

– Пәлі, пәлі! Мінеки, міне, жігіт,
Табыстым ғой туыспен жүрек біліп.
Кел, ендеше, өзімнің інім болдың,
Сыйласуға жарайтын ізет қылып.

Мақтаныштан қанатсыз ұшамын ба,
Сұңгіп кеттім ашылған құшағына.
Төбем көкке тимей тұр екі-ақ елі,
Оқжетпестің шыққандай ұшарына.

Көкірегім қуаныш ала құйын,
Оянғандай ұйқымнан дара күйім.
Айналайын атыңнан Хамит ақын,
Қадірінді мен сенің жаңа білдім.

Асылымды қолдағы тани алмай,
Жүр екем ғой жер басып, әлі ұялмай.
Қайран ақын, аяулы қайран аға,
Жүрегі – жыр, көңілі дариядай,
Жүр екем ғой, жүр екем тани алмай.

Бурабайдың жұтқандай таң самалын,
Жырыңды оқып әлі сан тамсанармын.
Зор мақтаныш екен ғой көрмесем де,
Бар екені өзіңдей жақсы ағаның.



ҚАЙРАН ДОСЫМ!

(Ардагер сыры)

*Қан майданнан жалғыз аяқпен оралған
қарт жауынгер Кәрібай Найманбеуының
журналистермен сұхбатынан*


Ырзамын ілтнпатқа, марапатқа,
Қанағат көрген құрмет, бар атаққа.
Мен бе жалғыз дұшпаннан кек қайырған,
Ел басына күн туған алапатта?

Тәубе, тәубе, қалды ғой нәубет кейін,
Несін айтып өзімді әуре етейін.
Жауға берген міндетсіп жамбасымды,
Тәрден орын, бауырым, дәметпеймін.

Мені жұрттан бөлекше дәріптеме,
Жазба атымды дәріштеп «Әліппеге».
Қанша боздақ қайтпады қан майданнан,
Әне, соның аттарын таныт елге.

Еске түссе, әлі күн өкінемін,
Соны айтсам деп манадан отыр едім.
Қайран досым мерт болған көз алдымда,
Қапияда оқ тесіп көкірегін.

Көз алдымда қиылып қыршын арман,
Ет жүрегім жаншылып құр жылағам.
Төңіректі сел қылып қара жаңбыр,
Меніменен қосылып түн жылаған.



Өткен өмір айналып өз алдына,
Тіршіліктің жүрміз ғой базарында.
Төрге жұртым шығарса мені бүгін,
Қайран досым тұрады көз алдымда.

ТАҒЗЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

**Ұлы Отан соғысының ардагері, Сәтбаев қаласының
Құрметті азаматы Байбосынов Шермұхамбет ағамыздың
«Тағзым мен Тағылым» кітабының тұсаукесеріне**

Жауды жеңіп елге оралған ер ағам,
Сыр шертеді жеңіс жайлы Шерағаң.
Ет жүрегі елжірейді үзіліп,
Мынау күнге халқы тыныш, ел аман.

Барға – тағылым, жоққа жасап тағзымын,
Айтып берді ақиқат пен аңызын.
Ізсіз кеткен сан ғұмырды айғақтап,
Ақтай білді ел алдында парызын.

Ертегідей өткен күннің бәрі ыстық,
Қиын шақта қанша жылап қан іштік.
Тауқыметте тірек болған ұлтына
Бабалармен, бауырлармен қауыштық.

Жүрегінің жарқыратқан жалынын,
Талай-талай тау тұлғаны таныдым.
Бәрі осының – Шерағамыз шерткен сыр,
Елге – мұра, ұрпағына – тағылым.



ШЕПТІ БҰЗҒАН СЕМСЕРІМ

**Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері,
қарт майдангер Әбдірахман Ербосыновқа**

Ерлік жолың еліңе аян, ұлға – аңыз,
Азаттықтың айғағындай тұлғаңыз.
Сыздатады әлі күнге кеуденді
Соғыс жылдың сұрапылы салған із.

Заманақыр осы екен ғой жердегі,
Қан майданда қан мен терің селдеді.
Құтырған жау кеш ұғынды алапат
Күш-қуаттың құдіретін сендегі.

Намысыңды қайрап алып кекпенен,
Оққа кірдің, отқа оранып өртпенен.
Жеңіс жолын жақындатам деп жүріп,
Қиямет жоқ сен көтеріп өтпеген.

Беті қайтып ішке қатқан беріштің,
Бүгін – шуақ жылытқан күн жер үстін!
Қуанышты хабар келіп майданнан,
Көктем күні – жеткен күні Жеңістің!

Бұл – мереке гүл мен десте өрілген,
Бұл – қуаныш жанардан жас төгілген.
Бүгін – думан, Ұлы Жеңіс күні бұл,
Ән әуелеп, күй шалқыған көңілден.

Беу, Әбеке, шепті бұзған семсерім,
Биіктесін бүгін тойда еңсең мың.
Мына халқың төбесіне көтеріп,
Бас иеді ерлігіңе ел сенің!



КӘКІМБЕК АҒА ЖЫРЛАҒАН

Көрмеген жанға көз күйік,
Көкше мен Ұлытау – қос биік.
Көліне қонып аққуы,
Қырында жортқан жезкиік.

Төрінен күліп таң ғана,
Төгіліп тұрған ән дала.
Қыранға мекен қия шың
Қарайды көкке паңдана.

Құйылған көктен нұр қандай!
Шұғылаға шөлім тұр қанбай.
Сонау бір көне төбелер
Шежіре шертіп тұрғандай.

Тыңдатып таңға тәтті үнін,
Дүние түгел шат бүгін.
Балапан қаздай мамырлап,
Естілді өні «Гөккудің».

Иіліп әсем қыз-қайың,
Билеуге желмен тұр дайын.
Тайжекем құлаш жайғандай,
Күлдіріп сақ-сақ сырнайын.

Малынып арай сөулемен,
Үздігіп өнге өуре әлем.
Аспанның асты – ақ шуақ,
Сарыарқа төсі – сырлы өуен.

Қиялға қиял қосыл да,
Қызықта, көңіл, тосылма.

Пейіште ғана бар дейтін
Сұлулық деген осы да!

Көрмесем қайтіп жүре алам,
Сағынсам тағы мың барам.
Ұлытау мен Көкше – қос биік,
Көкімбек аға жырлаған.

Бірінің Ұлар – аңызы,
Батагөй бірі – жаны ізгі.
Көкше мен Ұлытау – қос алып,
Нағашы-жиен төрізді.


ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛЫ ЕДІҢ

Қуаныш Ахметовтің рухына

Бұл жалғанға не дерсің мына қысқа,
Өтіп кетті өмірден Қуаныш та.
Қаламының қарымын халқы танып,
Кемел шағы жігіттің туған тұста.

Ұлытауды ұлтымның ұраны деп,
Жырға қосып жүруші ең қыранын тек.
Қарт Ұлытау қайғыдан теңселіп тұр,
Қайда кетіп барасың ұланым деп.

Көне жартас қайысып күңіренді,
Өшкен күнге ілесіп іңір енді.
«Ұлытауым» деп тер төккен ұлын жоқтап,
Кәрі шыңның жотасы бүгіледі.



Аты әйгілі, арыстай бабаларым,
Бабаларым, кемеңгер даналарым
Желеп-жебеп жәннатта жатқан болар
Бақи жаққа баз кешкен балаларын.

Қия тасы өкшеңді тілімдесе,
Мәз болушы ең сәбидей күні кеше.
Кіндік кескен Ырғызың қызғанбайтын,
Қарт Ұлытау елжіреп ұлым десе.

Ақын туса сөзі алтын, ақылы шың,
Тусын ұқсап өзіңе ақыры шын.
Ұлытаудай есімің бөріне ортақ,
Барша қазақ елінің ақынысың.


МУЗЕЙ АТА

**Аймағымызда музей ісінің негізін салушы,
өлкетанушы Сүтемген Бүкіровке**

Жақсыға жақ дейді ғой жалғыз Хақ та,
Қонады иесіне құт та, бақ та.
Сүтемген ағамызды халқы қалап,
Атады тірісінде «Музей ата».

Жан еді Қанекемнің көзін көрген,
Іні боп, ізет қылып көшіне ерген...
Сағынса сәлем жазып Жезқазғанға,
Академик Марғұлан досым деген.

Кісілігі тұратын жанарында,
Қиыс басқан кезі жоқ ар алдында.
Куәмін деп қуанып отыратын
Қаз басқан Қарсақбайдың қадамына.



Қыр асып қанша тарих озды өңірден,
Қанша дерек табылды көз көрмеген.
Көнелерді көтеріп күл астынан,
Соның бәрін тірілтті өз қолымен.

Қара таспен сөйлесті тілін тауып,
Қараңғыдан сыр тартты ығын танып.
Ғасырлардың ақтарып қалтарысын,
Көзін іліп, көрмепті тыным тауып.

Қалың жұрты куә боп тұрды ісіне,
Себеледі маңдай тер нұр үстіне.
Бәрі осының байрақты ел, байтақ өлке –
Туған жерін сүюдің үлгісі де!

Көңіл бүтін бүгінде, еркін елмін,
Тәуелсіздік төріме төкті лебін.
Том-том болып тізілген тарихыма
«Музей ата» риза деп білемін.

ҮЛГІ-ӨНЕГЕ – ЕҢБЕК ЖОЛЫ АРНАЛЫ

Мұзараф Ахановқа

Парасатпен пайымдаған әр ісін,
Қастерлеген қазағымның намысын.
Қиянатқа қарсы тұрып қаймықпай,
Арпалысқан ақиқат пен ар үшін.

Қиын шақта кір шалдырмай реңін,
Серік еткен сеніміне жігерін.
Елге төнген озбырлықтың өтіне
Қалқан қылып жұдырықтай жүрегін.

Ғұмыры мен өмірінің бар мәні:
Үлгі-өнеге – еңбек жолы арналы.
Мойымайтын, мұқалмайтын Мұзағаң –
Халқымыздың құрмет тұтқан ардағы.

ШАХТАМЫЗҒА КЕЛ, ҚОНАҚ!

№55 алып шахта озаттарын кеніш қонақтарына таныстыру


Төрле, қонақ, келдім деме қай күні,
Кеніш қой бұл бар аймаққа әйгілі.
Жердің асты – мыс-қазына, жез-қойма,
Забойларда жатыр тұнып байлығы.

Көңіл қойып кеншілердің назына,
Құлағың сал каретаның сазына.
Бұрғы ұшында бұрқырайды сары мыс,
Қарап тұрсаң, қара тасы – қазына.

Лава жақтан бір жылы леп еседі,
Бүгінгіге өлшем емес кешегі.
Думан кернеп забой ішін жаңғыртып,
Жез-дария – кен-керуен көшеді.

Құз құлатып, жартасты да уақтар,
Забойшының қимылында қуат бар.
Мақтаныштан масайраған өңінде
Өн бойыңды жылытатын шуақ бар.

От жүгірсе дәрі шпурға салынып,
Тау көшеді, жер сілкініп, жарылып.
Жаңғырығы Кремльге жетеді,
Мінбелерден аттары еске алынып.



Лава бойлап шарламайық алысқа,
Мына тұрған шамшырақтар таныс па?!
Шыңыраудан шығырмен кен жөнелтіп,
Жүлде алған кіл Одақтық жарыста.

ВДНХ-да атап өткен үлесін,
Садуақасов Төлеубайды білесің,
Қос орденді бұрғышының бір өзі –
Бір дастанға арқау болар ірі есім.


Бұрғы ұстаса бал бармағы ашылып,
Мыс ағызған, талқан қылып, тас үгіп.
Озаттар да ұстаз тұтқан майталман,
Қасыңда тұр бригадир Маслов.

Намыс қызса жанартаудай атылар,
Мың тонна кен беріп жүр шын батырлар.
Мыңшы Алексей Сергеевтің қолында
Министрден алған сыйлық, хаты бар.

Жақсы дәстүр – жақсылардың тілегі,
Жақсыбайды жақсы деп жұрт біледі.
Кәрі кенші Кәрібоз қарт – әкесі,
Әке-бала – бір кеніштің түлегі.

Әке – Ленин орденіне иегер,
Ұл – депутат, мақтауыңа сыяды ер.
Әке-бала – бір кеніштің ерлері,
Екеуін де жақсы көріп, сүйеді ел.

Маздақтарға ет жүрегім ериді,
Маздамаса көкіректе от кемиді.
Зейнепті айтсам абыройым асқақтап,
Кеңгірдің де көкжиегі кеңиді.



Төрле, қонақ, келдім деме қай күні,
Кенішім бар, міне, осындай әйгілі.
Ел ырысы – кен-қазына, жез-қойма,
Шыңырауда жатыр шалқып байлығы.

САҒЫНЫШ

Еңбек Ері Демберген Баймағанбетовке

Тау құлатып талай-талай кен берген,
Талай жұлде топты жарып өңгерген.
Ерлік жолын шежіре етіп шертеді
Елге әйгілі кенші ағамыз Демберген.

Алтын белгі кеудесінде – жұлдызы,
Айналасы мәре-сәре, ұл-қызы.
Кенші болып бәрі соның өзіндей,
Әке жолын жалғастырып жүр ізгі.

Көкірегі – шұғылалы жарық күн,
Батыр аға қартайған жоқ, өлі тың.
Жас жігіттей жайраң қағып жүргені,
Құрметінен қуат алып халықтың.

Шын қуанса шахта жайы – айтары,
Елі, жұрты, аман болсын байтағы.
Сағындым деп шахтерлермен қауышып,
Кеніштерді күнде аралап қайтады.



ЖАН АҒА, ЖАЛЫНЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН!

Ленин орденді әйгілі кенші
Естаев Тайғара ағамыз 70 жасқа толғанда

Тойында әйгілі аға Тайғараның
Қалайша жыр бастамай жай қаламын?!
От шарпып жетпісте де жарқыл қаққан,
Жан аға, жалыныңнан айналайын!

Асырып өуенімді айдан өрі,
Әнменен әлдилейін айналаны.
Мерейлі бүгін толған жетпісімен
Құттықтап батыр аға Тайғараны.


Күй төгіп қуанышқа көңіл арна,
Күмбірлеп, көмекейім, қоңыраула.
Айғақтап абыройын Тайағаның,
Топ жарып орден таққан омырауға.

Кіретін жамандардың тек түсіне,
Тәңірім бақ сыйлады тектісіне.
Тайаға, өнегелі ғұмыр кештің,
Тағы да бір жетпіс қос жетпісіңе!

ЖӘЙРЕМ ДЕСЕ...

Садық Асатовқа

Жанарлары жалын сеуіп, ұшқындап,
Тұла бойы – тұнып тұрған күш-қуат.
«Жәйремді біз жайнатамыз», – деуші еді,
Садық аға екі қолын ысқылап.



Жәйрем десе алабөтен нұрланып,
Құрлыс жаққа қайтушы еді бір барып.
Көркін көріп салып жатқан көшенің,
Көмейінен кететұғын жыр тамып.

Жанын тербеп қайнап жатқан тіршілік,
Жәйрем десе кетуші еді құлшынып.
Жас қаланың бақытына масайрап,
Қуанатын желек жайса бір шыбық.

Жәйрем, Жәйрем!
Жәйрем еді арманы,
Ғұмырының бар қызығы, бар мәні.
Тұтанды да найзағайдай жарқ етіп,
Қайран өмір өте шықты арналы.


Жасын жырлар жалын шашып ғаламға,
Аманат боп тарап кетті ғаламға.
Оты өшпейді қазыналы Жәйремнің,
Сен тірісің халқың барда, жан Аға!

КЕНДІ ӨЛКЕНІҢ ҚЫРАНЫ

Руслан Борисович Юнге

Ұрпақ үні

Туған өлке, мен – өзіңнің ұлыңмын,
Шомылдырдың шуағына нұрыңның.
Көк майсаңда күндіз-түні шапқылап,
Жұпарыңнан жұтушы едім гүліңнің.



Сенде тудым, сенен ғана жаралдым,
Топырағыңнан шырын жұтып, нәр алдым.
Сенің шексіз жазираңда ержетіп,
Сырын ұқтым мына шалқар ғаламның.


Шыбығың ем шалғыныңда тербелген,
Терек болдым күн қақтаған, жел көрген.
Еркең едім маңдайымнан сипаған,
Жігіт болдым тізгін ұстап, ел көрген.

Кейін қалып кешегі албырт шақтарым,
Міне, бүгін ел ағасы шақтамын.
Перзенттік парызымды алдыңда,
О, туған жер, қайтсем ғана ақтармын?!

Шыға білсем сеніміңнен – дәреже,
Үмітім бар менің де үлкен мәреде.
Еңбек етіп, елім үшін тер төгіп,
Арманым жоқ жарай алсам кәдеңе.

Самғау

Туған жері – тірегі,
Жүрегінде – ұлы елі,
Қанат қақты қияға
Кенді өлкенің түлегі.
Ардақ тұтқан арысын,
Ізін жалғап Қаныштың.
Ажырамас ұлы еді,
Ел-жұртымен тілегі.



БІНтықтырып ғаламға,
Үкілеген үміт нұр,
Кемеңгер шақ, кемел ой
Келбетінде тұнып тұр.
Ақылға сай дарыны,
Тау жыққандай арыны.
Арыстаны ішінде
Арпалысқан жігіт бұл.

Найза шыңдар, нар таулар
Жігер отын қамшылап,
Алдан тосып алады
«Арман» атты шамшырақ.
Бір биіктен – бір биік,
Заңғарларға шақырып,
Қолын бұлғап тұрғаны
Бақыт деген бал-шуақ.

Өз Отаны, өз елі –
Өмірінің өзегі.
Алтын бесік – туған жер
Берекеңнің көзі еді.
Кен-дария, жез-мұхит –
Ризығы халықтың.
Шалқы, шалқы, сарқылмас
Брыс-байлық өзені!

Айғағы боп алаштың,
Асқақтай бер ұраны.
Кемеңгер ұл құлшынып,
Көшін бастап жүр, өні.
Жарқырасын азат күн
Бақытына қазақтың.
Самға, самға сен-дағы,
Кенді өлкенің қыраны.



Ата аманаты

Бет түзедің белеске, елім, бүгін,
Ұрпақтарым, сендерге сенімдімін.
Құдай деген қашаннан қазақ едім,
Жеткені де Тәңірге менің де үнім.

Тілеуқор боп алдында тұрам дара,
Өздеріңе аманат – ұлан дала.
Мынау байтақ-кең өлке, құзар шыңдар,
Қалықтаған көгінде қыран ғана!

Қиын, қиын білемін жол жатқанын,
Дәстүріңді ешкімге қорлатпағын.
Елім, жұртым дегенің анық болса,
Ердің жүгін арқала ортақ бәрің.

Салтың сақтап, сыйласып жүргейсіңдер,
Көппен ғана көгеріп, гүлдейсіңдер.
Абзал жүрек, ақ ниет азаматым,
Отан-ана алдында бірдейсіңдер.

Құлқын үшін көрсетпе тірлігіңді,
Қастерлеңдер шат ғұмыр, нұрлы күнді.
Түгендемей тұр-түсің, нәсіліңді,
Бір кісідей сақтай біл бірлігіңді.

Жұлдыз жанса жарқырап оты жалын,
Мың төубе қып Тәңірге отырмын.
Пәле-жала, жаманат, жат пиғылдан
Сақта, Құдай, қазақтың топырағын!



Жез мұхиттың желкені

Өткіздік қой талай-талай қиынды,
Талай нәсер төбемізге түйілді,
Жапырылып не бір емен иілді,
Жалыны өшіп не бір үміт қиылды.

Жол таба алмай өндіріске тиімді,
Не бір мықты шерменде боп күйінді.
Алшы түскен сақасындай құлжаның,
Сонда көрдік көш бастаған Юнді.

Қалт кетпейді, халық сөзі сыйымды,
Риза боп Юнге ел сүйінді.
Тік тұрғызып суға кеткен кемеңі,
«Қазақмысты» жолға салды тиімді.
Жез-мұхиттың даңқы тарап жер-көкке,
Желкен жайып шарлап кетті қиырды.

Тағдыр өзі жаратқан өзі соң ірі қып,
Жараса ма оған өзге тірілік?!
Ұлы көшке кішісі де үн қосып,
Жалғастырды өз үлесін інілік.

Мысты өлкенің міне дерлік мақтаны,
Аға-іні ел сенімін ақтады.
Жұлдыздары жұбын жазбай көкке өрлеп,
Жайсаң елдің жарқырасын ақ таңы!



БАТЫР МҰҚАШ

**«Достық» орденінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің
және 2, 3-дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгілерінің
иегері Мұханбедия Бимағанбетовке**

Бұрқыратып бұрғы салған кенге мол,
Кеншісі едің заманыңның сен де зор.
Армандарың асқақ еді қашаннан,
Сол биіктен төмендеме, төрде бол.

Асқақ еді армандарың, білемін,
Таудан, тастан тайсалмайтын жүрегің.
Қара тасты қақ айырып жеті қат,
Қатпар-қатпар қазынасын күредің.

Сертіңе адал, асыл еді мұратың,
Жез-дария жанарыңда тұнатын.
Салтанатты сарайларда көш бастап,
Көрмелерде сенің бейнең тұратын.

Өршеленсең, өрмеледі өрге ісің,
Ерліктерің айғақ еді елге шын.
Қосылар деп кеудең тола орденге,
Күтіп жүрдік «Еңбек Ері» белгісін.

Бұршақтаған маңдай терге бақ та еріп,
Көп күттірген қуанышты сәт келіп,
Дүркіретіп тойлаймыз деп жүргенде,
Заман шіркін шыр айналды жалт беріп.

Кез килігіп қас қағымда осылай,
Тоқырауға тоғытылды, досым-ай.



Өүпірім деп, Азат Ел боп әйтеуір,
Тығырықтан шығып кеттік тосылмай.

Жас та ұлғайды, жаратылыс заңы – бұл,
Тыным тауып көрген жоқсың әлі бір.
«Алтын Жұлдыз» алмасаң да ел сені
Батыр Мұқаш атап кетті бәрібір.

ШАХТАДА ЗАБОЙ ШАРЛАП, ЖАҚҰТ ТЕРГЕН


**Байырғы кенші, Оңтүстік Жезқазған кенішінің
еңбек ардагері Аманкелді Бакаровка**

Шақырып жолдас-жора, тамам елді,
Той жасап жатыр бүгін Аманкелді.
Әбекең кеше ғана кен қопарған,
Әйгілі 65-тің маманы еді.

Жүретұғын жүгіріп таппай тыным,
Бар кеніш, маман осы мақтайтұғын.
Ақтарып ішек-бауырын ПМЗШ-ның,
Жөндемесе бойына ас батпайтұғын.

Ала ма, алмай ма екен үйді есіне,
Кіл шпур сіңіп кеткен зердесіне.
Әлдебір техника ақау алса,
Шықпайды шахта астынан сүйресе де.

Досқа да, жолдасқа да емін-еркін,
Ақ пейіл, адал сөзге семіретін.
Жадырап жаны қалмай әзіл айтса,
Жүрегі аузын апса көрінетін.



Шынымен шындайды екен уақыт ерді,
Елу жыл забой шарлап, жақұт терді.
Шалқыды дәулет тасып, әулеті өсіп,
Жігіттер, осы емес пе бақыт, тегі?!

Қылау жоқ риясыз көңілінде,
Разы ыстық-суық өміріне.
Мінгізіп жетпіс деген желмаяға,
Құрметтеп жатыр бүгін елі, міне.

Әбеке, дәурен тарқап басылғанша,
Алланың өзі берген жасын жаса.
Қоңыр қаздай жарасқан қосағыңыз
Ғалиямен екеуің ғасыр жаса!


Бақытын ұрпағыңның бірге көріп,
Жайқалыңдар орман боп өсіп-өніп.
Шөпшегіңнің қолынан су ішкенде,
Тамашалап тұрайын мен де келіп!

КЕНШІЛЕР ӘУЛЕТІ

**«Кенші даңқы» төсбелгісінің толық негері
Жақсылық Кәрібозовқа**

Жақсылық жайлы біледі ел
Халқына сыйлы кенші деп.
Кеншілік – бұған мұрагер,
Әкеден алған еншілеп.

Кәрібоз қарттың әйгілі
Ерлігі елдің есінде.



Жүретін бермей бәйгені,
Жүлдегерлердің көшінде.

Жарқырап Ленин ордені,
Көркі боп Құрмет тақтаның.
Әке мен бала ерледі,
Қопарып мысын шахтаның.

Еңбегің жанса сый ерер,
Еленіп ісің халқыңа.
Жақсылық бүгін иегер
Үш бірдей «Кенші даңқына».

Атаның туын жүр жықпай,
Немерелер де еншілеп.
Базарбай менен Бүркітбай
Топ жарды дүлдүл кенші боп.

Кеншілер кілең – бұл әулет,
Құт емей енді немене?
Әулеттің жолын қуам деп,
Іңгәлап жатыр шөбере.

Еселеп артсын ырыс-бақ,
Тәуелсіз елдің дәулеті.
Бабалар даңқын нық ұстап,
Жасай бер, кенші әулеті!



ҚҰРМЕТ

Әмірбек Шегірбаев «Құрмет» орденін алғанда

Еленгенсің ежелден-ақ елге сен,
Елің, жұртың қол соқты сен ерлесен.
Талай-талай тік тұрғызып шахтаны,
Сүйреледің өндірісті өрге сен.

Атқарылып абыройлы көп істер,
Алынды асу, жасалды зор жеңістер.
Сен басқарып барған шахта топ бастап,
Алға шықты тұралаған кеніштер.

Дүбірлетіп туған жерді қарқынын,
Кенін аршып, қазынасын қалқыдың.
Тарихқа дастан болып жазылды
Ерлік толы еңбек жолың, әр күнің.

Абырой-сый – ол да өзінше бір байлық,
Бәрінен де үлкен байлық – бұл байлық.
Қандай құрмет көрсең-дағы халқыңнан,
Сенің ерлік өміріңе лайық.

Өзің жайлы төгіледі жыр да еркін,
Күлімсіреп бұрды тағы күн бетін.
Ел-жұртыңның ықыласы бұл саған,
Құтты болсын бүгінгі алған «Құрметің».



БЕРІК БОЛ, АҒА!

**Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы
Бозтай Аяпбергеновке, ұлы Аман қайтқанда**

Аңызға қайтпай тұр әлі,
Толқынды толқын қуады.
Үкілі құрақ үлбіреп,
Үзіліп көлге құлады.

Қас қағым сәтке жаралған,
Үзілген үміт – ән-арман.
Жағаға түскен көп моншақ
Жас па екен тамған жанардан?

Малшынып сәтте көк пен жер,
Найзағай ойнап, от көшер.
Өксігі желдің басылсын,
Шелектеп тағы төк нөсер.

Өксіген жел ме, аза ма?
Жер менен көкті мазала.
Үзілген үкі – гүл-ғұмыр,
Араша кім бар қазаға?!
Араша кім бар қазаға,
Берік бол, аға, Бозаға!



ІНІ ТІЛЕГІ

Еңбек ардагері, байырғы кен инженері Өмірбек Сартовқа

Талай думан, талай қызық өтті шын,
Тілегімді іні сөзі деп түсін.
Жайсаң жылдар, жарқын ғұмыр, кемел шақ,
Беу, Өмеке, құтты болсын жетпісің!

Жетпісіңде бір қуанып жұртыңмен,
Күн шуағы төгіледі күлкіңнен.
Ел риза, сен де риза шығарсың
Табыстырған тағдырыңа бұл күнмен.

Ағам едің ашық көңіл, кең жүрек,
Жүруші едім жүрегіммен еншілеп.
Кен қопарған 65-те кешегі
Аймағыма аты шыққан кенші деп.

Кен де бердің, мыс та бердің, мықтадың,
Шашырады шаңыраққа құт-дарын.
Қол ұстасып Зейнеп апай екеуің,
Отыз бес жыл жазылмапты жұптарың.

Жаны жайсаң, ол да дарын әуесқой,
Өрелі елге өнер артық емес қой.
Зейнеткер мен ардагерлер бүгінде
Өздеріңсіз өткізбейді кеңес, той.

Жылдар легін жетелеген қиырға,
Жер ортасы Жетпіс деген қиын ба?!
Ғұмырларың 80, 90, 100-ге кеп,
Ел-жұртыңның бөлене бер сыйына!



КЕМЕҢГЕР ҚАРА ШАЛЫМ

Тап келсе тарланға да дес бермеген,
Тартынып оттан, судан сескенбеген.
Ұлтым деп, ұлысым деп, қазағым деп,
Қойшыкем жасқа жетті сексен деген.

Тілегі, тынысы бір халқыменен,
Халқының дәстүрі мен салтыменен.
Күй саулап саусағынан перне басса,
Жыр өріп жүрегінен, шалқыды өлең.

Бейкүнә нәрестедей ерке жаны,
Сабыры шамырқанса желге ұшады.
Таяғын тасқа безеп, айға оқтаған,
Әйгілі аймағымның «сойқан шалы».

Ағайын марапатшыл десе, десін,
Дәуірден дәуір озып көшер есім.
Келгендей Ұлытауға «Тәжі Махал»,
Көріңдер Ерден баба кесенесін.

Көлгірсіп мән мен жайын сұрамайын,
Табысып өз тіліңмен жыла, ағайын.
Піріндей тамсанады әлі күнге
Көргендер Қойшыкемнің мұражайын.

Өнеге – «Ата дауысы», «Ана дауысы»,
Өсер ұл, өрелі ұрпақ – «Бала дауысы».
Бүгінді жалғастырған келешекпен,
Жас өрім, жасыл желек балаусасы.

Жан едің жүрегің бір өскен елмен,
Тойыңа жарасады төксем өлең.

Кемеңгер қара шалым, құтты болсын,
Жасыңыз сеңгір таудай сексен деген!

* * *

Тәңірім, не тілесем қолда мені,
Қазақтың аман болсын ордалы елі.
Торқалы тойлай берсін тоқсан жасын
Халқымның Қойшыекемдей ардагері.

Татиды ерлік жолы әлі аңызға,
Айтамыз құтты болсын ағамызға.
Жыр жазып жас жігіттей жалындаған,
Жүре бер жайраң қағып арамызда.


Сый шығар бойға біткен бұл да мына,
Бір Алла әлде өзі қолдады ма?!
Қойшыеке, халқыңыздың сәлемін ал,
Тоқсанның тілек қостық толғауына!

ҚАРА СЫРНАЙ

Төрінде той-думанның аласұрмай,
Тым-тырыс тұнжырайсың, қара сырнай.
Құйқылжып таң атқанша тыншымаушы ең,
Өніңді алты қырдан әрі асырмай.

Үніңнен тамылжытып бал таматын,
Бұлбұлы емес пе едің алты алаштың.
Артына қайырылмас қайран дәурен,
Шынымен өткені ме салтанатың?!

Тәнті еткен талай-талай сал-серіні,
Жақамның емес пе едің жан серігі?



Кернеген кең даланы күміс үнің,
Ілесіп «Жезкиікке» өн шеруі.

Шабьттың шамшырағы шашып жалын,
Шалқыды дариядай тасып дарын.
Тербетіп қоңыр кешті өуеніңе,
Жалғадың сағынышын ғашықтардың.

Нұр ойнап шуақтады жанарларға,
Қондырдың аққуыңды өн-арнаға.
Көмкеріп көңілдерін сұлу сазбен,
Сыйладың өннен алқа аналарға.

Таң, жұлдыз алыс қалып, таңғы шырақ,
Тым-тырыс тұрсың бүгін жалғызсырап.
Өтсе де нұр себелеп тас төбеден,
Жүректі жылытпайды екен әнсіз шуақ...

Киелі қара сырнай, қара сырнай,
Халқыңа қасиетің дара шыңдай.
Ел-жұртың қастер тұтып қасиетінді,
Сақтайды көздің ақ пен қарасындай.
Жақамның жан серігі қара сырнай!

Көркейтіп көк желегін мәуелетіп,
Жаңарар жылдар жылжып, дәурен өтіп.
Самалдай жанға қуат өндерінді
Үл-қызың айта берер әуелетіп.



ӘНДЕРІН ТЫҢДА МАРАТТЫҢ

Сағынсаң жүрмей сағатың,
Таусылып тыным, тағатың.
Шөліркеп жүрген шағыңда
Әндерін тыңда Мараттың.

Сезімнің шоғы жанатын,
Жүректі жаулап алатын.
Құштар боп жүрген күндерде
Әндерін тыңда Мараттың.

Үздігіп жанар талатын,
Үзіліп жасың таматын.
Қамығып жүрген кездерде
Әндерін тыңда Мараттың.

Жаныңда жүрсе жанатың,
Жарасып тойға баратын.
Қарсы алып бірге кештерді,
Әндерін тыңда Мараттың.

Шалқар ма екен шабытың,
Дарыныңды елге таныттың.
Мараттың өні бүгінде
Өні боп кетті халықтың.



СӨНДІРМЕ СЕЗІМ ЖАЛЫНЫН

Е.Қ. Жабагеноваға

Сезімің ерке самалдай,
Көңілің кәусар – гүл көктем.
Жүрегің жайсаң жұмақтай,
Лебізің майда жібектен.

Тамсантқан таңды көркіңе,
Аспаннан түскен арайсың.
Жанымды нұрға бөлеген,
Жайдары жүзбен қарайсың.

Үміттің отын жақтырған,
Аяулы өндей дәруің.
Арманға қанат қақтырған,
Арқаның көрдім аруын...

Еңбегі елге еленген,
Ерлікке балап әр күнін.
Көтере білген керім ең
Нәзік те болса нар жүгін.

Базарлы шағың өтеліп,
Басында жүрдің әр істің.
Байрағын биік көтеріп
Парасат пенен намыстың.

Пейішке біткен жұлдыздай,
Сөндірмей сезім жарқылын.
Жүре бер жайнап құндыздай,
Аяулы қызы халқымның!



КЕНШІ СЫРЫ

**Кенші ақын Шынболат Ділдебаевтың
50 жас мерейтойында**

Шахтамызға кел, қонақ,
Кен жөнелткен тонналап.
Қарсы алады забойда
Кенші ағамыз Шынболат.

Кеншіде де сыр болад,
Кешті өлеңмен жырға орап.
Қарсы алады клубта
Жыршы ағамыз Шынболат.

Шын өнерпаз, шын талант,
Өлең – серік, ән – қанат,
Сегіз қырлы, бір сырлы,
Ақын аға Шынболат.

Ақын аға Шынболат,
Ерге елу жас сын болад.
Жақсы өлеңдер жаза бер,
Көмейіңнен жыр борап.



АҚЫН ТОЛДЫ АЛПЫСТЫҢ АСҚАРЫНА

Баршаңыздың тілейміз бастарыңа,
Жамағатқа, жеткіншек, жастарыңа.
Құтты болсын қуаныш-қызықтарың,
Ақын толды алпыстың асқарына.

Бәрі дайын – кәдесі, шашуы да,
Ұлы тойға алқа топ асығуда.
Ағыл-тегіл төгіндер ән мен жырды,
Ақын толды алпыстың асуына.

Ақиқатты ту еткен төбесіне,
Шырқыраған шындығы ел есінде.
Ғасыр шерін қайыспай айта білген
Ақын толды алпыстың белесіне.

Рулы елге ұлағат қалар сөзі,
Дарын да өзі ендігі, дана да өзі.
Суырылып топ жарған сан жарыста,
Сарыарқаның саңлақ дарабозы.

Ақын толды алпысқа, міне, бүгін,
Көкірегінде шуақтап күледі күн.
Жарық ғалам жатқандай, жалпақ жұрты,
Бұрышында бүлкілдеп жүрегiнiң.

Ұлы тойға осынау болса лайық,
Қуаныш пен қызыққа қол соғайық,
Ақын толды алпыстың асқарына,
Кәне, ағайын, тік тұрып қарсы алайық.

* * *

Жүрегін жарып ұшып жыр-самала,
Шынболат ғашық болған Гүлсараға.
Думаны екеуінің мың бір түндей,
Жаңғырып әлі күнге жүр санада.

Жан еді өлең-жырдан от түлеткен,
Жұлдыздай ағып өтті көк түнектен.
Лап еткен өзінің өрт сезіміне
Тұтанып, өзі өртеніп кетті ме екен?!


Жалыны найзағайдай жарқылдаған,
От еді, от едің ғой алтын ағам.
Жырларың – жүрегінде ұрпағыңның,
Барында елің аман, халқың аман.

КӨРІНЕСІҢ ҚАРТ ЕМЕНДЕЙ СЕН МАҒАН

**Еңбек ардагері, Арғанаты, Терісаққан өңірінің
аяулы ақсақалы, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы
Сатыбалды Ескеновке**

Тұла бойы – кеңдік пенен кемелдік,
Мызғымайтын ештеңені елең қып.
Сатыбалды ағамызды бұл тағдыр
Жаратқандай о басынан емен қып.

Еңкеймеген салмағына ауырдың,
Селт етпеген солқылына дауылдың.
Қасиетін қарттарымның арқалап,
Келе жатыр көш басында дәуірдің.



Ақылманы ағайынның, ортаның,
Атырады ақ тілекпен әр таңын.
Мысты өлкенің қариясы қадірмен,
Ардақ тұтар ақсақалы Арқаның.

Қуаныштың жанын тербеп ізгі өні,
Жүрегінен төгілгелі тұр назы.
Сексен бес жас салтанатқа жиылған
Ел-жұртына Сәкең бүгін разы.

Тектілік пен төзіміңе тәнті әлем,
Өркен жайып өсе берсін мәртебең.
Сәке, өзіңе жолыққанда көзіме
Фасыр көрген елестейді қарт емен.

ЖАНПЕЙІСОВ КӨШЕСІНДЕ ТОЙ БҮГІН!

Елі риза, ұрпағы мен шат ұлан,
Шалқып-тасып кемерінен жатыр ән.
Жанпейісов көшесінде той бүгін,
Қара мысын Қарсақбайдың сапырған.

Қара мыстың ақтарылып айдыны,
Талай алған топты жарып бәйгені.
Көшесі бұл мыс қазанын қайнатқан
Мысшы ағамыз Қозыкеннің әйгілі.

Айғақ етіп еңбегі мен ерлігін,
Жыр нөсерін себелетер келді күн.
Есіндесің ел-жұртыңның, жан аға,
Жүрегімнің төріндесің сен бүгін.

Жұмыр жердің нұрға малып ой-қырын,
Жомарт ғалам қызығыңа тойдырдың.
Ей, ағайын, қуанышқа келіңдер,
Жанпейісов көшесінде той бүгін!

МЕРЕКЕ КҮНГІ ТІЛЕК

**Кеншілер мекені – Сәтбаев қаласының әкімі
Қанат Балмағанбетовке той күнгі тілек**


Ел риза, Қанат інім, жарадың,
Халықтың да, иесі өзің қаланың.
Лайықты іс атқарып келесің
Есіміне Сәтбаевтай дананың.

Тойлап жатыр мерекесін кеншілер,
Кенші деген – іске берік, өршіл ел.
Жезді өлкенің төсіндегі дүбірді,
Түгел келіп, тілегі бір көрсін ел.

Өзің жүрсің соның алғы шебінде,
Кенші қауым келешекке сенімде.
Жақсы дәстүр, жарқын істер жалғасып,
Абыройың биіктесін сенің де!

* * *

Қайда жүрсең кемелдігің көрінді,
Қос қалаға маңдай терің төгілді.
Атан жүгін арқаладың аянбай,
Алға сүйреп қазыналы өңірді.



Еңбек жанып, ер жігітке сый ерер,
Азаматсың ел-жұртыңа иегер.
Қос қалада ізің жатыр іргелі,
Сол үшін де жақсы көріп, сүйеді ел.

2000 жыл

ҚҰЛШЫНЫП КӨШ БАСТАЙ БЕР, ҚАНАТ ІНІМ!

Қанат Сұлтанұлы Балмағанбетовке

Халқыңның желбіретіп дара туын,
Құлшынып көш бастай бер, Қанат інім.
Жаралған азамат ең ірілікке,
Білемін еңбегінің жанатынын.

Жақсы мен жаңалыққа жаның құмар,
Жігітсің жүрегінің жалыны бар.
Қазақтың бақытына туса керек
Өзіңдей ел бастаған дарынды ұлдар.

Толысып Толағайдай тегеурінің,
Тынымсыз келді, міне, кемел күнің.
Ақтай бер елуде де ел сенімін,
Көтеріп көкжиегін келер күннің.

Төккен тер – ел ырысы, халық қамы,
Жұрт аман, мақсат, мұрат анық бәрі.
Көгінен қазағымның күн күлімдеп,
Құлпырып ата берсін жарық таңы.



ӨМІР СЫЙЫ

*«Екі жақсы қосылса,
Бірін-бірі сыйлайды...»
Халық әнінен*

Өрмелеп сан белеске шығамын деп,
Өмірге қадам басқан ұғамын деп.
Мектепте шәкірт едік өрімталдай,
Сара төтей келгенде мұғалім боп.

Алабұртып, ару көрсек алаң болып,
Ақыл кіріп қалған кез, адам болып.
Агроном ағамыз Өмірәлі
Ауылға оралғанда маман болып.

Бәрі де өткен күннің үлесінде,
Күндерді күндер қуып ілесуде.
Ұзамай төтеміз бен Әбекеңнің
Жүп құрып, жолығысқан күні есімде.

Жарқырап жарқын жылдар төкті нұрын,
Таң шуақ қырдың қызыл өпті гүлін.
Бүгінде өркен жайған үлкен әулет,
Танытып отыр елге тектілігін.

Тұрарлық сүйсінуге, сүйінуге,
Өмірдің өзі тартқан сыйы, міне.
Ғажайып ғұмырларың құтты болсын,
Жетпістің шығыпсыздар биігіне!



ШЫМЫР АҚЫН

Ыбырахым Бекмаханұлына

Талай думан көреміз, досым, әлі,
Бақыт деген, бақ деген осы-дағы.
Баптап жүрген үкілеп тарлан бозың
Құтты болсын дүбірге қосылғаны.

Шын жүйрікті шыңдайды уақыт өзі,
Шын ақынның өлмейді жақұт сөзі.
Бұлбұл еді демей-ақ, дүлдүл еді,
Шын иесін табады бақыт өзі.


Үйіп-төгіп басыңа бар атақты,
Асықпайын айтуға марапатты.
Оқырманың тағы да күтіп отыр
«Шапағаттың» артынан «Шарапатты».

* * *

Қара өлең қаламынан шұбыратын,
Өзі де, өлеңі де шымыр ақын.
Жалғасып жырға дастан, жылдар жылға,
Алпысқа келіп қапты Ыбырахым.

Ой өріп, өрнек іздеп сағым жылдан,
Тапқандай бақыты мен бағын жырдан.
Айғақтап «Шапағатын» қара өлеңнің,
«Сыр менен Арқа сазы» тамылжыған.

Елітіп ерке сазға гүл майысып,
Бозторғай шыр айналып, шырлайды ұшып.



Ару таң жасыра алмай сағынышын,
Мөлдіреп боз көдені сулайды шық...

Сыланған сұлулыққа құмар әлем,
Көмейден жыр құйылып, туады өлең.
Келбетін кең даланың жырлайды ақын,
Жылытып «Жүрегінің шуағымен».

БАҒЫНДЫРДЫ БЕЛЕСТІ


**Жезқазған және Балқаш қалаларының
Құрметті азаматы Төлеуқұл Абылхановқа**

Жұрт біледі бағасын,
Ел біледі Төкеңді.
Жетпістегі ағасын
Халқы көкке көтерді.

Жетпіс деген асқардың
Биігінен белсеніп.
«Нұр Отанды» басқарды,
Сенім артып, ел сеніп.

Бағындырды белесті,
Жалын-отқа айналып.
Парламентте кеңесті,
Сарайларда сайланып.

Саясатта – басшылық,
Өндірісте – басшылық.
Құрлыста да – басшылық,
Тұрмыста да – басшылық.



Жиырмадағы жігіттей,
Жетпісте де – басшылық.
Жаратқандай Тәңірі
Туғаннан-ақ басшы қып.

Тура кетер адуын,
Қарапайым кішіге.
Аямайды әділін
Өзім деген кісіге.

Шабыт қосты ақынға,
Сылаң етіп сұлу жыр.
Кәсіподақ сапында
Еңбек етті елу жыл.

Танитындар дарын дер,
Сезіне біл сырлас та.
Кейінгіге – тәлімгер,
Ұстаздығы бір басқа.

Тілек қоссам жырыммен,
Ініліктің өтеуі.
Жүз жасасын жұбымен,
Алтын жеңгей екеуі!



ӘБЕКЕҢНІҢ БАЙЛЫҒЫ


Еңбек ардагері, Сәтбаев қаласының
Құрметті азамат Әбушахыман Нысанбаевқа

Ерке Есілдің суын кешкен,
Қайрақтының қырында өскен.
Жезді өлкеде ізін жалғап,
Сәтбаевты пірім дескен.
Достарының Әбу аға
Шығармайды бірін де естен.

Жолдасбегі жолдасы еді,
Ақыл-ойдың ордасы еді.
Асатовпен сыйлас еді,
Аққойшысы қимасы еді.
Қайран ғана сабаздар-ай,
Қара жерге сыймас, тегі.

Мезгіл мынау шыңға шығар,
Шыр айналып жүр ғасырлар.
Сірә, бүгін Әбекеңнен
Байлық-дәулет кім асырар!

Кемеңгердей тұлғасы бар,
Кәкімбектей құрдасы бар.
Нұртаза мен Төлегендей
Құт дарыған құдасы бар.
Қонақбайдай ағасы бар,
Нүртілеудей сырласы бар.
Өнегелі ұл менен қыз,
Мәңгі өшпейтін мұрасы бар.



Бірі – емен, бірі – шынар,
Үні – шырын, тынысы – бал,
Құдай қосқан қосағы бар.
Туған-туыс, қалың елі,
Еркін Қазақ ұлысы бар.
Жетпістегі Әбекеңнің
Сарқылмайтын ырысы бар!

ҚАЙНАТҚАН ҚАЗАНДЫҒЫН ҚАРСАҚБАЙДЫҢ


Төлеген Мұсаұлы Әбдірахмановқа

Ағайындар! Қадірмен ағайындар!
Жақсы-жайсаң, осында талайың бар.
Талай тілек айтылып мына тойда,
Оқылады ғажайып талай жырлар.

Мұндай думан шалқытқан гүлін, жырын
Көрді ме екен Кеңгірдің бойы бұрын?!
Жетпіс деген кемеңгер жасқа толған,
Тәрде отырған Төкеңнің тойы бүгін.

Елі, жұрты жеткізіп сағынышын,
Дәріптеуде жамағат дарынын шын.
Қазандығын қайнатқан Қарсақбайдың,
Жезқазғанның сапырған сары мысын!

Қиынын да өткерді, кермегін де,
Терін төкті ұлы көш өрнегіне.
Қанша құрмет көрсетсе халқы бүгін,
Соның бәрі лайық еңбегіне.



Қонған бақыт, береке қолға мына,
Ұрпақтарға – аманат, ұлға – мұра,
Шартарапқа шашырап шапағатың,
Төңірегің айналсын толған нұрға!

ТУҒАН ЖЕР ЖАЙЛЫ ТОЛҒАУ

Ұстазым Шоқан Оспанбековтің
«Терісаққанның басы – Желдіадыр» атты кітабына

Әрбір сөзі дала жайлы дастандай,
Айтылыпты тауы қалмай, тас қалмай.
Күйге түстім Терісаққанды аралап,
Туған жердің топырағын басқандай.

Тереңінен тарихтың із кестім,
Рухымен бабалардың тілдестім.
Қиын-қиын кезеңдерге куә боп,
Қилы-қилы тағдырлармен жүздестім.

Келбеті мен көркін көрдім даланың,
Бал татқандай шырын сөзге қанамын.
Бұл шығарма жан толғауы деп білем
Елін сүйген, жерін сүйген Ағаның.



ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒАСЫҢ

Ұлытау ауданы мен «Қазақмыс» корпорациясының
еңбек ардагері, аймағымыздың қадірменді ақсақалы
Сұлтанбай Есенбекұлының 80 жасқа толуына

Бүтін аймақ, бүкіл елге көз қанық,
Жүрген жолың – үлгі-өнеге бізге анық.
Асу-асу асқарлардан астыңыз,
Биіктерге батпан-батпан із салып.

Алшаң басып арқаладың нар жүгін,
Айбыныңды алға асырды әр күнің.
Елдің қосқан үлесінде сенің де
Тарам-тарам тамған терің бар бүгін.

Жайсаң жылдар тосып тұрды кезегін,
Өрге қарай сарқырады өзенің.
Қолға ұстаған шаруаны шалқытып,
Өрістеттің өндірістің өзегін.

Айта білдің тура қарап анықты,
Бастай білдің ұйтқы болып халықты.
Ұшқыр уақыт үрдісіне ілесіп,
Белді буып бағындырдың нарықты.

Ұл өсірдің, қыз өсірдің, немере,
Тоғыз балаң – дүйім елге өнеге.
Абырой, сый, құрметіңе лайық
Бақ жұлдызың жарқырайды көгіңде.

Тәубе, тәубе, халқың аман, ел бірге,
Сексен рет тағзым етті жер күнге.
Құтты болсын қазыналы қарттығың,
Сексен деген шығып тұрсыз сеңгірге.



КЕЛЕСІҢ ХАҚ ЖОЛЫНДА ТЕКТІ ІЗБЕНЕН

Құрдасым Мәмен қажы мен бәйбішесі Майданкүлге

Қажеке, ағайынға алаңбысың?
Ағайын біледі ғой бағаңды шын.
Жиылып келіп отыр бірі қалмай,
Ассалаумағалейкум, аманбысың?!


Талайға арман болып жеткізбеген,
Келесің Хақ жолында текті ізбенен.
Ықылас-пейіліңнің шапағаты,
Иншалла, жасқа жеттің жетпіс деген.

Тәңірге тәубе деген жетті үніңіз,
Құдайдың бергені осы деп біліңіз.
Бұл жасқа жеткен де бар, жетпеген де,
Құрдасжан, құтты болсын жетпісіңіз!

Барады жылдар жылжып, ай, күн ұзап,
Жетпіске біз де биыл жайдық құшақ.
Қажеке, аман-есен жасай берші,
Жүрейін ардағым деп, алдыма ұстап.

Кезінде еңбек еттік, бейнет көрдік,
Қамытын қиындықтың сүйреп көрдік.
Сенің де игілікке жетті қолың,
Майданкүл, құтты болсын зейнеткерлік!

Әзіл бар қара сөзге сыймайтұғын,
Қара бар ханнан бетер сыйлайтұғын.
Майданкүл, әзілім де, шыным да осы,
Зейнеткер деуге сені қимай тұрмын.



Қайтсе де кемел күннің келгені де,
Күлімдеп отырсыңдар төрде, міне.
Ұл-қызың, ұрпақтарың жүр жүгіріп,
Тәңірдің тәубе дейік бергеніне.

Қуаныш арылмасын отбасынан,
Табылсын туған-туыс тек қасыңнан.
Жетпісте жазылмаған жұптарыңды
Көрейік тоқсанда да топ басынан.


* * *

Өрімдей ұл қасыңда, қыз қасыңда,
Жетеді ризығың бір басыңа.
Майданкүлдің арқасы соның бөрі,
Мәмеке, Майданкүлге ырзасың ба?
Тышқан жылғы төлміз ғой тыраштанған,
Жетпіс деген жетіппіз қыр басына.
Түйедей бойға сеніп бұрыс кетсем,
Көз салып қой, Мәмеке, құрдасыңа...

НЕСІБЕ

**Он бала тәрбиелеп өсірген «Алтын алқа» иегері,
апам Манаш пен ауыл шаруашылығы ардагері
Нұртай жездеме**

Ерте көрдім күңіренген күз лебін,
Өн бойымда болған емес өзге мін.
Әке-шешем көз жұмғанда қолында
Қала бердік апа менен жезденің.



Жыл артынан жылдар келіп жайдары,
Жігіт болдық желкілдеген айдары.
Бізді бүгін жақсы азамат десе жұрт,
Сіздер берген тәрбиенің айғағы.

Ағайынға ақ жүрегін ұсынған,
Үй болдыңдар барға-жоққа тұшынған.
Қоңыр қаздай келесіздер жарасып,
Ұясынан он балапан ұшырған.

Апамызды ардақ тұтып келеміз,
Жездемізді әкеміздей көреміз.
Он жиенім көке десе қуанып,
Отырамыз көкке жетіп төбеміз.

Балалармен бақыт келді төрдегі,
Ымыра мен ырыс қонды жердегі.
Бәрі соның – жаратушы Алланың
Екеуіңнің несібеңе бергені.

ЕҢБЕГІҢДІ КӨЗБЕН КӨРІП КЕЛЕМІН

Александр Иванович Литвиновке

Халық куә, ел біледі дерегін,
Еңбегіңді көзбен көріп келемін.
Шахталардың дүрсіл қақса тамыры,
Сенің қосқан үлесің бар, білемін.

Қанатым да, табатын да сен едің,
Қажырың мен қайратыңа сенемін.
Бар тіршілік-тынысында кеніштің
Сенің де зор қолтаңбаң тұр, білемін.



Өндірістің өбектеген жүрегін,
Өрең биік азаматтың бірі едің.
Саған бүгін барлық құрмет лайық,
Елу жасың құтты болсын – тілегім.





Екінші бөлім

*ЖАҚСЫНЫҢ БӘРІ –
ЖАНЫМНЫҢ НӘРІ*





ҚАЛАЙЫН ТЫҢДАП ТАҒЫ БІР

**ҚР Еңбек сіңірген қайраткері,
жырау Алмас Алматовқа**


Жария етіп жаһанға,
Зерделе, жаным, зерделе.
Шырыны сөздің – нақылда,
Тектісі сөздің – термеде.

Танылса тарлан екені,
Таулар да басын иеді.
Тұлпар мен жырдың мекені –
Қазақтың жері-ай киелі!

Әуезге елтіп әдемі,
Думанға бірде барғанмын.
Әлдилеп әсем әуені,
Үмітті соған жалғадым.

Қандырды құлақ құрышын,
Көмейді кернеп керім үн.
Дәріптеп дәуір тынысын,
Айғақтап атын елімнің.

– Ой, пәлі-ай! – деймін дарынға,
Өнерін көпке сыйлаған.
Қазақтың қалған қанында
Жауһарын теріп, жинаған.



Көз құрты жарық ғаламның –
Бағасын ұқтым алтынның,
Дауысын танып даламның,
Қадірін ұқтым халқымның.

Айта жүр, жаным, айта жүр,
Сағынып елге келгенде.
Қалайын тыңдап қайта бір,
Тектісі сөздің – термеде.

ЖЫР-АҒЫН

Жүрсін Ерманға

Жігіт едік шоқ жұтып, от құшқандай,
Басымыздан не қызық өтті талай.
Елу, алпыс дегенді елемеуші ек,
Мына келген, Жүрсеке, жетпіс қалай?!

Мақұлдарсың мұнымды, мақұлдама,
Жетеді екен бұл жетпіс ақынға да.
Қартаймайды дейді ғой ақын бірақ,
Жырға құмар жұрты мен халқы барда.

Көріп тұрсың құрмет пен елдің сыйын,
Қанат қаққан халқыңды сен де сүйдің.
Жыр көшінің бүгінде арналы бір,
Дара ағысы өзіңсің – гольфстрим.

Жетсе-дағы жауһардай жырың көпке,
Есем түгел демедің, күнім көкте.
Шығар сөздің жүректен бағын ойлап,
Жүгінесің жүз қайта Қүдіретке.

Жылытады жүрегін жыры ақынның,
Өлең еді өлшемі мұратыңның.
Сезем, тұла бойыңда сол жыр-ағын
Жүзге дейін шуақтап тұратынын!

ПАРАСАТ БИІГІНДЕ

**Қарағанды облысының және Жезқазған қаласының
Құрметті азаматы Төлеген Бүкіровка**

Көңілі күмбіріндей көне күйдің,
Сөздері кесіміндей төбе бидің.
Бұл Төкең – Жезқазғанда кіндік кескен
Атасы Осмий мен Ренийдің.

Тереңін тарихтың тармақтаған,
Ырысын ел-жұртының салмақтаған.
Азулы «Қазақмыстың» тырнағынан
Кезінде «Сирекметті» сақтап қалған.

Алқалы ардагерлер тобын құрған,
Аруақты бабалардың жолын құған.
Келісті ескерткішін орнатам деп,
Кемеңгер Кетбұқаның қорын құрған.

Қазақтың кие тұтқан бар асылы –
Салт-дәстүр, өнерінің жанашыры.
Ғажайып өр ісінде ұлағат бар,
Айтулы азаматқа жарасымды.

Жанына тыным бермей мол арманы,
Тәуелсіз жетелейді жол арналы.
Бұл ізбен Қыдыр тарап туған жерге,
Ұлары Ұлытаудың оралады.



ҒАЛЫМНЫҢ ӘНІ

Қазақстанның халық әртісі **Ғ. Мұхамединге**

Кең жайлау, кербез дала – ән арқауы,
Әнменен әлдилеймін Сарыарқаны.
Қосылып домбырама ән салмасам,
Кеудемнің басылмайды жанартауы.

Әніммен әлдилейін Сарыарқаны,
Саумал көл, сылқым бұлақ – ән арқауы.
Сұлу ән, әсем өлең әуелеген
Жігіттің жан сарайын жаңартады.

Әу десем, әуелейді әнім деймін,
Ән салсам, кәдімгідей дәуірлеймін.
Жігіттің базары да – ән, ажары да – ән,
Тұрлаусыз өзге тірлік бәрі кейін.

Әнменен әлдилеймін Сарыарқаны,
Қолаң шаш, ақша маңдай – ән арқауы.
Жарқ етіп бір көз салар екен бе деп,
Тұсыңа қарай-қарай жанар талды.

Ән салсам, өзіме аян іркелмесім,
Тіріде, шіркін, көмей бүлкілдесін.
Аралап Сарыарқаны әнім жүрер,
Жұмылып кетер болса бір күн көзім.



АРДАКҮРЕҢ

Ақын Ғалым Жайлыбайға

Мақтан бүгін, ағайын, мақтана бер,
Той жасайды қуанса ақпанда да ел.
Ақыныңнан аяма құрметіңді,
Біргебайдың жүйрігін баптаған ел!

Суырылып жебедей алға кілең,
Аламанның алдына барған ұл ең.
Алпыс деген алапқа келіп қапты
Аймаңдайы қазақтың – Ардакүрең.


Құлагердің кешегі жалғар ізін,
Қуанамыз сөйгүлік барға бүгін.
Ақын інім құт көріп қазағының
Алға сүйреп барады арда жырын.

Осы шығар ақынның дара шағы,
Бір өлеңі бірінен әрі асады.
Аламанның алдында аймаңдайлы
Ардакүрең жүргені жарасады.

ДОС ТАПТЫМ

Композитор, дарынды күйші, әнші,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәміл Әбілтайға

Сымбаты Сөкеннің сәніндей,
Лебізі шекердің дәміндей.
Үзілтіп бұлбұлға үн қосқан
Дос таптым бүгін мен Шәмілдей.



Сұлу саз, кербез күй – байлығы,
Өлеңі, өнері – айдыны.
Ән мен жыр төрінен мен бүгін
Шәмілдей дос таптым әйгілі.

Естай мен сал Біржан ендігі,
Қоңырлап құлаққа келді үні.
Мен бүгін дос таптым, ағайын,
Қазаққа әнімен белгілі.

Құт дарып көңілге, бақ таныс,
Сезімді саралар шақтамыз.
Дос таптым бүгін мен ғажайып,
Әнімен қазаққа мақтаныш.

ШӘМІЛДІҢ КӨЗ ЖАСЫ

Атақты «Адай» күйге әні серік,
Жүретін әнмен, күймен сәні келіп.
Бір жолы опыр-топыр болып қалдық,
Аралап біздің жаққа Шәміл келіп.

Қарсы алып ән мен күйдің ақтабанын,
Есімде құрақ ұшып мақтанғаным.
Шәмілдей өрендерін ардақ тұтса,
Білемін біздің қазақ бақ табарын.

Жарылқап қас қағымда Тәңір шіркін,
Табысар дүлдүлменен табылды күн.
Өзі де тілек қылды қауышуға,
Сағынып келсе керек қалың жұртын.

Десе де дауа бар ма бұйырғанға,
Бұл тағдыр тосады ғой «сыйын» алға.



Басылды күні бойғы аптығымыз,
Кешкілік кең сарайға жиылғанда.

Мәреге қосқанменен жабулап кіл,
Халықсыз қошеметшіл саңылақ тұл.
Айнала екі-үш шоғыр, он шақты жан,
Тым-тырыс, сарай іші қаңырап тұр.

Думаны ұлға – мұрат, қызыма – арман,
Келмеске кеткені ме қызық заман?!
Төрк еткен Тәңірісін қалта толса,
Өнерді қайте қойсын бүгінгі адам...


Еседі зал түбінен суық ызғар,
Ән десе, ел емес пе ек жүрек сыздар.
Ән-күйдің әулиесін танымайтын,
Кіл соқыр, қайда жүр бұл рухсыздар?!

Қол соғып он шақты жан қара-құраң,
Асқақ ән залды кернеп салады ұран.
Көсіліп көз алдына жалпақ елі,
Жатқандай қошемет қып дала бұған.
Шәмілдің елжіретіп ет жүрегін,
Қос тамшы құлап кетті жанарынан.

КӨК ТҮРІКТІҢ ЖҮРЕГІНІҢ ЖАЛЫНЫ

Ақын Серік Ақсұңқарұлына

От боп жанып, лапылдаған өрт өлең,
Өрт өлеңге тәнті болып келем мен.
Жосын жырдан көктен түскен жасындай,
Көк Түріктің мәрт мінезін көрем мен.



Бөйге жирен жортып өтті іргемнен,
Тізгін сүзіп аласұрдым бірге мен.
Найзағайдың жарқылына ынтығып,
Жүрегіме шуақтады нұрлы өлең.

Көрікті ойды көңілдегі қозғап кіл,
Көмейінен құйылады қоздап жыр.
Көк Түріктің жүрегiнiң жалыны
Көкрегінде намыс болып маздап тұр!..

БАҚЫТ


СОКП XXVI съезінің делегаты Зейнеп Әбілбековаға

Кәне, Зеке, бар сырынды ағыт бір,
Бастан өтті ғажап күндер, жақұт жыл.
Төккен тер мен еңбегіңнің өтеуі –
Саған деген мына құрмет, бақыт бұл.

Ырыс қонар ынталыға деуші еді,
Кеңес құрдың Кремльде еңселі.
Сен еліңнің ақтап жүрдің сенімін,
Өжет қыз деп еркелетті ел сені.

Қайтсең, қайтіп жаяды өркен құт мекен,
Ығыспадың, ызғар ма екен, ық па екен.
Үйде – баллар, шахта астында – тау-тау кен,
Мықты екен ғой әйел жаны, мықты екен!

Міне, соның көріп тұрсың өтеуін,
Шабыт бітіп, жырыма арқау етемін.
Жарасымды, жақсы ғұмыр кештіңдер,
Қатар жүріп Өмекең мен екеуің.



Бақыт шығар басқа қонған бұл да бір,
Қастарыңда қызың да жүр, ұл да жүр.
Немереңнің көзі түсіп көзіңе,
Елжірейсің құйылғандай нұрға нұр.

ТӘТЕМІЗГЕ ТІЛЕК

**КСРО және Республика халық ағарту ісінің үздігі,
Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы
Шабал Бейсенбековаға**

Көкжиектен күлім қағып қыр күні,
Көмейінен шырын төксе бұлбұлы;
Самал желге саусақтарын тосатын
Терісаққанның тербетілген бір гүлі.

Еркелеген еркесі еді елінің,
Еліктірді заңғар аспан, сері күн.
Арман қуып аттанып еді ауылдан,
Ел-жұртының ақтаймын деп сенімін.

Басқа қонған бәрі соның бақ деңіз,
Алмасуда ыстық-суық сәтте егіз.
Еңбегінің жанғаны рас, мінеки,
Қаламыздың төрінде отыр тәтеміз.

Алған алғыс, көрген құрмет – игілік,
Жанын тербеп жақсы тілек, сый-ғұрып,
Күлімдейді күллі әлемнің шуағын
Жұдырықтай жүрегіне сыйғызып.

* * *

Тәңіріңнің жаратқаны-ай дара қып,
Даралығы тәтеміздің бар анық.
Ырысына ұрпағының туғандай,
Ізгілік пен парасаттан жаралып.

Көк теңіздей шалқып жатқан айдыны,
Ұлағаты ұл-қызына өйгілі.
Өмір жолы – үлгі-өнеге халқына,
Елі, жұрты – сарқылмайтын байлығы.

Армандары әрмен асқан қиядан,
Өңкей қыран ұшырыпты ұядан.
Тау жыққандай кемеңгер ұл бір өңкей,
Толағайдай түсе қалған қиялдан.

Шүкіршілік, ұлы аман, қызы аман,
Жанында отыр жан серігі – Мұзағаң.
Немерем деп, шөберем деп сонда да,
Тәтемізді жетелейді жүз арман.

Жалғастырған үлкен жолдың легін,
Жаның жомарт жайсаң едің, білемін.
Әулетің мен шаңырағың шалқыған,
Отбасының амандығын тіледім.



АҚ САМАЛ

Ақын Батырбек Мырзабековке

Сарыарқа төсі сая-бақ,
Көркіне көңіл елтиді.
Жанымды менің аялап,
Самалы жұпар желпиді.


Тербетіп жасыл құрақты,
Жусанын жұтып тамсанар.
Жырыңдай сенің шуақты,
Алдымнан соқты ақ самал.

Ақ самал жырға тәнті боп,
Көз ілмей күнде жаттағам.
Шабыты – шалқар, жалыны – от,
Жетелеп алға тәтті арман.

Ұлытаудың асып биігін,
Көзіммен көрдім ұларын.
Өргізіп ерке киігін,
Өзектен есті жыр-ағын.

Тұманың жұттым тұнығын,
Жамылып жасыл орманды.
Киесін ұқтым ұлының,
Аралап көне қорғанды.

Тәу етіп баба басына,
Бағасын білдім салтымның.
Таңбасы түскен тасына
Тарихын ұқтым халқымның.



Ғасырларменен тілдесіп,
Айдынын кештім ғарыштың,
Жүйткіген желге ілесіп,
Жезкиікпен жарыстым.

Еңіске түсем кешкілік,
Байланып түнге қос жанар.
Жырыңдай сенің есіліп,
Алдымнан соқты ақ самал.

Ашылып кетті көмейім,
Шөліркеп саумал жұтқандай.
Шығарар жырдың мерейін,
Шабытты күндер көп болғай.

* * *

Шыңда туып, шынарлармен бірге өскен,
Ұлар құспен ұясында тілдескен.
Тасбұлақтың қайнарынан сусындап,
Қоңыраулап көмейіне жыр көшкен.

Сырласым ең жыр сапарда сен менің,
Сырыңды да, жырыңды да зерледің.
Ырым етіп Ұлытаудай заңғарды,
Ұлағатын ұққаныңа сенгенмін.

Ұлытаудың лайық бол даңқына,
Таулықтардың табанды бол салтына.
Төңіректі тас бұлақтай тамсантип,
Тәтті жырлар қалдыра бер халқыңа.

Көкті тіреп көне жартас, кәрі шың,
Мұзарттардың мұрат тұтқан тәлімін.
Сылдыр-сылдыр сырын шерткен бастаудан,
Ұлытаудың тас бұлағын таныдым.

Діріл қағып жанарымда арай күн,
Тербетілген толқындарға қараймын.
Шымырлаған иірімге бас қойып,
Тұнығына, қайнарына қанайын.


Ұмытылып өзге ғалам, у-шуың,
Тұңғыықтан жұтқандаймын бір шырын.
Тас бұлаққа ризамын әйтеуір,
Кәусарына қанды білем сусыным.

АЙТУЛЫ АЗАМАТ

**Туған жердің ризық-несібесіне қосқан үлесін бақытына
балап жүрген айтулы ел ағасы, Сәтбаев қаласының
Құрметті азаматы, қалалық мәслихаттың депутаты,
«Сарыарқа-Нан» акционерлік қоғамының
президенті Жақия Күнеділовке**

Қырандар шалған қия-шыңдарды жүлделеп,
Жұлдызға самғар жаһанның жолы бір бөлек.
Ал туған жерге табанын тіреп ту тігер,
Рухы асқақ Жақандар сынды ұл керек.

Кіндік қанымен дарыған бойға киесі,
Жердің де осы, елдің де өзі иесі.
Күндерге мынау көңіл қуантар, ғажайып
Бар екені анық Жақаңның қосқан үлесі.



Елітіп жанын жасампаз дәуір дүрмегі,
Халқымен бірге келеді сапта ілгері.
Ізгілік істің ұйытқысы болып қашанда,
Төңірегіне шарапат сыйлап жүргені.

Толғантар тағы, толағай шақтар әлі мың,
Біледі халық, біледі ердің қарымын.
Жылдарды сонау ерлікке елің балайды
«Сарыарқа-Нанның» сөндірмей қалған жалынын.

Бөріне куә – жүйткіген уақыт кемеңгер,
Бастағы бақты ұстап тұру да – ұлы өнер.
Жетпісте – жампоз, сексенде сырбаз бұл Жақаң
Тоқсан, жүздерді тойлайтынына сене бер!


ҰЛТЫМЫЗҒА ҰСТАЗ БОЛАР ТҰЛҒАСЫҢ

Кенжебай Ахметовке

Қарымыңды, дарыныңды білемін,
Қатарыңнан дара туған ұл едің.
Сан жанрға қалам тартып қапысыз,
Сан ғылымды саралады жүрегің.

Ойландырды ұлысыңның жайы мың,
Тәуекелдің таңдап міндің қайығын.
Ұлылардың ізін жалғап ұрпақпен,
Биіктеді парасат пен пайымың.

Драма бар, прозаң бар бір сапта,
Бөрі соның – сыры терең пәлсапа.
Ал аудармаң алдымыздан шығар-ау,
Шыр айналып жапондарға барсақ та.



Жырлар мынау жарқыраған жасындай,
Бір буыны бір-бір інжу тасындай.
Өрнектейсің Ілияс пен Мағжандай,
Түйіндейсің түйдек-түйдек Қасымдай.

Тыңдар болса, ұрпақ сені тыңдасын,
Жүрегінде жалын маздап, нұр қалсын.
...Тек жоғары оқу орны ғана емес,
Ұлтымызға ұстаз болар тұлғасың.


БАТАҢДЫ БЕР

*ҚР Парламенті Мәжілісінің
депутаттығына кандидат
Райымбек Аяшовтың сұхбатынан*

Күңіреніп күндіз-түні «Ел» деген,
Талай-талай тарландарға сенген ем.
Көзді жұмып Тәңірідей телмірдік,
Қызыл тілдің сиқырына зерлеген.
Басы – ұран, соңы – уәде, өткінші,
Сөз дегенің нөсер болды селдеген.

Өтіріктен у қалмады ішпеген,
Өкініштен бармағымды тістегем.
Кермек дәмін бірге татып халықпен,
Мен де өзімше алды-артымды түстегем.
Ар алдында ақиқатты ту етіп,
Көрінейік сөзбен емес, іспенен.

Ақ-қараның айырғанда реңін,
Ауырады әлі менің жүрегім.



Қанат қағар халқым қолдап күн туса,
Парызымды, борышымды білемін.
Бос сөз емес, іспен ғана көріну –
Осы менің жалғыз ғана тілегім.

Жарқын күндер, жалыныңды ала кел,
Туған жерім, тұғырымсың тәу етер.
Өкініш жоқ отқа түссем сен үшін,
Беу, ағайын, батаңды бер, тәуекел!..

2004 жыл, қыркүйек


ЗОЯҒА

**Аймағымыздың «Ақбаяны» атанған күміскөмей әнші
Зоя Құндаққызы Иманбаеваға**

Сахнаға ауғаны-ай аңсарымның,
Құлағымнан кетпейді көусар үнің.
Мына халық қол соғып күтіп отыр,
Зоя қалқам, бір жақсы ән сал бүгін.

Ән сал бүгін өзіңнің мерейіңе,
Құйқылжысын бұлбұлың көмейіңде.
Ақ маңдайың жарқ етіп бір көрінсең,
Хор қызына көркіңді теңейін де!
Сені әже деп, Зояжан, кім айтып жүр,
Сенейін бе, ағайын, сенбейін бе?!

Сенеміз ғой, сенемін, өмір ғой бұл,
Өз қызығын сыйлайды көрінбей жыл.
Желегіне нұр тұнып, күн шуақтап,
Өркен жайып өседі өрімдей гүл.



Желдей ескен ілесіп уақытпенен,
Әуелейді әсем ән, жақұт өлең.
Сол ғажайып баяғы бабында әлі,
Осы шығар, дариға, бақыт деген!

Сахнаға ауғаны-ай аңсарымның,
Құлағымнан кетпейді кәусар үнің.
Мына халқың қол соғып қоймай отыр,
Зоя қалқам, тағы бір ән сал бүгін.

ШӨЛІРКЕП ЛЕБІЗІҢЕ, ЖЫРЛАРЫҢА

Шығарған төбемізге, төрімізге,
Сен едің салымыз да, серіміз де.
Беу, Шәке, бауырым-ай, бақұлмысың,
Шөліркеп, шөлдеп келдім лебізіңе.

Шөліркеп лебізіңе, жырларыңа,
Сан келдім «Төртінші» жақ қырға мына.
Тербеткен төңіректі қоңыр үнің,
Ілесіп ескен желдің ырғағына.

Көк желек құлақ түріп шүбә қалмай,
Көк пен жер сән-салтанат құрағандай.
Шалғынға аунай кеттім арсалаңдап,
Өзіңнің құшағыңа құлағандай.

Көңілді қай-қайдағы тұсап қайғы,
Сырғанап қашқан елес ұстатпайды.
Қайдасың, қайран Шәке, қайран Шәке,
Қара жер қанша құшсам міз бақпайды.

Көре алмай көптен бері дидарыңды,
Жанымды шарасыздық қинар күні.
Сүп-суық құлпытасқа қойып кеттім
Бөктерден өзіңе арнап жиған гүлді.

ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢ ДАЛАСЫН ҮЙІМ ДЕГЕН

*«Қазақстанда туып, Қазақстанда тұрамыз.
Конституцияға мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп
жазамыз, ал өзіміз бір ауыз сөз қазақ тілінде сұхбат
беруге жармаймыз. Елден-жұрттан қят екен...»*


**Оңтүстік Жезқазған кенішінің басшысы
Александр Борисович Юн мырзаның
газеттерге берген сұхбатынан**

Қазақтың сыбағасын, сыйын көрген,
Кең жайлау, ен даласын үйім деген.
Тер төгіп шахта ішінде кен аршыған,
Жолықтым азаматқа Юн деген.

Сүйінбеске шарам не, міне, ғажап,
Демесең өңі кәріс, тілі қазақ.
Шыр етіп жарық көріп жезді өлкеде,
Енді, міне, жүргені мысын қашап.

Ертегі айта берсе кешегісі,
Қолға ұстаған бүгінде кесек ісі.
Қазанымды толтырған қазынаға,
Шешуші өндірістің жетекшісі.

Төбесі көкке жетіп құтқа мына,
Мыстың нарқы тұрақтап ұтқанына.
Саралап кеніштердің ахуалын,
Ойысты ұлыс пенен ұлт қамына.



Ойларын ортаға сап түйіндеген,
Отырды басын шайқап күйінгеннен.
– Тірегім – тілім деген ұрпақ едік,
Сол жағымыз дерт боп тұр иіндеген.

Тәңірідей жер-көкті сайрандаған,
Кешегі орышамыз айдан аман.
Шүлдірлесе өзгелер күмөнім жоқ,
Өзімнің қазағыма қайран қалам?!

Құлқын мен бастың қамы – қарманғаны,
Бір асау артығырақ – армандары.
Ұлттың мұңын ұмытқан қарны тойса,
Қазақтың толып жатыр «тарландары» .

Іліксе өндірістің тұтқасына,
Жақсы сол, жайсаң да сол жұртқа нұсқа.
Жігіттен ұлттың ұлы бола алмаған
Қуәмін дұрыс маман шықпасына.

Сол үшін түсіндіріп бәрін елге,
Шақырдық бар ұжымды мәмілеге.
Тіл заңын, елдің заңын екі етпейтін,
Бар ма екен ынта-жігер бәрімізде?!

Талабын талпынғанның жанығандай,
Түсінді ниетіме ел жаны қалмай.
Әліппеге бет түзеп белсенділер,
Қазақтарым тәубасын танығандай.

Ахуалым осындай кенішімде,
Әйтеуір келгендейміз келісімге.
Мемлекет тілінде саухаттасып,
Араласа бастадық ел ісіне.

...Қазақтың кең даласын үйі көрген,
Қауыштым осылайша Юнменен.
Іргелі істерінің сәтін тілеп,
Бірза боп қолын қыстым сүйінгеннен.

1999 жыл, мамыр

СЕКСЕНІҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АЛАШ АҒА!

**Еңбек ардагері, Сәтбаев қаласының
Құрметті азаматы Алаш Тұрлыбекке**


Ұлы той, ұлан-асыр тамашаға
Біз де бір тілек қоссақ жараса ма?!
Ұлытаудың ұлар қонған сеңгіріндей,
Сексенің құтты болсын, Алаш аға!

Жасыңнан жан едіңіз елім деген,
Еліңнен алғыс алып, сенім көрген.
Құрметтеп еңбегіңді ел мен жұртың,
Көтеріп төбесіне төрін берген.

Еселеп еңбегіңіз жанған ерсіз,
Құрылысын қаламыздың салған ерсіз.
Бүгінде бүкіл аймақ, барша халық,
Қаламыз қадір тұтқан ардагерсіз.

Мезгілге мойынсұнбай тыным алып,
Игердің нарықтың да сырын бағып.
Ұрпаққа ұлағат боп жүрсіз бүгін,
Сексеннің сеңгірінен күлім қағып.

Тұрамын тамашалап қарағым кеп,
Жанарың жарқ еткенде алауы үдеп.



Деген бар ғой жүз жасқа жүзі жарқын,
Жүректілер шалдықпай барады тек.

Ағадан өскен жұртпыз ізет көріп,
Ізің жатыр еліңе үлгі етерлік.
Сіз тоқсанның төріне ту тіккенде,
Сексеннің сеңгіріне біз жетелік!

СЫР АЙТАМЫН

Рысдәулет Есімовке


Рысдәулет, Рысдәулет!
Жүруші едім жігіттің ірісі-ау деп.
Ірілігі мақтаныш дәл өзіңдей,
Жарасар деп қазаққа дұрыс әулет.

Жетелеген арманын биіктерге,
Өзіңдей ұл тіледім сүйікті елге.
Азаматқа лайық ар-намысы,
Жігері бар лайық жігіттерге.

Қадір тұтқан халқының қасиетін,
Тең бөліскен тағдырын, тақсіретін.
Тектілерін көтеріп төбесіне,
Үлкеніне иіліп, бас иетін.

Көңілімде көп үміт көшіп жүрген,
Мен осылай күн сайын өсіп жүргем.
Айды аспанға шығарып әлдеқашан,
Ойша қиял өзімше кешіп жүргем.

Ақиқатпен амал не таласарлық,
Үмітімнің көрінді бағасы анық.



Аспан құлап түскендей аяғыма,
Қас қағымда отырмын аласарып.

Ұлағат пен ізгілік тайған кезде,
Туа қойсын тәуір күн қайдан өзге.
Әлі талай түсерміз көрге тірі,
Өсек пенен өртеніп майда сөзге.

Рысдәулет, Рысдәулет!
Аман болсын лайым ұлыс-әулет.
Сенгеннен соң өзіңе шын көңілмен,
Сырымда айттым жігіттің ірісі-ау деп.
Ынтымағы жарасса қазағымның,
Қыдыр қонып, шалқиды ырыс-дәулет.
Рысдәулет!..


ЕҢБЕГІҢ ДЕ, ЕРЛІГІҢ ДЕ МӘНГІЛІК

Демберген Баймағамбетовтің рухына

Ғибратты ғұмырыңа ел қанық,
Төккен терің төрден орын берді алып.
Бұл ғаламға ғасырда бір туатын
Батырым деп бағалады ел, халық.

Заңғар еді болмысың да, бітімің,
Мандайалды мақтанышы ұлтыңның.
Еңбегіңмен ері атанып еліңнің,
Абыройын арқаладың жұртыңның.

Келер күнге құшақ жайып шамшырақ,
Сен қуансаң, қуанатын таң шуақ.



Төңірекке арай шашып тұратын
Көкірегіңде Алтын Жұлдыз жарқырап.

Ерлігің де, еңбегің де мәңгілік,
Жатталады зердемізде жаңғырып.
Қызықтырар өзің шыққан асулар,
Әлі талай дәуірлерді таң қылып.


Шәкірттерің шекпеніңнен өрбіген,
Кілең кенші ел таныған, ел білген.
Дәстүрге тән, соларға енді аманат
Жер астының патшалығы сен жүрген.

Өмір кештің оттай жанып жалын дер,
Ізің қалды, ісің қалды тәлімгер.
Тағылымын тарихына таңбалап,
Ерлік жолын ұмытпайды қалың ел.

КӨРІҢДЕР КЕН ҚОПАРҒАН КӨРКІН ЕРДІҢ

**Сәтбаев қаласындағы Кеншілер алаңында
кенші мүсінінің ашылу салтанатына**

Ассалаумағалейкум, кеншілерім!
Қаһарман кенші деген өршіл елім.
Бүгінгі қуанышты тойларыңа,
Қабыл ал ілтипат пен ел тілегін.
Мүсінің мына қойған құтты болсын,
Құрметі саған деген еркін елдің.
Халайық, кел, жиылып, тамашалап
Көріңдер кен қопарған көркін ердің.



Күн сайын келбетіне тағзым етіп,
Мен-дағы гүлімді алып кеп жүремін.

Тау жыққан толағайдай ерлеріме
Тұлғасы тас тұғырдың тең келе ме?
Ұқсайды Құсайынов Әубәкірге,
Әлде бұл Қазымхан ба, Демберген бе?!
Тоғысқан мұрат-мақсат биіктерде,
Солардың ортақ бірге келбеті ме?!
Атағы асқар таудай арыстарым,
Ерлігің жүректерді тербетуде.
Бүгінгі ұрпағымыз сендерге ұқсап,
Даңқты ізбен, дара жолмен ержетуде.

Шығады шырқай берсем жарқын даусым,
Кеншінің кен қопарған нар тұлғасын.
Тұғырда тас мүсінге айналғандай,
Даңқына қала халқын таң қылғансын.
Кеншілер – бүгінгінің батырлары,
Ілтипат-құрметіміз сарқылмасын.
Құйылып тау-телегей қазынаға,
Сары мыс забойларда жарқылдасын!

Ағайын, құтты болсын мерекеміз,
Жарасты бірлігіміз, берекеміз.
Асты мыс, үсті ырыс шалқып жатқан,
Қойнына құт дарыған ел екенбіз.
Құлпырып күннен-күнге кенді қалам,
Жасанып, жайнай берсін кенді өлкеміз!



БІР ӨСІП, АТЫҢДЫ АЙТСАМ, ҚАЛАДЫ ЕЛІҢ

**Еңбек ардагері, шахматтан 10 дүркін
облыс чемпионы Әзірбек Молдағалиевке**

Тақтасын қолыңа алып шахматтың,
Талайға дегеніңді мақұлдаттың.
Төкаппар талай король тізе бүгіп,
Күншілдер күйін кешті ақымақтың.

Бекемді бәсекеде түңілдірдің,
Мықтыны жүрісінен сүріндірдің.
Шахмат әлемінің құдіретін
Ұлға да, ұлыға да ұғындырдың.


Тақтаға талайларды шідерледің,
Есеңді ешкімге де жібермедің.
Жүрсең де жүзді жығып, мыңды матап,
Шен тағып, шекпен киіп шіренбедің.

Әзеке, мен өзіңді дара дермін,
Бір өсіп, атыңды айтсам, қалады елің.
Халқыңа мақтаныш боп, дәл осынау
Қалпыңда қарапайым қала бергін!

ӨРЕН КЕНШІ, ӨРЕЛІ БАСҚАРУШЫ

**«Құрмет» орденінің иегері, Сәтбаев қаласының
Құрметті азаматы Яхия Асатовқа**

Жақсы жыр естіп қалсаң елең етіп,
Бір желпініп қаласың өлеңдетіп.
Еңбегіңіз елге аян, ал атағың –
Халықаралық Құрметті энергетик.



Өрен кенші, өрелі басқарушы,
Асады бір басыңа өнер жетіп.
Жан досың Шынболаттай әлі күнге
Жүргенің төңіректі дүркіретіп.

ГЕОЛОГ БАҚЫТЫ

Оңтүстік кеншінің бас геологі Баян Әлжановаға

Біздің Баян жан ғой дара,
Жүрегі – жаз, жаны таза.
Шахта ішінде – қайсар кенші,
Үйге келсе – жайсаң ана.

Жүрегінің жұлдыздары,
Бар қызығы – ұл-қыздары.
Жанарында – шалқыған мыс,
Жер астының шың-құздары.

Қуанышы – кен байлығы,
Кен байлығы – ел байлығы.
Елім деумен, кен іздеумен,
Кенші болды елге әйгілі.

Жарқын күндер – жақұт кілең,
Жарасады уақытпенен.
Көптен – құрмет, үйде – ымыра,
Осы шығар бақыт деген.



ІСІНДЕ – ІЗГІЛІГІ БАБАСЫНЫҢ

Өлкетанушы Кенжалы Балкенге

I

Халқының қалқан болған жел жағына,
Қазақтың батырлары ел жадында.
Зер салып, зерттеп жүрген соның бәрін,
Риза қалың жұрты Кенжалыға.

Тарқатсақ тарихтың бір парағын,
Ардағы аз болмаған бұл даланың.
Киесі Кенжалыға қонса керек
Кешегі кемеңгер би Зілғараның.


Ісінде – ізгілігі бабасының,
Халқының асқақтатып дара шыңын.
Мың жылдық мұрағатын дәріптеп жүр
Көне жұрт, кіндік кесті даласының.

Сан дәуір бұл далаға сыяды деп,
Шарқ ұрған жігіт осы қиялы көп.
Еңбегін ел де біліп бағалап жүр,
Тұлпардың тұлпар туған тұяғы деп.

II

Шығарып тереңіне жасырғанын,
Үңілдік қойнауына ғасырлардың.
Жоғалған жауһарымның ізін тауып,
Оралды уысыма асылдарым.

Даңқымыз дәріптеліп шежірелі,
Шындықтың енді ашылды өз реңі.
Кенжеке, жасап жатқан істеріңнен
Көремін қуанышты көзіндегі.



Қуансын қыран дала, байтақ халық,
Сырың бар әлі талай айтар анық.
Қарайды ілтипатпен өткеніме,
Қазақты жалпақ ғалам қайта танып.

Таңдағын тарихтың бүтіндеген,
Жігітсің жұртым деген, ұлтым деген.
Туған жер, туған ел деп аласұрған,
Айналдым жүрегіңнің лүпілінен.

ҚАЙТІП ЕНДІ ЖҰБАТАМ МЫНАУ ЕЛДІ?!


Қанат Сұлтанұлы Балмағанбетовтің қазасында оқылған өлең

Тербелген толқының мен тұнығыңнан,
Қайран Кеңгір, шарасыз сырыңды ұғам.
Арнаңда аласұрып жатырмысың,
Айырылып арыстай бір ұлыңнан?!

Айырылып қапыда арысыңнан,
Жаңылдың ба, ерке өзен, ағысыңнан?
Тарқата алмай шерімді мен отырмын,
Қобызымның күй қашып қағысынан.
Қайтіп қана жұбатам мына көпті,
Айырылған аңырап арысынан?!

Қимасыңа қара жер қарап па еді,
Қитұрқы жел, ғаламға тарат енді.
Алып жүрек үзіліп тоқтады де,
Тегеуріні темірдей Қанат еді.

Игілікті істері – еліне айғақ,
Жанарында жүретін жалын ойнап.



Қанатынан көз жазып қас қағымда,
Құлазып тұр қос қала, бүкіл аймақ.

Өзің жайлы айтатын достар аңыз,
Жайнап тұрған, жылап тұр қос қалаңыз.
Бесін болмай беймезгіл ымырт түсіп,
Белге жетіп тоқтады көш дамылсыз...

Көкжиектен жадырап шашылмай нұр,
Күннің көзі түнеріп, ашылмай тұр.
Көзімнен жас құйылып көмейіме,
Көкірегім өксіктен басылмай тұр.

Қайрат-жігер бойына сыймайтұғын,
Ізет тұтқан інім ең, сыйлайтұғын.
Асқар таудай тұлғаңды екі-ақ қадам
Қара жерге, Қанатжан, қимай тұрмын.

Барша халқы қосылып қос қаланың,
Елі-жұртың жиылып, дос-жараның.
Қолдан келер дәрмен жоқ, егіліп тұр,
Қош, Қанатжан, арысым, қош, қарағым!

Қош, қыраным, Қанатым, көк құрышым,
Туған жердің сен де бір текті ұлысың.
Қадіріңді білетін қалың ел мен
Халқың барда, Қанатжан, сен тірісің!



ТӨРТЕУ

**Айтыскер ақын, әнші, күйші, жыршы, термеші,
сегіз қырлы, бір сырлы ағайынды өнерпаздар
Жанбол, Жалын, Өміржан, Ілес Көпбосыновтарға**

Дүбірлеткен думанды дүлдүлменен,
Құйқылжыған жез көмей бұлбұл кілең.
«Сен тұра тұр, ағатай, мен айтайын»,
Мына төртеу өтеді бір бірінен.

Күй де осында, шалқыған ән де осында,
Отыз өнер келеді жан басына.
Отырғаның елжіреп, ерік кетіп,
Айналғандай балқыған қорғасынға.

Төртеуінің бар өнер үлесінде,
Нұр төгіліп, көмейден жыр есуде.
Қайта айналып қанша рет қарағанмен,
Көз тоймайды жалт етіп ілесуге.

Армандарын аспанға биіктетіп,
Сауыққұмар халқына сүйікті етіп,
Бере салған Құдай-ай бар өнерді
Бір әулеттің басына үйіп-төгіп.

Тарқар емес тілектер ақтарылмай,
Көңілдердің кіршіксіз аппағын-ай!
Өрге бассын өнері төртеуінің,
Тіл мен көзден төртеуін сақта, Құдай!



ЕҢСЕНДІ КӨТЕР, КӨКБӨРІМ

Досым Кеңес Нұраұлына

Кеңесжан, мерейтойың сенің бүгін,
Ақтадың ағайынның сенімін шын.
Саяткер құмай қосып, ат баптаған,
Жігітсің жұртыңа аян серілігің.

Дәл бүгін өрге басып іргелі ісің,
Шеңбердің шалқыған бір фермерісің.
Тойыңа дос-жараның келіп отыр,
Алқалы алпысыңды көрмек үшін.


Шабытқа шабыт жалғап жетелеген,
«Оспанды» жыр тербесін мекендеген.
Жасыңа тағы алпыс жас ғұмыр қосып,
Ақтоқты – бірге жаса Нәкеніңмен.

Мен сені дүлдүл дермін, дара дермін,
Жұлдызың шоқтай маздап жана бергін.
Тапталып дұшпандарың тұяғына,
Бөйге басын бермесін Қаракерің!

* * *

Тап келсе, тамұққа да шыдап көнген,
Жері жоқ тірескеннен құлап көрген.
Құдайым бұл Кеңеске орасан күш,
Бойына сарқылмайтын қуат берген.

Мәрт мінез, қыран кеуде, барыс пішім,
Сияқты сахараның тағысы шын.
Ойлама асырам деп амалыңды,
Қолыңда өлуге бар намыс үшін.



Пір тұтып дәріптеген дана халқын,
Тік тұрып серік қылған қанағатын.
Досым деп іздеп келсең, қазақ осы
Қыңқ етпей сойып тастар жалғыз атын.

Жолында жігіт емес жүк қалдырған,
Жеріне қолы тиген құт дарыған.
Алымы арыстанды аң-таң қылып,
Сақтығы сауысқанды сұқтандырған.

Заман-ай зымыраған, енді, міні,
Мұның да қартаятын келді күні.
Жаутаңдап жанымда отыр жапалақтай,
Жалпылдап ұша алмаған желді күні.


Тамылжып тұрмаса да көктем ұдай,
Қашан да қамқор еді көкте Құдай.
Арқаның ақ түтегі алдында тұр,
Еңсеңді көтер, кәне, Көкбөрім-ай!

ЕҢ ҮЛКЕН СЫЙЛЫҚ

Ақын Ғазиз Ештанаевқа

Сезімнің нәзік түлеткен гүлін,
Нөсерлеп төксін жүректен жырым.
Шабытым барда шалқып қалайын,
Ақынның туған күні екен бүгін.

Алдында топтың айбыным асып,
Арнаға сыймай айдыным тасып.
Ақынға арнап өлең оқиын,
Жүректің жырмен жалынын басып.



Сабаға сыймай кемері кернеп,
Тұнығын сүзіп, тереңін тербеп,
Тартайын сый қып ақынға бүгін,
Жырымнан – жақұт, өлеңнен – өрнек.

Тартуым болсын жақұт-жыр менің,
Қалтқысыз бәрін ағыт, жүрегім.
Тойына келіп туған күнінде,
Ақынға жырмен бақыт тіледім.

Төрінен тойдың күншуақ көрем,
Шын бақыт осы, шын жұмақ деген.
Ақындар үшін ең үлкен сый бұл –
Жүректен шыққан бір шумақ өлең...


ҚАЗАҚТЫҢ ДАРА ТУҒАН «ДӘРИДАЙЫ»

Ақын Мұқаш ініме

Шалқыған шақтарында шын көңілмен,
Жарқырап дидарынан күн көрінген.
Тұтанған жанартаудың жарқылындай,
Лапылдап көмейінен жыр төгілген.

Шарықтап қиял көкке, арыны айға,
Сел болып нөсерлей ме, дауылдай ма?!
Ақиық ақын інім есіп отыр,
Төпелеп оңды-солды «дәридайға».

Шашырап аузын ашса лағыл өлең,
Шарпиды жүрегінің жалынымен.



Өнердің осы шығар құдіреті,
Дарига, осы екен ғой дарын деген!

Айналып отты көрген көбелекке,
Отырмын тәнті болып кереметке.
Пақырдай дуалаған есім кетіп,
Тиердей ентелеймін төбем көкке...

* * *

Бұл Мұқаш – өлең-жырдың телегейі,
Төгіліп жырдан нөсер себелейді.
Шабытты шақтарында шалқып-тасып,
Өлеңнен өзге әлемді елемейді.

Жолына тура келсе тау құлайды,
Шарпиды жерде отырып жалыны айды.
Өлеңмен ауызынан от бүріккен,
Қазақтың дара туған «Дәридайы».

СЕНІ КӨРСЕМ...

Інім Ахат Құрмансәйтке

Бола ма бойға біткен барды ескермей,
Сөздерің суырылған наркескендей.
Қызуыңнан қаңтарда тасқын жүріп,
Қырынан Қарадырдың қар көшкендей.
Күншуаққа шомылып Арғанаты,
Сырнайлап сары далада ән көшкендей.
Отырам риза боп сені көрсем,
Бір ғажайып басымнан хал кешкендей.



БИІКТЕР ЖАРАСАДЫ ҚЫРАНДАРҒА

**ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері,
ақын Әнуар Омарға**

Мақтансаң, ал, ағайын, мақтан енді,
Еленіп еткен еңбек, аққан тері;
Оралды облыстан әкім інім,
Жарасып омырауға таққан белгі.

Асқақтап абырой мен бақ-таланы,
Көрінді ел сенімін ақтағаны.
Жүлде алып, жүзден озып үйренген ғой,
Ақиық ақындардың ақтабаны.


Тұғыры, қырандардың тұрағы – шың,
Биіктер жарасады қыран үшін.
Әлі мол Аспантаулар алдымызда,
Ал мынау құтты болсын қуанышың!

УАҚЫТ ТОҚТАП ҚАЛҒАНДАЙ, МЕЗГІЛ ТҰРЫП

Әмірбек Шегірбаевтың қазасына

Қалғандай уақыт тоқтап, мезгіл тұрып,
Бұл жалған жалғандығын тұр ұқтырып.
Әбеке, өктем үнің естілмейді,
Саңқ еткен шахта жақты дүрліктіріп.

Шахтаның өксік буып мұнарасын,
Жоғалтып жанарынан тұр ағасын.
Тал түсте табан астым теңселіп тұр,
Қосылып кенші біткен жылағасын.



Бізғарың ықтырушы еді төрдегіні,
Қағушы ең қыран құстай өрдегіні.
Тайсалмай тажалға да тура шабар,
Ағатай, ел біледі ерлігіңді.

Биіктің бағындырдың ең ірісін,
Ризығын еселедің, ел ырысын.
Жұмысқа жүрмей тұрған жан бітіріп,
Тамырын тап басушы ең өндірістің.


Тапжылмай топ бастаған өрен едің,
Қотардың қазынасын тереңдердің.
Өзіңнің өмір бойғы маңдай терің –
Халқыңның құрметіне бөленгенің.

Зор еді тілегенің Жасағаннан,
Биік жоқ сен шықпаған, аса алмаған.
Ізгілік істеріңе қошемет қып,
Мақшарда да шуағын шашар ғалам.
Пейіштің барар жерің төрі болсын,
Қош, Аға! Қош, Ағатай! Қош, Ағажан!

АРМАНЫҢ – ӘЛЕУМЕТТІҢ АМАНДЫҒЫ

Дәрігер інім Жомарт Ахановқа

Бабаңның бақ дарыған ұлы өлкесін
Пір тұтқан азаматтың бірі екенсің.
Қияға қанат қаққан қыран құстай,
Арманың асқақ туған ұл екенсің.



Шоқтанып шуақ тарап тұнатын ар,
Сарқылмас жүрегіңнің қуаты бар.
Арманың – әлеуметтің амандығы,
Еліңнің есендігі – мұратың бар.

Ел түгіл, еңбегінді қостап қасың,
Тамсанып, табысыңды дос мақтасын.
Ақталып халқың үшін төккен терің,
Әрқашан абыройың асқақтасын!

БІЗ ЕКЕУМІЗ

Досым Әбсаматқа


I

Біз екеуміз, біз екеуміз біргеміз,
Қанат қақтық келешекке бірге біз.
Қорғасынның көшелерін бойлаған,
Сайрап жатыр сен екеуміз жүрген із.

Бал дәуренді базарладық бірге біз,
Бала жастан біз екеуміз біргеміз.
Ауыл ішін өрі-бері жол қылып,
Құлын-тайдай асыр салып жүргенбіз.

Шалқар еді арманымыз теңіздей,
Оттай жандық, жасық екен дегізбей.
Үлкен өмір сапарына жұп жазбай,
Қол ұстасып бірге аттандық егіздей.

Бірге еді сырымыз да жырымыз,
Бірімізсіз жүре алмаушы ек біріміз.
Ең арғысы екеуміздің таңдаған
Бірдей болып шығатұғын гүліміз.



Дауа бар ма тағдыр деген шіркінге,
Өмір жүйткіп өте шықты ілкімде.
Күйбеңімен тірлік пенен тұрмыстың,
Кеп қалыппыз жер ортаға бұл күнде.

Хан сарайдай еңселі үй-жай қандай!
Қарсы алдыңнан жұмақ төрін жайғандай.
Отын үрлеп шаңырақтың шалқытып,
Үрдің қызы жаныңда отыр аймаңдай.

Қанат қақты қарлығаштай ұл-қызың,
Жарасады шуақ тарап нұр жүзің.
Мен де сенің бақытыңа марқайып,
Зеңгір көкте шарықтап жүр жұлдызым.


Тату-тәтті ғұмыр кештік бірге біз,
Біз екеуіміз мәңгі-бақи біргеміз.
Достығымыз осылайша жалғасып,
Ажырамас деп тілеймін іргеміз.

II

Жанымды мазалап жүр бір күй көптен,
Жылдарды жылдар қуып сырғиды екен.
Алдыма жаутаң қағып қарай берем,
Ойпырмай, еңіс пе екен, ылди ма екен?

Шоқ шайнап, жігіт едік от тістеген,
Не қилы ғажайыптар өтті істеген.
Тау мен тас, талай асу жолда қалып,
Жотаға келіп қаппыз жетпіс деген.

Жетпейді саусақтарым санауыма,
Жастықтың қанша күйдік алауына.
Із кесіп іңір түссе жүруші едік,
Қызды үйді айналдырып қарауылға.



Желік пен жігіттіктің еркіне еріп,
Жиырмада жауқазындай желкілдедік.
Туған жер, кіндік кескен топыраққа,
Сайран сап, емін-еркін еркеледік.

Отызда от та бастық, орда бұздық,
Қырық жас кез екен ғой ол да қызық.
Елуде аға болып ел сыйлаған,
Алпыста жорғаладық жолға түсіп.

Төккен тер, көрген бейнет өтер деңіз,
Ол жайлы айтар аңыз, жетер лебіз.
Шөп шауып, отар айдап, қырман басып,
Құлшынып ел дәулетін көтергенбіз.

Зулайды өмір-өзен жел кемесі,
Жылдардың жолда қалды бел-белесі.
Ел аман, бауыр бүтін, жетпістеміз,
Әбеке, бізге Құдай бергені осы.

Әбеке, қуатыңа ел сеніп жүр,
Шығайық тағы қырға еңселі бір.
Жол берер жетпістің де кезегі бар,
Сені күтіп сексеннің сеңгірі тұр.

ЕЛ ДЕП СОҚҚАН, ЖЕР ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ

Журналист Абдолла Дастановтың 60 жасқа толуына

Талай биік асуды төнті қылған,
Астың бүгін, Абдолла, алты қырдан.
Жөргегінде жыр жаттап, қалам ұстап,
Қатарыңнан жігітсің артып туған.



Бір тектілік бар білем қаныңда шын,
Ақиқаттан айнымау – арыңа сын.
Зәбір көрген жандардың жанындасың,
Жақсылар мен жайсаңның қасындасың.

Жай оғындай шақ тұрар атылмаған,
Жасарлық мінезің бар батыл қадам.
Қиянатты шыжғырып қаламыңмен,
Қарисың қызыл отқа лапылдаған.

Шоқтай боп жігеріңнен жанып тұрған,
Жаныма мен де жылу алып тұрам.
Жұртым деген лүпілін жүрегіңнің
Жанарыңнан жарқ еткен танып тұрам.


Тап басып көңіліңнің жайын ұғар,
Талаптыға жақынсың пайымы бар.
Ақ жол тілеп, қағасың арқасынан
Өлең-жырға жастарды жаны құмар.

Қолыңмен көзін ашқан бұлақ тұрсын,
Қамқор боп бөрімізге ұнап тұрсың.
Шығармашыл ортаға ұйытқы болған,
Шәкем жаққан «Шындыққа» шырақшысың.

Саған деген халықтың сенімі ерен,
Қай шаруаның басынан сені көрем.
Жүрген жерде жолында жүк қалмайтын,
Сендей болсын ер жігіт елім деген!

* * *

Көңілі – көл, көпке сыйлы, досқа адал,
Келбетіне көңіліңіз хош болар.



Бір інім бар жақсылықпен жаны егіз,
Жамандыққа – жібімейтін тас қамал.

Шақтары бар шабыт келсе толғайтын,
Қиыс кетсең, қырсығы бар болмайтын.
Адалдықты аспанына көтеріп,
Ақиқатты жанын сала қорғайтын.

Құрмет қылып, дос пейілін дөметер,
Жақсылардың арасына дәнекер.
Жөнін танып, жоғын тауып бөрінің,
Қашан көрсең, күндіз-түні қара тер.

Келеңсіздік көңіліне жақпайды,
Сол күні оның бойына ас батпайды.
Кемістігін түзегенше, құлағы
«Күнәлінің» күнде тыным таппайды.

Көше бойлап көзін жұмып өтпейді,
Төңірегін түгел тұрып зерттейді.
Екі айналып қала ішін аралап,
Сосын ғана баспа жаққа беттейді.

Ақ қағазға жорғалатса қаламын,
Алыс-жақын бар хабарға қанамын.
Қызықтар да, шыжықтар да осында,
Бүкіл өмір, жаңалығы қаланың!

Шегінбейді шаршадым деп бір елі,
Шындықты айту – парызым деп біледі.
Бір інім бар Абдолла атты осындай,
Ел деп соққан, жер деп соққан жүрегі.



АҚ КЕЛІНШЕК – АҚ ӘЖЕ

Бағираға

Бар еді іргемізде ақ келіншек,
Жарқ етіп бір көрінсе шат болушы ек.
Ғажайып сол күндердің сіз-біз дескен
Әр сәтін басқа қонған бақ көруші ек.


Күлгенде кетуші еді гүлдей жайнап,
Пейілі періштедей әмбеге айғақ.
Үйіріп әкететін алған ісін,
Қойғандай көңіліне қанат байлап.

Ілесіп ерігіне ерке күннің,
Күн кештік елесіндей ертегінің.
Шуақтап тұрушы еді шұғыла-бақ
Үйінде Әбекең мен екеуінің.

Жоғын бар, барды тауып, бүтін қылып,
Шалқитын шаңырақтың құты кіріп.
Үйелмен үш бөбегін үпір-шүпір,
Қоятын мұнтаздай қып, жұтындырып.

Қуанса гүл-сезімге ерік беріп,
Кетеді одан сайын көріктеніп.
Жүргені жаны қалмай ағайынға,
Жылуын жүрегінің бөліп беріп.

Уақыттың өлшеміне бүгін ерек,
Еріксіз тамсанып тұр жер менен көк.
Кешегі Ақ Келіншек Ақ Әже боп,
Су жаңа шыға келді зейнеткер боп.



Ақ тілек айтып жатыр сөйлейтін ел,
Қалмапты қызығыңнан келетіндер.
Ақ Әже, мен де соған қосыламын,
Маңдай тер, еңбегіңнің зейнетін көр.

Жете бер тамашаға тамашадан,
Кезің жоқ сағың сынып аласарған.
Ел ырза, халқың ырза, аруақ ырза,
Өркендеп өсе берсін бала-шағаң!

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛАУЛЫСЫ


Мәслихат депутаты Иманбай Бралинге

Жасыңнан жан емессің жапа көрген,
Жігітсің әке көрген, ата көрген.
Есінде бала күнің Бірәлі ата
Искеп маңдайыңнан, бата берген.

Содан ба, биік болды шамшырағың,
Жігер мен намысыңды қамшыладың.
Көз салдың алыстарға, ғарыштарға,
Қондырып жүрегіңе таң шуағын.

Қияға қиял қосып көк тіреген,
Жастық шақ, ғажап ғұмыр өтті кілең.
Сабырлы, салиқалы шуағы мол,
Келгенше кемел күнің көп тілеген.

Үңілдің ақ-қараның байыбына,
Шалалар шақ келмеді пайымыңа.
Толғандың тоқсан сауал тыным бермей,
Туған жер, туысқанның жайы мына.



Жігіттің сенім арттың серісіне,
От бердің жалыны жоқ кемішіне.
Қуатпен Құдай берген құлаш ұрып,
Сыбанып араластың ел ісіне.

Тік тұрып қиямет пен қиынына,
Теңдедің талай істі иығыңа.
Отыз жыл өрге тарттың өндірісті,
Басшы боп кәсіподақ ұйымына.

Осылай жайсаң жылдар өтті легі,
Қабыл боп орындалды көп тілегі.
Бүгінде бар Сәтбаев мақтан тұтып,
Халқымның қалаулысы деп біледі.


КӨЗ АЛДЫМДА ӨЛЕҢ ОҚЫП ТҮРҒАНЫҢ

Ақын Ибрагим Бекмаханұлының қазасын естігенде

Жылытушы еді жүректерді жырларың,
Жанарыңнан жарқылдайтын нұрлы ағын.
Саңқ-саңқ етіп сахнаның төрінен,
Көз алдымда өлең оқып тұрғаның.

Құйылатын көмекейден өрт өлең,
Ақындардың айықпайтын дерті – өлең...
Суық сөзге сенбей тұрмын мен әлі,
Қайран ғұмыр, осыншама келте ме ең?

Қара үзді ме қара өлеңнің дүлдүлі,
Хабаршының естіледі мұңды үні.
Қимасымды қойнына алды тағы бір,
Қара жердің қашан тояр ындыны?!



Жүріп өтті ғажап ғұмыр, жарқын жол,
Қарапайым қазағымның ақыны ол.
Өшпес мұраң – ел-жұртыңа аманат,
Абзал ақын, аяулы дос, бақұл бол!

ЕШКІМДІ КӨРМЕГЕН ЖАТСЫНЫП

Жақсылық Омаров ініме

Шалқыған шыңырауда – ырысы елдің,
Кеніште кеншілердің ірісі едің,
Тау мүсін, дара тұлға, жомарт жүрек,
Жақсылық, ризамын, інішегім.

Забойда жұмыс жүрсе қарқын алып,
Жүруші ең жанарларың жарқыл қағып.
Саз тауып бұрғы үнінен, сурет іздеп,
Жататын көкірегіңнен ән құралып.

Қолыңнан түсірмедің қаламыңды,
Танытты тұма жырлар талабыңды.
Өзі еріп «Тал түсіңе» келді, міне,
Бақ құсы сен іздеген бала күнгі.

Жыр жазса жүрек отын жандыратын,
Осылай бір жасарып қалады ақын.
Қуаныш, бүгінгі той құтты болсын,
Танылып, топқа ілесті қазанатың.

Елеңдеп ере бермей сағымға құр,
Тізгінді аламанның алдына бұр.
Әкенің аманаты – ақындықтың
Киелі қасиеті қаныңда жүр.

* * *

Арайынан атар таңның бақ күліп,
Армандарға жетелейді тәтті үміт.
Енді жеттім деп жүргенде бәріне,
Алпыс белес артта қапты, Жақсылық.

Көзіңе ыстық өзің шыққан әр белес,
Забойларда кен қопарған қалды елес.
Зейнетке де келіп тұрсың дер шақта,
Қара жаяу қалтылдаған шал емес.

Бойда – қуат, ойда – шабыт-тарланың,
Әке үмітін – тұлпар ізін жалғадың.
Алла қолдап аламанға қосылдың,
Өлең болып ынтықтарған арманың.


Құлашыңа қуанады көңіл шын,
Қос әлі де, қолтық еті сөгілсін.
Самайыңнан ақ маржан тер тамшылап,
Қаламыңнан гауһар жырлар төгілсін!

* * *

Қазақты көрмеген жатсынып,
Қалтадан көрмеген тапшылық.
Атымтай Жомарты бүгіннің,
Бұл – менің жақсы інім Жақсылық.

Аспайтын, саспайтын аптығып,
Жанына жақпайтын жат қылық.
Әдемі әзілмен күлдіріп,
Жүретін жан-жағын шат қылып.

Тұрмайтын бөлсініп, паңсынып,
Көрмейтін, білмейтін жансынып.



Аянып қалмайтын досынан,
Сол жерде кетсе де жан шығып.

Жоғыңды қояды таптырып,
Алдыңнан өтпейді төк тұрып.
Бітіріп қояды мүлтіксіз,
Тапсырған ісінді тас қылып.

Сенімін жетелеп тәтті үміт,
Маздайды сезімге от жақтырып.
Жыр жазып жатады содан соң,
Шабытын бойдағы шақырып.

«АҚСАРАЙ» – ОЛ ӨЗІҢНІҢ ЖАН САРАЙЫҢ

**Фалил Жәнібековтің «Ақсарай» атты
алғашқы жыр кітабының тұсаукесеріне**

Жаныңның жайып салдың толғанысын,
Қалың ел, халқың ырза болғаны шын.
Тәнті еткен тал бесіктен тәтті үнімен,
Өзі кеп қонды білем қолға құсың.

Жайсаң жыр жадыратса жан сарайын,
Шақтарды мен де осындай бақ санаймын.
Өлеңмен бір серпілттің көңілімді,
Фалилжан, құтты болсын «Ақсарайың».

«Ақсарай» – дарыныңның танылғаны,
Тамам жұрт құшақ жайып қабылдады.
«Ақсарай» – жан сарайың ол өзіңнің,
Өрілген өлең-сөздің саңлағы.

...Бетке алып заңғарларды көк тіреген,
Қосылып аламанға кетті күрең...
Ұлытаудың ұшарын аспаса да,
Ұлар қонар жотаға жетті білем...

ҚАЗАҚ БОП ТУҒАНЫМА ҚУАНАМЫН

Мұқамбет жырауға

Ән салып жатыр дейді Мұқаш бүгін,
Ал, көне, төгілдіріп шырқашы, інім!
Сусаған шөлін бассын жиылған жұрт,
Жұтқандай үніңнен бал, жырдан шырын.


Ғажайып мына шабыт, мына дарын –
Кешегі дәстүрі ғой жыраулардың.
Мұқашжан, даусыңды естіп осындайда,
Қазақ боп туғаныма қуанамын!

БҮГІНГІ ТОЙ

Маруан Мағжанқызы Сүлейменованың мерейтойына

Қуанышы асып-тасып арнадан,
Думандайды ару көктем, арман ән.
Сірә, бүгін сенің туған күніңді
Дүркіретіп тойлап жатыр бар ғалам.

Бар ғаламның назарында бір өзің,
Шын бақыттан алып-ұшып жүрегің,
Риза боп мына құрмет, пейілге,
Көктемменен қайта бірге түледің.



Халқың аман, күн де аман, ай да аман,
Аман болсын ұл мен қызың, айналаң.
Дәл осылай сенің туған күніңді
Тойлай берсін жалпақ ғалам жайнаған.

Бүгінгі той – сенің тойың, бұл анық,
Шырайлы кеш шапағатын түр жайып.
Марапат та, мақтауың да көп болсын,
Бүгін саған барлық құрмет лайық.

АРДАГЕР ҚҰЛПЫТАСЫНДАҒЫ ЖАЗУ


**Ұлы Отан соғысының және Қарсақбай зауытының
еңбек ардагері Ербосынов Әбдірахман атаға**

Жатса-дағы жер-жаһанға тарап нұр,
Аунақшиды алаң болып алап, қыр.
Ардагері қайда жүр деп зауыттың,
Қарсақбайдың мұржалары қарап тұр.

Арындаған ай мен күнді іркіп жыл,
Тоқтамайды жүйрік уақыт шіркін бір.
Жеңіс күні толған халық алаңға,
Жылдағыдай әлі өзінді күтіп жүр.

Бұйрық солай, тағдыр енді осы да,
Дұға оқып келіп тұрмыз тасыңа.
Отырушы ек ортаға алып өзінді,
Жеңіс күні дастарханның басында.

Өзің жоқсың, биыл, міне, жыл өтті,
Жоқ деген сөз ауыртады жүректі.
Суретіңді төріне іліп мұражай,
Оқушылар қызыл алау гүл екті.



Ордендерің, медальдарың самсап тұр,
Өшпес Рух келер күнге жар сап тұр.
Сағындық қой, әке, өзіңді сағындық,
Немерелер, шөберелер аңсап жүр.

* * *


Бәйтерек едің мәуелі,
Тамырың терең тараған.
Жар болсын Алла әуелі,
Ұл-қызың, әке, бар аман.

Өткінші өмір – келте күн,
Көрсетті жалған екенін.
Нұрына толсын жұмақтың
Мәңгілік жатқан мекенің.

МЫҚТЫ МАМАН

**Корпорацияның бас маркшейдері
Ишанбек Шайкамаловқа**

Тірелдік қайда келіп, қайда барып,
Әр тасы шахта ішінің айдан анық.
Айшықтап әр қадамын ақ қағазға,
Келеді топты бастап Шайкамалов.
Оралсақ осы маңға қайта айналып,
О, ғажап! Болып жатыр сойқан анық.
Жартастар жаңа ғана сап-сау тұрған,
Жоғалыпты кеткендей сайтан алып.
Солардың орнын шұқып опырылған,
Әрі-бері шарлап жүр Шайкамалов.



Байыппен бәрін соның байқап алып,
Мән-жайын кеншілерге айтады анық.
Ақ қағаздан ауытқып әлдеқалай,
Ақау кетіп қалмасын қайталанып.
Шахтерлер, содан болар, сенім артып,
Мықты маман деседі Шайкамалов.

ӨТКІЗГЕН ӨЗІҢМЕНЕН ӘР КҮН ІЗГІ

**Еңбек ардагері, байырғы кенші, №45 шахтаның
жұмысты қадағалау бөлімінің жетекшісі Мұса Оспановқа**


Мүсеке, майталманы ең қырық бестің,
Мыс қазып, кен қопарып ғұрып кештің.
Ішінен кеншілердің дара шығып,
Мақтауға талай мәрте іліккенсің.

Ақтадың талай-талай ел сенімін,
Сондықтан биік бүгін еңсең сенің.
Шахта мен қатар ұстап қоғам ісін,
Айналдың мықтысына белсендінің.

Өткізген өзіңменен әр күн ізгі,
Таныттың талайларға мәрттігіңді.
Жол бұзған қиқарларды жөнге салып,
Темірдей тостың алға төртібіңді.

Қадірмен халқыңа аян ұлағатың,
Жыр болып жұрт аузында жүр атағың.
Айдынды ардагері шахтамыздың,
Білікті жетекшісі «Нұр Отанның».

Өзгелер шындықты айтсақ өкпелемес,
Өнеге – өзің жүріп өткен белес.



Мереке, сауық-думан кеніштегі,
Өзіңсіз жиын-кеңес өткен емес.

Қалың жұрт, халық болып жергілікті,
Тұлға деп тік тұрады ең білікті.
Құшақтап қала әкімі қолыңды алды,
Өәің бастап шыққанда сенбілікті.

ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ЖІГІТ

**«Кенші даңқы» белгісінің толық иегері,
бұрғышылар бригадирі Дүйсен Отарбаевқа**

Жасынан-ақ бала болып саналы,
Жақсы атағы ауыл-үйге тарады.
Ұстаздары үмітпенен қарады,
Бар екен деп әр нәрсеге талабы.
Жігіт болып, жүз кәсіптің ішінен
Кеншілікті жаны сүйіп қалады.
Сәтті сағат дәл сол күннен басталды,
Құтты болып еңбектегі қадамы.

Шахтадағы сәтті болып қадамы,
Кен қопарып, бұрғы ұстауға жарады.
Жалақыны жұрттан артық алады,
Кеудесіне орден, медаль қадады.
Сый-марапат, салтанатқа кәделі,
Отарбаев Дүйсен бастап барады.
Ең ақыры сапар шықса әлдебір,
Жолы болып қасқыр соғып алады.



ШАХТЕРЛЕРГЕ ЕҢ КЕРЕГІ – АМАНДЫҚ

**Корпорация еңбек қауіпсіздігін қорғау департаментінің
бастығы Қажымұрат Қабановқа**

Шахтер деген – тоқсан түрлі мамандық,
Шахта ішінде жарамайды шалалық.
Қадам бассаң жүру керек шам алып,
Қалмау керек көк түтінге қамалып.
Қауіпсіздік ережесін білмесең,
Қажет емес кенші болып саналып.
Ең керегі бәрінен де – амандық,
Пөле-жала, жоламасын жамандық.
Осыны ойлап жүз толғанып жүргені,
Ұйқы көрмей Қажымұрат Қабанов.


БИІКТІК ПЕН ТЕРЕҢДІКТІ ЖАЛҒАҒАН

Петр Евгениевич Борисовке

Бірде шуақ, бірде төгіп жауынын,
Жүйрік жылдар сипатпайды сауырын.
Қимасам да ақ қыраулы алпысқа,
Сен де кепсің, қайран Петр бауырым.

Шұғыласын жомарт күндер жайса мың,
Төрге шығып толтыр сен де той сәнін.
Алпыс деген – тал түс дейді халқымыз,
Алпыс жасың құтты болсын, жайсаңым!

Қыран қанат, қызықтырып арман ән,
Биіктік пен тереңдікті жалғаған.



Кеніштерден қабат-қабат кен тартып,
Қиырлар жоқ шахтада сен бармаған.

Көшін бастап кенші деген қауымның,
Көтерістің қиыны мен ауырын.
Төккен терің ақталғаны осы да,
Алпыс жасың құтты болсын, бауырым!

ӘМЕҢГЕР

№45 шахта бастығы Әбдірәшит Қапаровқа


Қилы-қилы, 45, заман көрдің,
Тағдыры едің тамам жұрт, тамам елдің.
Қойның толы көк тастың арқасында,
Құдай қолдап бүгінге аман келдің.
Шаңырағың лайым шайқалмасын,
Әбекеңдей барында әмеңгерің.

Ойға қалып орынсыз ортайғандар,
Іші күйсін құр босқа қампайғандар.
45-пен екеуің бірге жасап,
Әлі елу жыл, Әбеке, қартаймаңдар.

ЕРЕСЕН

Кен басқармасының аға механигі Әскер Тұрдалиевке

Алқынбайды әлі бір,
Әсекеңе бөрі бір.
Оқпан жақта ойнақтап,
Шахта ішінде әлі жүр.



Жөндеу күтіп күрделі,
Техника түр легі.
Бәрін соның пысықтап,
Безек қағып жүргені.

Үзілгенін жалғайды,
Осал жерін оңдайды.
Кем-кетігін түгендеп,
Кейде үйге де қонбайды.

Екпінін сол ересен
Ер жігітке теңесем,
Жанарлары жарқ етіп,
Күлімдейді жеңешем.


САҒЫНДЫРДЫ САУСАҒЫҢНЫҢ ЖЫЛУЫ

Түсіп Ахметбекұлының рухына

Қас қағымда өте шықты қыс келте,
Гүл майысып, жеміс-жидек пісті ерте.
Мына дүние құлпырып тұр, құлпырып,
Әттең, әттең, өзің жоқсың, Түсеке!

Есен-аман өзің көрген мысты өлке,
Мысты өлкеге салдың талай із-кесте.
Сайрап жатыр жүріп өткен жолдарың,
Әттең, әттең, өзің жоқсың, Түсеке!

Кең дүние шыр айналып дамылсыз,
Ымырт өшіп, атты қанша таң үнсіз.
Тек сен жоқсың, сенсіз сағат, сенсіз күн
Өтіп жатыр, оң бе, түс пе, нанғысыз.



Сені іздейді бүкіл ғалам, ен дала,
Е, Құдайым, қуат қылар бер шама.
Бар жанашыр қасымда отыр, Түсеке,
Көп ішінен көрінбейсің сен ғана.

Қамшың да тұр қабырғанда ілулі,
Қарай-қарай бала көңілі суыды.
Мандайынан Ағзамыңның бір сипар
Сағындырды саусағыңның жылуы.

МАҚТАН, РЫМ!


**Қарсақбай мыс зауытының еңбек ардагері
Рымкүл Бекетбаеваға**

Ерке күндер естен кетпес аңсатпай,
Атыңды айтсам тамсанады Қарсақбай.
Қарсақбайдың қайсар қызы ғажайып,
Рымды айтсам, кім қалады қол соқпай?

Рымды айтсам, көрем өмір өрнегін,
Бес балапан бауырынан өргенін.
Рым десем, мыс зауыты масайрап,
Паш етеді абырой мен еңбегін.

Төккен тері Рымды апа дегізді,
Құрмет көрді, сый таныды ең ізгі.
Төңірегі төрден орын ұсынып,
Сіз-біз десіп белден кешті теңізді.

Құрақ ұшты Рымды айтсам құрдастар,
Мақтанамыз Рыммен деп жүр достар.
Біздің Рым бөлек туған жан ғой деп,
Жақын-туыс ол да өзінше сыр бастар.



Рым десем, бәрі жұрттың мақтайды,
Мәнін сұрап, жөнін айтып жатпайды.
Құда-жекжат, көрші-көлем, білген ел
Мақтағаннан басқа сөзді таппайды.

Мақтан, Рым, ел сөзіне сене бер,
Халық айтса, қате айтпайды, кемеңгер.
Абырой мен бақытыңа марқайып,
Ұл-қызыңның бар қызығын көре бер!

ӨНЕРПАЗДАР ҰЯСЫ

Оразбековтер отбасына

Кенде емес Құдай берген дарыннан,
Той-думанның нақ төрінен табылған.
«Үлгілілер» бәйгесіне құлшынып,
Отбасымен шықты ортаға Ғалымжан!

Сыр сандығын азаматтың ашып көр,
Ірі фермер – ел таныған кәсіпкер.
Жары – Гүлсім, Қозы менен Баяндай,
Көрген халық әлі екеуін ғашық дер.

Жансаясы – СТА-да журналшы,
Бақытжанның – өлең мен жыр сырласы.
Оқуы үздік, студенті ЖезУ-дің,
Бұл шаңырақ – нағыз бақыт ордасы.

Арай шашып алдан күткен нұр таңы,
Көрген жандар куә болып тұр тағы.
Әйгілі ұстаз Тәжібаев Мұбарак,
Бұл жанұя – текті атаның ұрпағы.

Кәне, халқым, өздеріңде төрелік,
Аты озғанға әділ баға берелік.
Бұл шаңырақ – өнерпаздар ұясы,
Кел, ағайын, тамашалап көрелік!

ӘРЕҢ ТҮРМЫН

Әнші Айгүл Кулшекеноваға

Мынау ән шуақ па еді, шырын ба еді,
Үніңе ынтықтырдың дүйім елді.
Айгүлжан, тағы бір ән салып берші,
Үздігіп әрең тұрмын үзілгелі.


Әр күнің әдіптелді әдемі әнмен,
Алғансың лайықты бағанды елден.
Қол соғып қоймай отыр мына халық,
Бұл да – елдің ықыласы саған деген.

МАХАББАТТЫ АЯЛАҢДАР МӘҢГІЛІК

Жансаяға

Махаббат – сезімдердің бар асылы,
Махаббат – жүректердің жарасымы.
Махаббат – екі ғашық, егіз арман,
Жалғанда жалғыз Тәңір – жанашыры.

Қосылып арманына жеткендер бар,
Іңкәр боп ғұмыр бойы өткен де бар.
Жолында ғашығының құрбан болып,
Қапыда қоштаса алмай кеткендер бар.




Сезімге шідер салып түскен түнек,
Жетпеді бір-біріне сүйген жүрек.
Жандарды қара ниет қарғыс атсын,
Қызығын қос ғашықтың жүрген күндеп.

Сүйгендер – шын ғашықтар, дара жандар,
Бүгін де Қозылар бар, Баяндар бар.
Орын жоқ ортамызда Қодарларға,
Мәңгілік махаббатты аялаңдар!

Күлімдеп қарсы алыңдар нұрлы күнді,
Жырласын ғашықтарды бұлбұл үні.
Бар бақыт – сүйгендердің жүрегінде,
Сүйіндер, аялаңдар бір-біріңді.

ӘЛІ ДЕ БАР СИЯҚТЫ САҚТАҒАНЫ

Біледі ел Атабаев Сақтағанды,
Бұл Сақаң – сан өнердің ақтабаны.
Бұрылса сөз арнасы тарихқа,
Бұлтартпас талай дерек ақтарады.
Қазақтың түбін түптеп, жігін жіктеп,
Күлтегін, Тоныкөкке ап барады.
Сақаңмен құқық жайлы тілдесуге
Кәнігі юрист те сақтанады.
Зәуде бір есеп жайлы сұрай қалсаң,
Толады формулаға ақ парағы.
Шұбырып синус пенен косинустар,
Өзіңе тап беруге шақ қалады.
Орынсыз отырғам жоқ мақтағалы,
Бұл Сақаң айырады ақ-қараны.



Естісе шұрайлы жыр, сұлу өлең,
Күмәнсіз періштедей шаттанады.
Әйгілі дарындардың сөзін түштеп,
Алдыңа ақ көңілін ақтарады.
Кейде өзі де төп-тәуір өлең жазып,
Мен ақын емеспін деп ақталады.
Сақаңның біз білмейтін өлі талай
Ішінде бар сияқты сақтағаны.

ӨН БОЙЫҢДА ОТТАЙ ЖАНЫП ӨР АҒЫН

Сәтбаев қалалық мәслихатына үміткер
Әбулайс Түсіпбекұлы Молақовқа

Ерте есейіп, еңбекпенен ержеттің,
Қырық екі жыл өндірісте тер төктің.
Жер астының сары алтынын сапырып,
Забойларда сары мысты селдеттің.

Әке тыңдап, алдын көрдің ағаның,
Текті сөздің түсірмедің бағамын.
Ел дәстүрін, ата салтын ұстанып,
Ақ-қараның айта білдің адалын.

Ой-арманың – елің, жұртың, қоғамың,
Өн бойыңда оттай жанды өр ағын.
Тәуекелге түстің бүгін халқыңның
Көтерем деп көк аспанға жалауын.

Шағындасың шарболат боп жарқылдар,
Туған жер деп тау жықсаң да хақың бар.
Қарымың мен қуатыңа ел сеніп,
Арысым деп ардақ тұтар халқың бар!



БҰЛ – СЕНІҢ АЗАМАТ БОП ЖҮРГЕНДІГІҢ

Шалбас батыр шөбересі Мұрат бауырыма

Баласы бабаларға мақтан шығар,
Ұрпақтың амандығын Хақтан сұрар.
Марқайып мына тойға Шалбас бабам,
Бір аунап орынынан жатқан шығар.

Аз емес алқа тақсаң гүлден бүгін,
Бұл – сенің азамат боп жүргендігің.
Қырықта қамал алар дейді қазақ,
Мұратжан, құтты болсын үлкендігің!

Жақсының жақын тұтар сырласы бол,
Ақынның айта жүрер жыр басы бол.
Ардақты ағасы бол әулетіңнің,
Халқыңның арқа тұтар тұлғасы бол!



АРМАН БАР МА?!

**Бүкіл саналы ғұмыры мен тәжірибесін аймағымыздың
спортын дамытуға жұмсап, жарыс саңлақтарының
қанат қағуына өлшеусіз үлес қосқан спорт саласының
ардагері Ербосынов Қазі ағамызға**

Кешегі салтанат пен сайраныңның
Күәсі күлімдейді жайдары күн.
Қазеке, жастық шақта жарқыл қақтың,
Спортын алға сүйреп аймағымның.

Алтыннан жүлде тағып алқа алған бар,
Жат жерде ел намысын қайтарған бар.
Қолыңнан талай қыран қанат қағып,
Алдыңнан өтті талай майталмандар.

От қосып үміттерге, бағыт бердің,
Өзің де солар өссе бақытты едің.
Бүгінде бәрі осында ығай-сығай,
Отырсың ортасында шәкірттердің.

Қайнаған қайрат, жігер тұла бойы,
Бәрінің асыл еді арман-ойы.
Тамшылап аққан тердің ақталғаны,
Қазеке, қазағыңның абыройы.

Нар жүгін көтереді нарлар ғана,
Биіктер көз тігеді заңғарларға.
Сеңгірі сексен жастың жарасып тұр,
Қазеке, дәл өзіңдей тарландарға.



Амандық, бақ пен дәулет қолда барда,
Ғұмырдың қызығына тойған бар ма?!
Су жұтып шөпшегіңнің уысынан,
Шіркін-ай, жүзге жетсең арман бар ма?!





Үшінші бөлім

МЕЗГІЛ ӘУЕНДЕРІ





КЕЛ, НАУРЫЗ!

Жылдың басы Наурыз, көктем боп кел шуақты,
Көкорайға малындыр қырқа менен қыратты.
Тілегім бір, ойым бір, армандары тоғысқан,
Халқым бүгін мызғымас, бірлігімен қуатты.

Абзал ана, асыл жар, мызғымайтын бірлігім,
Жаңа жылым келді деп, жайраң қағып жүр бүгін.
Отым шалқып түндіктен, еңсем өсіп менің де,
Жарық әлем масайрап, аспанымда күл, күнім!

Төрлет, төрле, Наурыз, таңырқасын таң саған,
Жырым боп кел оралған, әнім боп кел аңсаған.
Көк байрағым көрінсе түндігімнен желбіреп,
Қазақпын деп мен бүгін, бар әлемге жар салам.

Құтты келдің, Наурыз, думан боп кел далама,
Шұғыла болып себеле, ой мен қырды арала.
Аспан астын ән мен күй, күміс күлкі кернесін,
Шаттық боп кел сәбиге, бақыт боп кел анама.

Сағындырған Наурыз, бір қуантшы мені де,
Досым болып нық басып, жоғарыла төріме.
Тойдың көркі дастархан – сарқылмайтын несібе,
Еңбегімнің жемісі – ырыс боп кел еліме.

Ұлы күнін ұлыстың халқым бүгін тойласын,
Мерекеге шашу шаш, ақ әжелер, қайдасың?!
Ортаймасын қазаным, той тойласын қазағым,
Ортаға түс, өнерпаз, қызық-думан жайнасын!



БІЗДІҢ АУЫЛ

немесе жолсерік ініге сыр

Жолыма серік болғасын,
Жолдасым дейін, бауырым.
Бұл жердің аты – «Қорғасын»,
Осы жер – менің ауылым.


Мен өскен ауыл – мына жер,
Мен басқан мынау топырақ.
Қуанып жатыр құба бел,
Құшағын жайып көк құрақ.

Самалы сипап, сағынған
Жаныма таптым жарасым.
Өзеннің арғы жағынан
Қол созды заңғар дара шың.

Қияға біткен еркелеп,
Елеңдей қапты көк терек.
Өткелді кешіп бұрылдым,
Еңіске қарай ентелеп.

Балалар кешке қосылып,
Жағажай міне мал баққан.
Көшелер жатыр көсіліп,
Доп қуып талай шаңдатқан.

Мынау үй маған тым ыстық,
Есімде сонау ерте күз.
Көз салсам болды қысылып,
Есімді алған ерке қыз.



Ерке қыз шығып ертемен,
Қарайтын еді ғарышқа.
Ойласам әлі өртенем,
Жүр ме деп жүдеп алыста?..

Арғы бет, өне, шахталар,
Көпестер қазған кешегі.
Қараңғы үңгір, қақпалар,
Сүп-суық ызғар еседі.

Айғақтап кеннің ордасын,
Ағыпты тау-тау қорғасын.
Көпестер кері қашыпты,
Қойыны-қоншы толғасын.

«Құлансай» міне, жасақты
Жолбарыс Кейкі жайратқан.
Күндер де өткен қазақты
Кісендеп торға айдатқан.

Заманым бүгін жаңғырып,
Тәуелсіз елдің таңы атты.
Тарих бетін таң қылып,
Рухын ұлтым жаңартты.

Аспанның асты арай күн,
Төрт түлік түгел төсінде.
Арманға ғана балайтын,
Шалқиды ырыс-несібе.

...Жолымыз бірге болғасын,
Жолдас боп кеттің, бауырым.
Аңыз қып сен де айта жүр
Ағаңның туған ауылын.



ШЕҢБЕРІМ

(Өнге арналған)

Аймалап жанға дауа жұпар желін,
Келеді қыр басында тұра бергім.
Көңілге қанат байлап жібергендей
Киелі топырағы туған жердің.

Желпіп өткен самалы
Жанға жағып барады.
Жұпарынан жұтсам деп,
Аңсап келдім даламды.

Шежірелі Шеңберім,
Ырысымсың сен менің.
Бақыт дарып, құт қонған,
Менің туған мекенім!

Туған жер, ұшқан ұям, тал бесігім,
Қосылып қалықтайды өнге есімің.
Сыланып құйқылжыған таңсәріден,
Ғажайып бұлбұл үнін жаңа естідім.

Көркіңе қуанбайды қалай жаным,
Айналып Айнакөлге талай бардым.
Қалқиды аққу өуен ақ айдында,
Сағынған өзің бе екен арайлы әнім?



ҰЛЫТАУ

Таусылмайды тарқатылар сыры әлі,
Көне тарих жетелейді тым әрі.
Елдігім мен ерлігімнің куәсі,
Көпті көрген қарт Ұлытау тұр өні.

Ай тұтылып, күні шыққан арайлап,
Ұлытаудың әр тасында бар айғақ.
Жан берісіп, жан алысқан сұрапыл,
Заман өтті ел басынан не ғайбат.


Бабалардың ұран болып ізгі үні,
Бұзылмаған береке мен бірлігі.
Барша қазақ басын қосқан ту тігіп,
Бұл Ұлытау – алты Алаштың кіндігі.

Бақытым бар басыбайлы жұрт болған,
Күнге жеттім халық болған, ұлт болған.
Ұлтымыздың ұраны боп жасай бер,
Қарт Ұлытау аруақ дарып, құт қонған.

Қуандырып, сүйіндіріп күллі елді,
Ұшарыңды аймаласын күн лебі.
Ұлар құсың қайта қонып басыңа,
Бағың жансын облыс боп іргелі!

ТУҒАН ЖЕР

Қиядағы тасыңа, Арғанатым,
Ойып басқан менің де қалған атым.
Биігіңді меншіктеп бала көңіл,
Бала қиял ғасырмен жалғанатын.



Жүз өрмелеп күніне Қотыртастан,
Дуылдаған өкшемнің отын басқам.
Күнгеіңе қыздырып қабырғамды,
Желдіадырдың желіне бетім тосқам.

Құздан құлап еңісті иректеген,
Ақ бұлаққа еліктеп билеп көргем.
Кәусарына қандырып сусынымды,
Жағалауға жата қап жидек тергем.


Құба жонды шандатып жалаңаяқ,
Құрбылармен жарысқам жалақ ойнап.
Жар жағалап Көксудан шабақ сүзіп,
Шортан ұстап қуанғам алақайлап.

Гәккуімен тербетіп таң самалын,
Аққулардың тыңдадым өн салғанын.
Туған жерді қия алмай қара күзде,
Айнакөлді айналып жар салғанын.

Қара жаңбыр ұласып ақ қыраумен,
Ақ көбікке малшынғам шапқылаумен.
Ауыл-үйді ұлардай шулатқанмын,
Итін қуып собық қар атқылаумен.

Қызық көріп қар көшіп саулағанын,
Жарқабаққа жата қап аунағанмын.
Бақалының талынан құрық қиып,
Ызғарына ақпанның жаурағанмын.

Балалықтың базарлы тойлап бәрін,
Құлыншақтай құлдырап ойнақтадым.
Он сегізде тұқыртып асау мініп,
Шарт түйініп төскейде қой баққанмын.



Малға шауып іңірде кәрі шулан,
Шегінбегем жалаң қол алысудан.
Күтір-күтір сындырып омыртқасын,
Бөлтірігін ұлытып әрі қуғам.

Жаныма жат жансебіл шолақ арман,
Шопандықты еркіммен қалап алғам.
Егіз туған қозыны көксоқтада,
Көйлегімді қақ бөліп орап алғам.


Жақсыларға жатсынбай таянғанмын,
Топқа түсіп, тойларда аянбадым.
Өнеріме қол соқты талай өрен,
Өлең менің – өмірлік саябағым.

Елге сыйлы ерлердің көзін көрдім,
Ізін жалғап көшелі сезімге ердім.
Тал бойымда жұрт таныр қылық болса,
Берін маған, туған жер, өзің бердің.

САРҒАЙҒАН ЖАУЫНГЕР ХАТТАРЫ

Соғыстың сұрапыл аптабы
Алыстап, қанша таң атты әні.
Қолымда қан майдан ішінен
Жазылған жауынгер хаттары.

Шетінде қызыл қан дақтары,
Көк түтін, мұңкіген оқ-дәрі.
Ұштары үлбіреп қырқылған,
Үшбұрыш жауынгер хаттары.




Қанша жыл сарғайып жатқалы?
Қанша сыр ішіне сақтады?!
Оқимын әр сөзін, әр жолын,
Қалдырмай қайталап хаттағы.

Әуелі сағыныш сәлемі,
Әр сөзі шынайы, әдемі.
Елітіп барады жанымды
От кешкен жауынгер әлемі:

«Жіберіп алыпшын аптаны,
Қу соғыс қол байлап жатқаны.
Аман ба ауыл-үй, туыстар,
Қалың ел, ағайын арттағы?!
Мал басы бүтін бе, қыс қалай,
Түсті ме Арқаның ақ қары?
Жақсы ма өкемнің құяңы,
Қарандыз тұндырып жаққалы?
Тәй басып жүрді ме кішкене ұл?
Апамның сүткенже аппағы!
Мен де сәл, қолымнан оқ тиіп,
Жақсымын, бір Құдай сақтады.
Жеңіс күн жақындап қалды ғой,
Туады қауышар шақ та әлі!..»

Құрыштай, көңіл нық, сенімде,
Қуат тұр жауынгер сөзінде.
Үш тұрдым өрекіп орнымнан,
Бойыма күш бітіп менің де.

Жүректің шертілген тәтті әні –
Табылды мына бір хат тағы.
Қиялмен табысып ғашықтар,
Сезімін жеткізген шақтағы:



«Айым-ау, сертіңе сенемін,
Нұр құйдың жаныма сен менің.
Біргеміз біз енді мәңгілік,
Күт мені, күт, айым, келемін!!!»

Сол күндер сұрапыл өткелі...
Қанша жыл жаңарды, көктеді.
Қырқылған желектер қайта өсіп,
Қыр асты не заман төкпелі.

Алаштың атқанда ақ таңы,
Тұрғандай боздақтар сапта әлі.
Отырмын солармен сырласып,
Қолымда сарғайған хаттары...


МОЙЫНДАУ

Қыздыр тойды, ей, асаба, ағыт ән,
Барды аяма мына келген халықтан.
Жалғзының тойында отыр Жақып шал,
Басы айналып осыншама бақыттан.

Жесін, ішсін, әкел тағы, қарама,
Жалғзынан шығар жаны садаға.
Тәубе, тәубе, оралыпты екеу боп,
Оқу іздеп аттанған ұл қалаға.

Бергеніңе мың шүкірлік, а, Құдай!
Той төрінде келіні отыр аққудай.
Ата-анаңнан айналайын өсіріп,
Әлпештеген, қанаттыға қақтырмай.

Кешіре гөр, пенделікті кеш, Алла,
Пешенеге бұйырмаса не шара?



Өттең, өттең, жалғызының қызығын
Кемпір байғұс көрмей кетті, бейшара.

Мына бақыт, бүгінгі той, мынау бақ,
Өз ананың ізгі арманын тұр жалғап.
Қуанышқа риза боп рухы,
Орынынан жатқан шығар бір аунап.

Той да өтті ән мен күйге бөлеген,
Ауыл осы кілең дарын, кіл өрен.
Жұлдыз біткен тәтті әуенге талықсып,
Ай да аунап бара жатыр төбеден.


Тарап болды тарқағандар желігі,
Қолтығынан сүйемелдеп серігі.
Үй сыртында күбірлескен екеу тұр,
Мынау, сірә, ұлы менен келіні.

Қорған болып қымтап жатыр ұл, рас,
Тәлтіректен тартынады келін мас.
Әлдене деп ашқан сайын ауызын,
Ағыл-тегіл төгіледі бір лас.

– Осы ма едің, ей, қу жалған тірілік?!
...Өзегі өрт боп бара жатыр үгіліп.
Шымыр еткен жүрек тұсын сипалап,
Шал бейшара жүре берді бұрылып.

– Жас қой әлі, үйренеді ғұрыпты,
Ысылады келін болып қылықты.
Ұлы тойда не болмайды, шіркін-ау...
Түске таман бәрін де шал ұмытты.

Түс демекші, тал түс бопты, ой, Алла-ай,
Ана екі жас әлі жатыр оянбай.



– Тұрсын енді, жіберіңдер біреуді,
Қарындары ашқан шығар, обал-ай!

Осылайша пәс көңілін бір демдеп,
Ер-тұрманын алмақ болды жөргемдеп,
Қақпа жаққа бұрылғаны сол еді,
Қағып өтті әлдебіреу өңмендеп.

– Дурак, дурак! Сенің ұлың, ол – дурак!
...Жап-жас келін шыр айналып жүр тулап.
Қауқарсыз шал құлап түсті тақырға,
Тізесіне оқ тигендей тыпырлап.


Басын шұлғып, айыра алмай оң-солын,
Қайталады жаңағы бір сөз соңын:
– Ұлың дурак!.. Әй, келін-ау, ол рас,
Енді білдім дурактығын мен соның.

«АЛТЫН ДА МЕНІҢ БОСАҒАМ»

Ұзату тойында Мөлдірдің қоштасуы

Атаның ғұрпы – ізгілік,
Келеміз жолын із қылып.
Ұямнан ұшып барамын,
Жаратқаннан соң қыз қылып.

Аттап бір шығып барамын,
Алтын да менің босағам,
Қимай да кетіп барамын,
Әжетай, қош бол, қош аман.



Айтқаның елім ақ десін,
Құт еріп, бірге бақ келсін.
Амандық тілеп алдыма,
Батаңды берші, Әкешім.

Үкілеп мені баптаған,
Үздігіп тыным таппаған.
Мейірі шалқар теңіздей,
Қош боп түр енді, ақ Мамам.


Алдыңа келдім еркелеп,
Соңыңнан ердім көкелеп.
Қайда жүрсең де қалқанды,
Мейіржан аға, жүр демеп.

Қызығын мәңгі жыр қылар,
Желекті күндер зердемде.
Сіңілім, құрдас-құрбылар,
Жолымды берсін сендерге.

Ықылас барда ырыс бар,
Жанашыр өзің ұғысар.
Пейілдеріңе ырзамын,
Қош боп түр, туған-туыстар.

ҚҰДАЛАР-АЙ!

Жолымыз бар, жоралғы бар, кәде бар,
Кәне, құда, құшағыңды аш, сәлем ал.
Сіз-біз дескен жалғастырып дәстүрді,
Сый-сыбаға танытуға дәме бар.



Құда-құда қуанышта табыстық,
Ықыластың дәл бүгінгі бәрі ыстық.
Дәм бұйырып, дастарханда жолығып,
Бата тілеп, бауыр жесіп, бал іштік.

Қуаныш та, қызығың да бізбенен,
Көңіл осы, құрмет те осы іздеген.
Жатсақ-тұрсақ жастық болып жайылған,
Құдалар-ай, неткен ғана ізгі ел ең!


СЕМЕЙ

Жасыл алқап, жердің сұлу көркемі,
Көріп едім ғажайып бір өлкені.
Адамдары бақ дарыған, құт қонған,
Жайсаң халық өскен, өнген өркені.

Айғақ болған ұрпақтарға сан қилы,
Ұлан-асыр ұлы дала шалқиды.
Осы өңірде Абай өні шарықтап,
Өлі күнге аспанында қалқиды.

Ұландары мұрат тұтқан өнерді,
Талай-талай тудырыпты өренді.
Бұл өлкеде ұлы Мұхтар ой толғап,
Ұлы кітап шарлап кеткен әлемді.

Қыздары бір керім еді-ау, әй, керім!
Сұлулықты осында ұқпай қайтемін.
Шашу шашып Ұлжан әже осында,
Келін болып бетін ашқан Әйгерім.



Аққулары сұңқылдасып көгінде,
Махаббатты жырлаушы еді тегінде.
Осы өлкеде ғашық болып Кебекке,
Еңлік қыз басын тіккен өлімге.

Өткен өмір ертегідей, елес күн,
Бұл даланы жерұйығы демес кім?
Әттең, әттең, қасірет пен кешегі
Жазылар ма салған дерті Кеңестің?

Қорқынышты өзі ғана атының,
Атың өшкір, қайдан шықты атомың?!
Бұл не тажал атажұртты аздырып,
У жыландай улап жатқан ақырын?!

Жұт та болған, жау да шапты, қан жұттың,
Құла түзде жаяу шұбап шаң жұттың.
Бәрін жеңген жаужүрек ел едің ғой,
Енді, Семей, қандай дертке шалдықтың?!

Жылжиды жыл, көктемі өтсе жазы бар,
Бәріне өлшем – уақыт деген қазы бар.
Ажал шашқан полигон да жабылды,
Мезгіл – емші, дертің де енді жазылар.

Келер күнге, кемел күнге сенейін,
Басқа қонған бақытыңды көрейін.
Олжалы боп, облыс боп жатырсың,
Қуанышың құтты болсын, Семейім!



АМАНАТ

Айлы кеште, аулақта жолықтырып ғашығын,
Сері бабам жүректің сырын шерткен жасырын.
Сөз байласып, серттесіп, сезімдерін жұптаған,
Ғашықтардың пірі едің, ана тілім – асылым.

Дәулет іздеп дүрлікпей, жиһан кезіп жер-көктен,
Киіз қоста екеуі тұңғыштарын тербеткен.
Жөргекте жыр тыңдамай қазақ ұлы өскен бе,
Қобыландыны жатқа айтып, менің әкем ержеткен.

Еншідегі тайлары оза шауып қатардан,
Тізгін ұстап бір күні әкем жігіт атанған.
Қарт атамның қашанғы ақ тілегі қабыл боп,
Шешем түсіп келін боп, әжемізден бата алған.

Қуанышқа жиылып үлкен-кіші, жамағат,
Жар-жар айтып, бет ашып сауық қылған ғаламат.
Ата ғұрпым – мақтаныш, көнермейтін қызығым,
Қашанғы уыз қалпында енді маған аманат.



КӨЛЕҢКЕ

*«Балаларымыз ана тілін ұмытты. Бәрінен де осы
жанымызға қатты батады. Біз тәрізді қарт адамдар
үшін өз балаларымызбен ана тілінде шүйіркелесе
алмаушылықтан өткен азап жоқ екен».*

*Газетке жарияланған бір топ соғыс және
еңбек ардагерлерінің хатынан*


Көрер таңым, жұлдызым, бөбектерім,
Сенерім жоқ сендерден бөлек менің.
Бесік жырмен тербетіп бесігіңде,
Қара өлеңмен жөргекте өбектедім.

Әлди-әлди талпындың, ботам, кімге,
Әжең бірге, өзіңмен атаң бірге.
Былдыр-былдыр сөйлей ғой, балапаным,
Әжем, атам, анам де, Отаным де.

Сөйле, сөйле, жан бөпем, тілегің не,
Не бар сенің кішкене жүрегіңде?
Балабақша барғанда кімді үйрендің,
Ыбырай де, Абай де, Ұлы елім де.

Ұлы бабаң Бұқарды біл, апағым,
Біл Жамбылдай телегей бұлақ барын.
Жырын оқып Мағжан мен Шәкәрімнің,
Айтып берші Сәкеннің бір тақпағын.

...Жетпеді ме сауалым жетесіне,
Кішкене ұлым көшті де төтесіне:
– Әкем не деп отыр? – деп сұрақ қойды,
Орысшалап үлкендеу төтесіне.



Мені ұғатын қызымда бар ма шама,
Осы күні бәрі сол, бала-шаға.
Жаутаң-жаутаң қарайды жалынышпен,
Түсінбедім дегендей қазақшаңа.

Есеңгіреп отырмын жаным жүдеп,
Не шараң бар, төзбесең жарыл, жүрек.
Үміт күткен ұрпағым осы болса,
Ертеңімнің қайтемін барын тілеп.

Ана тілім, киелім, күйің міне,
Мен бе жалғыз өртенген күйігіңе.
Құлындарым, күн жетті түсінетін,
Кім кінәлі, бәрінің түйініне...


Аман болсын Қазағым, қарасыным,
Биік болсын дәстүрім, дара шыңым.
Ар-намысым, асылым – Ана тілін
Ала көрме жоғалтып, қарашығым.

1988 жыл

КҮНГЕЙ

Иір-иір ғасырдың иінінен,
Ата мұра, халқымның сыйы білем.
Қара өлеңі қазақтың – қара маржан,
Тамсандырған талайды түйінімен.

Қаратаудан шұбырған қаралы күн,
«Елім-айлап» егілтіп дала мұңын.
Оттан, судан тұншықпай аман өткен,
Қүдіретіңнен айналдым, ана тілім!



Жоғын жоқтап жаншылған азаптының,
Төңкерісте естілді азат үнің.
Енді, міне, іргелі отау тігіп,
Керегенді кең жайдың, қазақ тілім!

Заманымның күлімдеп жарық таңы,
Қара өлеңім көгіңде қалықтады.
Қазақ жұртын оқыды төржімалап,
Жер шарының сан түрлі халықтары.


Жаса, жаса, нұрлы өлкем, жасыл дала!
Кеудемнен жыр өрейін асыл ғана.
Өс өркендеп, киелі ана тілім,
Бағың жансын жұлдызды ғасырда да!

БІРЕУЛЕР...

Біреулер көлеңкені шуақтайды,
Біреулер шуақты да ұнатпайды.
Ал біреу сарша тамыз самалынан
Өңіне өрт тигендей жырақтайды.

Кейбіреу біреулерді құр даттайды,
Күңкілі құлағыңды құрғатпайды.
Қараны ақ, ақты қара боямаса,
Дұрыстап тамағына ас батпайды.

Арамза адал болсаң жаратпайды,
Жақсы мен тәуіріңді қарақтайды.
Алдына ісің түсіп бара қалсаң,
Ашулы есігінен қаратпайды.



Кейбіреу соқтығуға жар таппайды,
Нан пісіп кеудесіне шалқақтайды.
Ал біреу аяқ басса үрейленіп,
Шарасыз жан-жағына жалтақтайды.

Өркімді өмір өзі салмақтайды,
Жақсыны халық біліп ардақтайды.
Жамандар қоқсық теріп бұралқы итше,
Ере алмай көш соңында салпақтайды.


ЖАРАМАСА ЖҰРТЫҢНЫҢ КӘДЕСІНЕ...

Дәулет қуып, дүние-дүрмекпенен,
Абырой, ар қалды ма кірлетпеген?
Тиын көрсе туғанын сатып кетер,
Ағайынды жайлады індет деген.

Сықырлаған, есін ап, қызыл ақша,
Байлық-мансап жияды ебін тапса.
Шыр біткені шіреніп шыға келер,
Өзін-өзі көтеріп бір-бір патша.

Жайлы қоныс, қызмет жалақылы,
Төр сонікі, тәуір сол, сол ақылды.
Төңірекке қарайды шекесінен,
Өз әкесін менсінбей бала құрлы.

Сүрінгені өзгенің күлкі бұған,
Іші лаң, сыланған сырты «қыран».
Самғап жүрген болады өз әлінше,
Аспай жатып құрсақ пен құлқынынан.



Тәрік қылған туғанын тойса қарын,
Осы ма еді, жұртым-ау, жайсаңдарың?
Шынымды айтсам, жер басып мен солармен
Қатар өмір сүруге тайсаламын.

Арыла ма айтпаса күмән-қайғы,
Ақиқатсыз ақынның жыры оңбайды.
Орда бұзар отызда ұлың мынау,
Елдің қамын, ағайын, кім ойлайды?!


Өлген өшіп, орыны мың көктеген,
Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеген?
Жарамаса жұртыңның кәдесіне,
Дүниеден не қайыр тірнектеген?!

ПЕНДЕЛІК

Ақты ақ деуге жетеді ақылымыз,
Қара деуге қараны хақылымыз.
Қара қылды қақ жардық дейміз-дағы,
Алжастырып тынамыз ақыры біз.

Ортамызды он бөліп саралаймыз,
Тәуір досты ерекше даралаймыз.
Есік пен төр арасын екшеп жүріп,
Жанашырдың жүрегін жаралаймыз.

Қошеметті көңілге сеп қыламыз,
Көз сүзгенге күлімдеп бет бұрамыз.
Ең арғысы, әйтеуір, балаға да
Жұрттан бұрын ұнасақ деп тұрамыз.



Бар ұлағат осы ма ерден күткен,
Шындық қайдан шығады елден бүккен?
Бұл жалғанға жапсырып жаба бермей,
Бір арылып көрелік пенделіктен.

ТАНЫП АЛ


Адамды адам білгенінше қорлаған,
Өткен дейді неше түрлі көр заман.
Қолдарына кісен салып, қосақтап,
Құлға айдапты ұл-қыздарын сорлаған.

Қиянаты адам естіп болмаған,
Хандар өткен қан ішуге тоймаған,
Адам басын допша қағып ойнаған,
Ойласаңдар, ей, ағайын, ол да адам.

Ілиясты, Сәкенді атқан – бәрі адам,
Адам ата, Хауа анадан тараған.
Қанша боздақ тас түрмеде тұншықты,
Жазығы жоқ, жапа шегіп жаладан.

Бөрліктіріп тыныш тұрған аспанды,
Қанша лаң ел ішіне тасталды.
Қай қарақшы қызыл қанға бояған,
Желтоқсанда жазығы жоқ жастарды?!

Айта берсем, іштегі мұң тарқар ма,
Ей, қанды қол, қылмысыңнан жалтарма.
Не пиғылмен арандатып, оқ аттың
Бейбіт елге қасіретті қаңтарда?!



Ұлыс жерін ата қазақ қорғаған,
Даулап жатыр бүгін де бір оңбаған.
Басқа басқа-ау, есуасты көрдік-ау
Ұлы Абайдың аруағын қорлаған.

Заманы өтті азулының әлі бар,
Оян, халқым, не бар енді тарылар?
Жау да, дау да өз ішімде екен ғой,
Жалтақтамай оң-солыңды танып ал.

ЖҮЙРІККЕ ЖҮЗДЕН ОЗҒАН ӨКПЕЛЕМЕ

Қабаттап киген ішік, оранған тон,
Жылытпайды бойың мұздап тоңғаннан соң.
Ақпанның аязына кінә қойма,
Шілденің шымшығы боп туғаннан соң.

Қамықпа құр жаныңды қапа қылып,
Кетер деп шаң қаптырып, таба қылып.
Жүйрікке жүзден озған өкпелеме,
Тағдырың жаратқасын шабан қылып.

Қияға көтерілсе мұзбалағым,
Бар ма еді қырын қарап қызғанарың?
Жалпылдап жарқанатша шарасыздар,
Білемін іші күйсе түз жаларын.

Найзағай жарқылына жаны сыздар
Тек қана жүрегі отсыз, жалынсыздар.
Басқаның басқан ізін көре алмайды
Бейшара, көңілі соқыр дарынсыздар.



КҮЙКІЛЕР КҮЛКІ БОП ЖҮР...

Берін де саралайды сыр аңғарған,
Күйкілер күлкі боп жүр ұрандаған.
Желіккен айтақшыға әулекі иттің
Тірсегі бөрі көрсе бұрандаған.

Барса да ібіліске жол айналып,
Ондайлар отырмайды он ойланып.
Туысып, шайтан болып шыға келер,
Жамылған шапанының өңі айналып.

МҰРАТҚА ЖЕТКІЗЕДІ БІРЛІК ҚАНА

Көлгірсіп не қылайын мақтап көпті,
Кіл білгіш, өңкей шешен қаптап кетті.
Жұртым деп шулағандар өңеш жырға,
Өнбейтін өзге дауды жоқтап кетті.

Құр мылжың, құрғақ атақ несібе ме,
Бос сөзден пайда бар ма есіл елге?
Бір қазақ бес бөлініп даурыққанмен,
Түйіні дүниенің шешіле ме?!

Жүз сұрақ, қырық сауал қаумалаған,
Жұртым-ай, күн қалмады-ау даудан аман.
Сүйретіп шортан суға, аққу көкке,
Қалмасын көш соңында арбаң ауған.

Ақыл – дос, сана – серік, шындық – ана,
Құрметтеп өзінді-өзің, күліп қара.
Отыз ұл бір шешеден тусаң-дағы,
Мұратқа жеткізетін бірлік қана!



ЖАН АНАҢНЫҢ ЖАРАЛАДЫ ЖАНЫН МҰҢ

Жиенім Таңатқа

Қайран өмір өте шықты қас қағым,
Қас қағымда төңкерілді аспаным.
Қош дей алмай кете бардың ғайыпқа,
Ллестіріп ажал атты ақ сағым.

Жарық өлем, қас қағымда тарылдың,
Жан анаңның жаралады жанын мұң.
Төрт құлының қала берді шырылдап,
Жалғандығы осы екен-ау жалғанның.

Жан жарыңның жанарына шық тұнды,
Сары уайым өке белін бүктірді.
Туыс-туған қабырғасы қайысып,
Алыс-жақын ағайының тік тұрды.

Көрмеп едің кеуде керіп, төс қағып,
Жаның жайсаң адал едің досқа анық.
Жыл артынан жылдар жылжып барады,
Бауырларың отыр сені еске алып.

Қабыл айлап көп тілегін Жаратқан,
Орыныңды нәсіп еткей жәннаттан.
Рухыңа қол жаямыз дұға оқып,
Жатқан жерің жайлы болсын, Таңатжан!



СЫҢАР БҰЛАҚ

Айта алмай қалқажанға назым қалған,
Сағыныш – сары жайлау, жазың маған.
Алыстан аңсап-шаршап жеткенімде,
Аптабың қарсы алды ғой азынаған!

Сыңсиды сынық құрай алаңқайда,
Жарбиған жапырақ жоқ қалақайда.
Кешегі жер ұйығы секілденген,
Дариға, желкілдеген далам қайда?!


Бір келу қиял еді көптен бергі,
Көк терек көрінбейді бөктердегі.
Өзі жоқ, орны жатыр үңірейген,
Белгісіз жау шапқаны, өртенгені.

Үзіліп сабағынан шырын тамған,
Бүлдірген – бұрын да арман, бүгін де арман.
Таба алмай жалғыз талын жер шұқылап,
Зар болдым иісіне мұрын жарған.

Келген бе алабөтен заманақыр,
Айнала ат шаптырым қара тақыр.
Тұрлаусыз қу тақырдан күдер үзіп,
Қаңғырып жалғыз киік бара жатыр.

Сеземін, есім бүтін, санам дұрыс,
Алқынып, ауа жетпей алам тыныс.
Төнгендей тозақ оты дүниеге,
Құдай-ау, не боп кеткен жаратылыс?!

Білмеймін, кім кінәлі, кім кінәлі,
Несіне сұм жүрегім бұлқынады?



Ұмытқан ержеткен соң өз ұясын,
Күніміз өгей ұлдай құрсын әрі.

Жұртында отырғандай көшкен елдің,
Қарауға төңірекке сескенемін.
Көк мұнар көңірсiген көзді байлап,
Байыбын ойлатпайды ештеңенің.

Тіл-көзден тек әйтеуір Құдай қағып,
Еңісте сыңар бұлақ жылайды ағып.
Бетiмді айғыздаған ащы жастай,
Толқыны домалайды лайланып...


СҰРЫПТАУ

**«Сарыарқа» газетінің 1994 жылы ақпандағы санында
жарияланған журналист Батырбек Мырзабековтің
ашық хатына Жезқазған қаласы әкімінің жауабы**

Не қиындық кездеспеген халыққа,
Нәубетке де, төзіп көрген тамұққа.
Шыр айналып дөңгеленген дүние,
Енді келіп тіреліп тұр нарыққа.

Тағдыр тартқан несiбесi аз шығар,
Бiреу жүдеу, бiреу ұтып мәз шығар.
Бұл да әйтеуір көшпен көрген ұлы той,
Тiрi жанға жайраң қағып жаз шығар.

Ал тiршiлiк шұбырынды жол емес,
Үмiтсiзге үңiрейген көр елес.
Бүтiн елге жазға шығып не керек,
Тiрi жүру көрiнгеннiң қолы емес.



Масыл қылмай ауру менен арықты,
Сұрыптауға салу керек халықты.
Қабырғасын қырау басқан үйлерге
Бермеу керек жылу менен жарықты.

Құбырларға бір тамшы су бермесін,
Шал мен кемпір шай іше алмай шөлдесін.
Тас еденде дірдек қаққан балалар,
Ал, кәнеки, мықты болса өлмесін.

Сұрыптауды салу керек халыққа,
Ит тірілік неге керек ғарыпқа?
Өле берсін шыдамаған әлсіздер,
Тек мықтылар қалу керек нарықта.

ДАРХАНДЫҚ

Не жетеді шынайы ұғысқанға,
Дәм-тұз дайын, төр міне туысқанға.
Дархан далам – торабы тоқсан жолдың,
Батыстан да тоғысқан, Шығыстан да.

Дәстүріміз жарасқан, сөніміз де,
Жалғасады сан ұрпақ әлі бізге.
Қараша үйге қазақы алты қанат,
Көңіл сыйса, сыямыз бөріміз де.

Ата-баба сыйынған киесіне,
Қалған қара шаңырақ, үлес міне.
Шығып алып төріне қожайынсып:
«Кімсің, әй?!» – деп жүрмейік иесіне.

Жолдан тайған, ант бұзған атанбайық,
Ана сыйлап, атадан бата алайық.
Көк аттыны көлденең көсемсітіп,
Қырық рудан қосылған ат алмайық.

Салтым ортақ, дәстүр бір бәрімізге,
Пиғылы жат, орын жоқ тәлімсізге.
Қараша үйге қазақы, алты қанат,
Көңіл сыйса, сыямыз бәріміз де.


СЕНІМ

Тірімін бе мен осы, тірімін бе?!
Тірілердің шынымен бірімін бе?!
Өгей үйде жүргендей жарым көңіл,
Жадау күйден шаршадым түңілуге.

Тірімін бе шынымен, өлімін бе?!
Мұндай сұмдық көрмеппін өмірімде.
Шұршіт жегіп құлдыққа, дүнген сабап,
Қарамайды кімсің деп көңіліме.

Қазақпын ба мен өзі, өзгемін бе?!
Тағдырыма көп болды төзгеніме.
Өзге түгіл, шүлдірлеп жөн сұрасам,
Өз қазағым ілмейді көзге мүлде.

Тірі де емес, өлі емес, шаламын ба?!
Шала-жансар осылай қаламын ба?!
Адам болып қай күні қосыламын,
Арда қазақ, азат ел қатарына?!



Ей, кең әлем, құлақ түр дабылыма,
Сенген жанмын мен өзім сабырыма.
Менің мәңгі өлуім мүмкін емес,
Қазақ қаны тұрғанда тамырымда!

Өткем талай тамұқтан, тозақпенен,
Мазақ көргем, қиямет, азап көргем.
Аман жеткен бүгінге бәрін жеңіп,
Батыр халық мен болам қазақ деген!

АЙТА АЛСАМ АРМАНЫМ ЖОҚ

Дәмдестім естімен де, ептімен де,
Жақсымен, жайсаңмен де, тектімен де.
Шықтым деп ел алдына мақтанбаймын,
Дөңгелеп жарты өмірім өтті демде.

Өтті ғой қас қағымда желікті күн,
Сұлу мен сырын ұқтым көріктінің.
Бүгінде аңыз болды інілерге
Басар із, тура жолға беріктігім.

Көргенмін шуақты да, дауылды да,
Көтердім жеңілді де, ауырды да.
Мойныма тау арттым деп айта алмаймын,
Адал төккен теріме қауым куә.

Өнерден кенже қалған жоқ-ты кезім,
Өрілген өн бойымда отты сезім.
Хан алдында тұрсам да тура қарап,
Айта алсам арманым жоқ көптің сөзін.



ӨЗІМЕ

Ақиқатты жөнің жоқ санамасқа,
Қатар жүріп тілек қыл замандасқа.
Бәрі бірдей тең емес бес саусақтың,
Сезім басқа әркімде, сана басқа.

Сезім басқа, жан басқа, сана басқа,
Айыра біл жақсыны, жаза баспа.
Жақсылардың ықылас-пейіліне
Төбіреніп кетпей ме қара тас та.


Алақұйын мінезі, алақашпа,
Жұғымсызбен жұғысып араласпа.
Жақсы-жаман арасы күн мен түндей,
Қара түнге қамалып қара баспа.

Қара жүрек жандардың үкімі тар,
Көрсетпейді көлгірсіп бүтін ажар.
Көкірегі от деме күпсінгенге,
Көңірсіген ішінде түтіні бар.

Күйкі тірлік – құм сүрлеу, қысқа бөрі,
Жел үрлесе алды-арты қысқарады.
Ұлағат қып ұрпаққа айта жүрер,
Жақсылардан жалғасып із қалады.

АРЗАН СӨЗГЕ САЛЫНБА

Сағым қуып сабылма,
Жоқты көксеп сарылма.
Өмір жайлы қозғай бер,
Бос қиялдан арыл да.



Айтар сөзге тарылма,
Арзан сөзге салынба.
Ащы айтсаң да ашық айт,
Адалыңнан жарыл да.

Төк жырыңды, жаңылма,
Шабытыңның барында.
Сәтті кезің жалт берер
Бір ғана қас қағымда.

ӨЛЕҢ-ЖЫРЫМ – БАЙЛЫҒЫМ

Жанкешті жан емеспін жай құшатын,
Ойым жоқ, арман да жоқ айға ұшатын.
Ел-жұртты тамсандырған өнері жоқ,
Елеусіз мен боламын байғұс ақын.

Ауыл-үй аманбысың көршім дейді,
Құрбы-дос бір жыл туған төлсің дейді.
Несі бар ми қатырған машақатпен,
Өлеңді майлап берсең менсінбейді.

Ал менің жырға ғана құмар жаным,
Жоқ менің жырдан басқа мың арманым.
Әуес боп ағайыннан көргеніме,
Бірғалып «Лимузинге» міне алмадым.

Ұстаған уыс-уыс айлығым жоқ,
Бере ме, жоқшылықта қайырым жоқ.
Тірелген дүние шіркін қайдан бітсін,
Тіріде жырдан басқа байлығым жоқ.

Жыр ғана өзегіме ас қылғаным,
Жыр жазсам тау суындай тасқындадым.

Жоқ-барды құрастырып қырық құрақ,
Жинақ қып ел қатарлы бастырмадым.

Өзгенің күндемейін сайран бағын,
Ақыры мен де бір күн сайрандармын.
Бір шумақ өлең жазсам дені дұрыс,
Мен байғұс өзіме-өзім пайғамбармын.

СӨНБЕЙДІ ШАМШЫРАҒЫМ!


Шыққан жоқ жігіт болып жаман атым,
Ардақ тұттым атаның аманатын.
Туыс-туған, дос-жаран, жора-жолдас,
Құрметіне бөледі жамағатым.

Жүргенде ақтармын деп адам атын,
Сақтай алмай сау бастың саламатын,
Дәрменсіз күйге түстім қас қағымда,
Ай-жылдап емханаға қамалатын.

Мұң шағып, кімге барып сыр айтайын,
Кімге керек ендігі құр айқайым?
Мойын бұрып қарасам, маңайымда
Хал сұрайтын қалмапты бір ағайын.

Алыстады жалт беріп арман күнім,
Кешегінің бірі жоқ, жалған бүгін.
Көрген қызық, бал дәурен көзден ұшты,
Жаңа білдім жалғанның жалғандығын.

Қалжырадым. Қайтейін, қалжырадым,
Кім біледі қаншаға хал шыдарын...
...Қайғырма, ұлым, тұр, қарсы ал таң шуағын,
Сен жүргенде сөнбейді шамшырағым!



Беу, жыр-өлке, саған да жерік едім,
Жөргегімнен дарыған серік едің.
Сырласым боп сен маған қиын кезде,
Қайратымды қамшылап, сенім бердің!

ЖАҚСЫМЕН КӨҢІЛ ЖАЛҒАДЫМ

Өтірік сөзге бармадым,
Мақсатыма жетем деп.
Жалған күле алмадым,
Реті солай екен деп.

Беттің арын сатпадым,
Арзан ойға желігіп.
Жоқты-барды шатпадым,
Жөн білген боп көрініп.


Жақсымен көңіл жалғадым,
Адал жүрек, ақ ниет.
Жаманға күнім салмадым,
Тұрса да қолмен көк тіреп.

ҚИМАЙСЫҢ, ҚИЯ АЛМАЙСЫҢ, ИЛАНБАЙСЫҢ

Абдолла ініме Дариға келіннің қырқында айтқан жұбату

Өлшеулі ғұмыры да, қызығы да,
Ырысы есептеулі, ырзығы да.
Өзі берді Тәңірі, алды өзі,
Бір Алланың бәрі де құзырында.

Білем, әлі сонда да қия алмайсың,
Кетті деуге қимайсың, иланбайсың.



Оңашада көзден жас мөлдірейді,
Өзекті өртеп ақиқат имандай шын.

Жаныңды жеп, батқанда қабырғаңа,
Уайымды басады сабыр ғана.
Жатқан жері жұмақтың төрі болғай,
Қаза қылма дұғаңды сағынғанда.

Езілгенін білемін жүрегіңнің,
Сынағы ғой, қайтеміз, бұл да өмірдің.
Болған іске, Әбеке, болаттай боп,
Амандығын баллардың тіле бүгін.


АЛМАСАДЫ ДҮНИЕ

Ажал шіркін жетеді бәрімізге,
Көз жұмармыз дем бітіп әлі біз де.
Пендеміз ғой қас қағым қызық үшін
Тыраштанған қарамай әлімізге.

Сырт айналып дүние төрін берген,
Жарық әлем сөнеді, соны білем.
Көкті тіреп тұрсақ та тіршілікте,
Құтқармайды бәрібір өлім деген.

Тірілікте бәрі де, тірілікте,
Бәсеке де, байлық та, ірілік те.
Асылың мен алтының – құр алданыш,
Өлгеннен соң тұрмайды құны түкке.

Қалса, қалар кербез тау асқаралы,
Қалар мына паң дала, таң самалы.
Біз кетерміз, шалғында біз аунаған,
Бүгінгідей кіл жастар ән салады.



Туған жерді жаңғыртып, сай-саланы,
Біз шырқаған ән-жырды айтар әлі.
Біз отырған еңісте кәрі емен жоқ,
Орынында жас шыбық жайқалады...


Ой мен қырды боз қырау, қар басады,
Алмасады дүние, алмасады.
Бабалардың ізімен біз кетерміз,
Ұрпағымыз ұрпақпен жалғасады...

ТАРИХ ӨЗІ БЕРЕДІ ТҰҒЫРЫҢДЫ

Өзіңді елден ерек дарасынба,
Еліңнің баласы бол арасында.
«Ұлық болсаң, кішік бол» деген сөз бар
Әлімсақтан қазақтың санасында.
Тарих өзі береді тұғырыңды,
Естісің бе, ерсің бе, данасың ба?!

Ақын болсаң ұшырған арман құсын,
Айт жаңылмай ғасырдың толғанысын.
Елі үшін кешегі еңіреген
Нар Махамбет, ұлы Абай болғаны шын.
Ақтамберді сауытын оққа тосқан
Исі қазақ жұртының қорғаны үшін.

Алты Алаштың қосам деп ұлы күшін,
Бұқар баба шарлаған ұлыс ішін.
Жер үстіне солар да сыйып жүрді,
Даңғазаның шарасыз күні құрсын.
Сәулең болса кел, досым, жарқылдап қал,
Шын асылдың сен де бір сынығысың.



Кеуде қағып әйтеуір дарасынба,
Баласы бол еліңнің арасында.
Халық өзі береді тұғырыңды,
Естісің бе, ерсің бе, данасың ба?!

ТАУЫП АЙТСАҢ...

Қолқаласа қауым боп қолға алып,
Жігітке ауыз ашпау обал анық.
Қалтарыста қалғи бер отыр-дағы,
Толтырылған торсықтай домаланып.

Айтар болсаң, айтып қал сарала да,
Пейіл ортақ балаға, данаға да.
Сорақы сөз – сұр жебе жазым тиіп,
Абзал достың жүрегін жаралама.

Тауып айтсаң, тілден бал тамшылайды,
Тыңдағанға аспан кең, таң шырайлы.
Кіл жақсыдан дүние жаралғандай,
Төңірекке шапағат шашырайды.

КӨК ТҮТІН

Бұрқырайсың, бықсисың, тыйылмайсың,
Кәрі қойдың сусінді қиындайсың.
Күйіп-жанып, өзіңше өртенесің,
Әлем-жәлем әйтеуір туындайсың.

Алау болсаң, жарқыра осып түнді,
Шуағыңа жылындыр қосып күнді.
Кімге керек, әйтпесе, құр лоқсытып,
Көңірсіген көденің көк түтіні?



ТОЙБАСТАР

Сөйлейін сөздің арлысын,
Шарықта үнім өуелеп.
Ағайын-туған, армысың,
Аман ба, жұртым, әлеумет?!

Көмейде маржан сыр тұнар,
Тыңдаймын десең еркіңде.
Жөргектен шыға жырқұмар
Құрбылар, тойға келдің бе?!

Сан шығып сенің алдыңда,
Өрелі өлең өрген ем.
Ағалар, күтіп қалдың ба,
Аталы сөзге шөлдеген?!

Ақының едім сағынар,
Алдыңда жүрсем арман ба?
Қабыл ал, халқым, қабыл ал,
Думан бар бүгін орданда.

Сахна төрін сән қылып,
Салтыңды, жұртым, әйгіле.
Сарыарқа төсін шаң қылып,
Жүйріктер шықсын бәйгеге.

Толғауын тыңда жыршының,
Шешендер тілді безесін.
Бұлбұлдың үні – бал-шырын,
Балдәурен бір күй кешесің!



ТОЙШЫЛ ХАЛЫҚ – БҰЛ ҚАЗАҚ

Қызы – ерке, ұлы – азат,
Тойшыл халық – бұл қазақ.
Күй жәрмеңке, ән шашу,
Қызық думан бір ғажап.

Науырызда – Ұлыс той,
Жұбайларға – күміс той.
Тойларыңыз көп болсын,
Той дегенің – ырыс қой!

КЛАСТАСТАР КЕЗДЕСУІНДЕ

Сағыныш басылар ма жүректегі,
Құлпырып қырда қанша гүл көктеді?!
Мерейтой құтты болсын, сыныптастар,
Кешегі бір кластың түлектері.

Арайлап алдымыздан таң самала,
Өріп ек бір ұядан қанша бала?!
Бүгінде ел ағасы болып қаппыз,
Ел үшін қызмет қып сан салада.

Өмірдің астыңыздар асқарларын,
Білемін әр жүректе дастан барын.
Ақтарып сыр сандығын бүгінгі кеш,
Қосылып, кел, шырқайық достар әнін!



МЫҢ АЛҒЫС САҒАН, МЕКТЕБІМ!

Сыңғырлап күміс қоңырау,
Қолымда алғаш Әліппе.
Гүлдесте толы омырау,
Ынтық боп тұңғыш әріпке.

Ілестім білім көшіне,
Құшағын жайып арманым.
Есікті ашып, есімде
Сабаққа алғаш барғаным.

Жанымды тербеп жыр-дастан,
Жалынын төкті көкте күн.
Есімде сонау нұрлы аспан,
Есімде әлі мектебім.

Шуақты шақтар есімде,
Ұстазымменен сырласқан.
Ғажайып күндер – несібе,
Жадырап сонау қыр асқан.

Білімнің шалқар ордасы,
Тұнығын кештім ғаламат.
Іргеден өрген жол басы –
Ертеңге барар аманат.

Үмітім жанды, ұғамын,
Өмірдің астым өткелін.
Мың алғыс саған, мұғалім,
Мың алғыс саған, мектебім!



МӘҢГІЛІК ЕЛ

Жайнай бер, жас ұланым жаны жалын,
Елтаңба – ел тұмары, бағым, арым.
Нық ұста көк байрағын Қазағымның,
Әлемге асқақтатып Әнұранын.

Жаһанды бірлігіме таң қылдық дер,
Жаңа күн, жаңа дәуір жаңғырып кел.
Танылып Ұлы дала бар ғаламға,
Жасай бер, жаса, жаса, Мәңгілік Ел!


ЖАҚСЫСЫН ХАН КӨТЕРГЕН

Төрені тақ көтерген,
Қараны ақ көтерген.
Тағдырға шара бар ма,
Жаманды бақ көтерген.

Ауырды нар көтерген,
Байлықты бар көтерген.
Қазақтың Құдайы жар,
Жақсысын хан көтерген.

АЗАМАТ БОЛ ҚАНЫШТАЙ!

Бүлдіршінім, немерем,
Тәп-тәтті едің не деген!
Сенің күміс күлкіңнен
Қуанышқа бөленем!



Қуанамын мен бүгін,
Қаз-қаз басып кел, күнім.
Алдынан шық атаңның,
Бірге толдың сен бүгін.

Күтіп қанша аңсадық,
Осы күнді тамсанып.
Түсімде ұлы Қанышты
Тұрушы едім қарсы алып.

Қызығыңды тойладым,
Қылығыңа тоймадым.
Ырым етіп атыңды
Ғабдулғани қойғанмын.

Жігіт боп өс арыстай,
Қатарыңнан қалыспай.
Атыңа сай, құлыным,
Азамат бол Қаныштай!

ҰЛЫМ МЕН КЕЛІНІМЕ ТІЛЕК

Үкілеген үмітім, қос құлыным,
Мерейім өздеріңмен өсті бүгін.
Керегемді кеңейтіп кие қонған,
Екеуің өркен жайып өс, құлыным.

Қайырлы, құтты болсын қадамдарың,
Қызық пен құтқа толсын отауларың.
Ақ бата, айтқан тілек қабыл болып,
Бақ қонсын бастарыңа, боталарым!



ТУҒАН АУЫЛ ТҮТІНІНІҢ ИСІ МЕ?

Сағыныш ол туған ауыл түтінінің исі ме,
Достарым ба әлде күнде көретұғын түсімде?

Хаттарым ба ақ қағазға маржан болып тізілген,
Сағыныш па жан анамның кірпігінен үзілген?

Сағыныш ол аққу ма екен айдынына оралған,
Әлде маған жеткізбеген көкейкесті көп арман?

Ақ түндерде сызылта бір ән салатын кезім бе,
Ақ көбелек адастырған әлде тағы өзің бе?!


САҒЫНЫШ

Сағындым бауыр құшағын,
Жолыма қарап тос, аға.
Аман ба құтты ошағың,
Аман ба алтын босаға?!

Төбеңді көріп еңселі,
Бір жасап қалдым жадырап.
Сағынып келдім мен сені,
Армысың, ата шаңырақ!

Көзінде жас тұр мөлдіреп,
Жеңеше, сені сеземін.
Қуанса жылар елжіреп,
Анамнан қалған көз едің.

Ойынға ұлдар тойды ма?
Шақыршы үйге ертерек.



Секірсін шығып мойныма,
Естері шығып еркелеп.

Отаудан сауқат әкелдім,
Татыңдар дәмнен, ағайын.
Орнына аунап әкемнің,
Ортаңда біраз жатайын.

СЕЗЕСІҢ...

Көңіліңді жықпайды,
Айтқаныңды құптайды.
Жақындаса келгенде,
Жан дүниенді ұқпайды.


Сезіміңді жұптайды,
Уәдемен мықтайды.
Сендік емес, сезесің,
Сеніміңнен шықпайды.

НҮРГҮЛГЕ

I

Өмірдің сәні, мәні мен,
Жап-жарық күндей жаным ең.
Жаным-ай, сені жоқ деуге
Сене алмай жүрмін әлі мен.

Жоқ еді бойда бір мінің,
Қолымнан ұшты бұлбұлым.
Елеңдей берем естірдей
Үніңнің ерке сыңғырын.



Тыя алмай әлі жүрмін мен
Көзімнің жасын іркілген.
Сағындым, құлыным, кезіңді
Жымыып қана бір күлген.

Шағында жүрер еркелеп,
Кеттің-ау ұшып ертерек.
Шешеннің шықпай жүр жаны,
Жетер деп әлі бір дерек.

Шыланып жасқа етегім,
Тәңірге тәубе етемін.
Еңіреп тұрып енді ұқтым
Жалғанның жалған екенін.

II

Өзің едің қызғалдағым, қызығым,
Қызығым-ай, өттең, ерте үзілдің.
Еске аламыз, қуат көріп көңілге
Қысқа ғана өміріңнің үзігін.

Қысқа ғана ғұмыр еді неткен бұл?!
Бәрі шындық, елес емес өткен құр.
Туып едің дәл осынау тамызда,
Ағыл-тегіл құйылғанда көктен нұр.

Есіміңді содан қойдық Нүргүл деп,
Той жасадық қаз-қаз бастың, күлдің деп.
Сен туғанда бүршік жайған көк желек,
Биыл, міне, жиырма бес жыл тұр гүлдеп.

Жылай-жылай толар дейсің қай кемім,
Ей, ағайын, анық білсең, айт емін.
Туыс-бауыр дұға оқыдық жиылып,
Қолдан келер еш шара жоқ, қайтейін...



III

Жыл артынан өтіп жатыр жыл ағып,
Сағыныштан қанша боздап жыладық.
Сенбесіме енді шүбәм қалмады,
Оралмайсың, құлыншағым, сол анық.

Көлегейлеп шұғылалы күн нұрын,
Қатал тағдыр барады ағып бір қырын.
Сенем, сенем, сенбесіме жоқ амал,
Мақшар жақты мекендедің, Нүргүлім.


Күн сәулесін келбетіңе түсіріп,
Қараушы еді айдай әлем қызығып.
Қызыл гүлдей жайнап тұрған шағында,
Қызғалдақтай кете бардың үзіліп.

Табамын ба таусылғанмен дауасын,
Көз алдымда күлкің, кейпің, қарасың.
Биыл, міне, отыз жасқа толсаң да,
Көңілімде мәңгі гүл боп қаласың.

КӨКСУ

Түнімен сіркіреген жаңбыр мына,
Бусанып жер шомылды таң нұрына.
Бұрқырап, жусан исі жұтындырып,
Еріксіз жетелейді шалғынына.

Малшынып, балақ сулап көк құрағы,
Жалбыздың жапырағына шық тұнады.
Балқурай таң самалмен тербетіліп,
Жел қақса сыбызғы ойнап ысқырады.



Таңертең аспан әлі ысып болмай,
Беу-беулеп шырылдайды шымшық торғай.
Төбеден бармақтай құс төгеді күй,
Күнұзақ байыз тауып ұшып-қонбай.

Тобылғы гүлін ашып, бүрін жарып,
Аңқиды саумал исі мұрын жарып.
Секектеп сайдан үркіп қашқан қоян,
Бұғады қозы жауырын қырға барып...


Қойлы ауыл жаздай жайлап отыратын,
Құт мекен, айналайын атырабым.
Аралап табан бассам, тал бойымды
Жылытып бара жатыр топырағың.

ҚОНЫС

Қатар жетіп, Көксудан енші бөліп,
Қонып жатыр екі ауыл көрші келіп.
Екі арасын ілезде у-шу етті,
Арпалысқан иттері өршіленіп.

Шыр айналып үйірін торы бесті,
Саяқтардың тістелеп жонын тесті.
Жортып барып әлден соң өктемдеген
Құла айғырдың көлденең жолын кесті...

Бір қолымен от салып самауырға,
Көз тігеді бәйбіше сонау қырға.
Жаңа ғана қозылар жатыр еді,
Араласып кетпегей ана ауылға.



Ат жетектеп кешкісін суаруға,
Шопан жігіт жолықты бір аруға.
Көгершіндей көршінің бойжеткені
Иіледі өзеннен су алуға.

Құба тал мен жағаның көк құрағы,
Қыз бұрылса-ақ тасалап жоқ қылады.
Су өкеткен сұлуға тіл қата алмай,
Жанарына жігіттің шоқ тұнады.

Ертесіне екі ауыл қатынасып,
Ерулікке сыйлайды етін асып.
Көгершін қыз бұл жаққа таянбайды,
Шопан жігіт көрінсе бетін басып.

Су басында шығарып тамашаны,
Әзіл сөзбен жігітке жанасады.
...Сәл әріде Ақтөске ере келген,
Еркелейді бұлаңдап ала тазы...

Ақсақалдар сол күзде бауыр жесті,
– Құда болдық бұйырып тәуір, – десті.
Екі жастың тойында ат жарысып,
Құла айғыр мен тең келді торы бесті.

ТОБЫЛҒЫСАЙ

Тобылғысай тобылғылы, көделі,
Қырдан құлап, бұраласың әдемі.
Тұнық сулы, жасыл алқап, кең өлке,
Өрісімнің, қонысымның сәні еді.

Бастау алып күміскөмей бұлақтан,
Сылдыр қаққан сырлы үніңді ұнатқам.

Талма түсте табаныңа қаптатып,
Суаруға қойымды айдап құлатқам.

Қойдың алды жылға қуып жүгіріп,
Қозы-лақ су жұтады сіміріп.
Отқа тойып шөліркеген саулықтар
Ентелейді тереңірек сұғынып.

Өңкей қозы өздерінше сап құрап,
Секіреді жарға шығып, шапқылап.
Енесі мен сыңарынан адасып,
Қой шетінде маңырайды ақ лақ.


Торы жорға көне қоймай ырыққа,
Жетелейді омыраулап тұныққа.
Ұзын шылбыр қысқа болып, жалғаймын
Қолымдағы қайыс баулы құрыққа.

Көкке самғап қанат қиял-қыраным,
Көмейіме келеді бір жыр-ағын.
Көк майсаға жата кеттім жамбастап,
Жұпарына жұтсам, қанбай құмарым.

ҚОНАЛҚАДА

Адырларды аралап құжыр-құжыр,
Сөнген күннің қыдырып қызылы жүр.
Қызыл жейде киініп, қойлы ауылға
Келе жатыр қонаққа қызыл іңір.

Қоныс тепкен адырдың қойнауына,
Қарбалас кез осы кез қойлы ауылда.
Қой қамалып қотанға, мал жайланып,
Қоналқаға енді-енді сайлануда.



Қойшы үйінің шам жанып сәні кіріп,
Дастарханда отырар бәрі күліп.
Шопан жігіт әзілден жалықпайды,
Айтқан сайын сөзінің жаны кіріп.

Дастарханға еңкейіп, дәмнен алып,
Күрең шайдан ішкен соң әбден қанып,
Құс жастыққа сәл ғана жантаяды,
Тау жыққандай күндізгі дәрмен қалып...

СУСЫНЫМДЫ БАСАЙЫН...

Мойыныңды аққудай иіп көркем,
Ақ төсекте жатсың ба күйіп, еркем?
Торы жорғамды белдеуге байлай салып,
Мен де қазір отауға кіріп келем.

Арынымды баса алмай асып-тасып,
Асау ағын барады алып қашып.
Есік апсам ақырын, тұр екенсің
Айдай ару көркіңнен арай шашып.

Тарқатылған шашыңды түзеп тұрып,
Хал сұрайсың жай ғана ізет қылып.
Мен де аптықпай әуелі төрге өтейін,
Ерге лайық байсалды әдепті ұғып.

Іргедегі күбінді күрпілдетіп,
Қымыз құйшы бір кесе шүпілдетіп.
Сусынымды басайын шөліркеген,
Кеуде тұсым барады лүп-лүп етіп.

Әкете бер, қанағат, табақты әрі,
Сүт пісірім суысын торы ат тағы.

Қотанды бір қарап кеп, шамыңды бас,
Қыр астында шілденің шолақ таңы...

ЖАНАРЫҢНЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Жанарыңның жарқылын-ай, жарқылын,
Жарқылына жаным елтіп, балқыдым.
Зарықтырып сені маған осылай,
Жолықтырған тағдырыма тәнтімін.


Жарық ғалам, куә соған ашық күн,
Жеткізуге жан сырымды асықтым.
Неткен бақыт, неткен ғажап сезім бұл,
Мен ғашықпын, ғашықпын!..

Жырым өзің, айтарым сен ән қылып,
Сені көрсем, тамсанады таң күліп.
Таң нұрысың, тағдырымсың сен менің,
Саған деген махаббатым мәңгілік.

Жанарыңның жарқылын-ай, жарқылын,
Жарқылына жаным елтіп, балқыдым.
Сағындырып сені маған осылай,
Табыстырған тағдырыма тәнтімін.

КӨЗДЕР

Көздерде бар аңғырттығы баланың,
Көздерде бар мейірімі ананың.
Көздерде бар әкенің кең пейілі,
Көзде тұрар жомарттығы даланың.



Көздерде бар ұшқындары дарынның,
Көздерде бар махаббаты жарыңның.
Кезде тұрар сұлулығы жаныңның,
Кезде тұрар тазалығы арыңның.

ӘЗІЛ

Әсте сені танымадым, білмедім,
Кездейсоқ бір бейтаныстың бірі едің.
Ұшырассам, сәлемдесіп ізетпен,
Еш алаңсыз, өз еркіммен жүр едім.


Неге бүгін маған сонша қарадың,
Жанған оттай тұрды лаулап жанарың.
Түсті соның бір ұшқыны жүрекке,
Сөндірші тез, сөндір, күйіп барамын.

Қыран едім қыз-қырқыннан қашпаған,
Неге саған тік қарауға жасқанам?
Көзің – қармақ, шорағай боп іліндім,
Жүрек-теңіз терең бойлап тастаған.

Тайлақтай-ақ жетекке кіл еретін,
Дәрмен қалмай, ілбіп басып келемін.
Аясаңшы, ая мені, жіберші,
Қай бетіммен құрбыларды көремін?..

КӨҢІЛ КҮЙІ

Дала жым-жырт, бейбіт бөккен тыныштық,
Тау жотасы есінейді керіле.
Орман мүлгіп, түнгі салқын тымырсық
Бар маңайды баурап алған беріле.



Шекесіне інжу таққан сияқты,
Қойлы ауылдың жарқырайды жұлдызы.
Қалың шыққа малындырып қияқты,
Қалтырайды үй сыртында қыр күзі.

Сұңғыла ай төбемізден сұқтанбай,
Жаба қойды бұлт пердесін жүзіне.
Жан тылсымын табиғаттан ұққандай,
Тарта бердім тал білегің өзіме...

КӨКСУ ТАСЫҒАНДА


Сәби жүрек жетелеп саған ғашық,
Келіп едім жағаңа амандасып.
Сең бұзылып, сел жүріп, көктем туып,
Буырқанып жатырсың арнаң тасып.

Бір толқының бірінен әрмен асып,
Домалатып қойтасты жарға жаншып.
Шамырқанып барасың ақ көбікпен,
Көкірегіңнен аспанға маржан шашып.

...Түнде келсем, жағалай қалың түнек,
Тынышталып қалыпсың жаның жүдеп.
Тағы шайқап қалатын арнаңды бір,
Дауыл тілеп жатсың ба, дауыл тілеп?!

ЖАН ҚАЛҚА!

Сәуірдің таңы сібірлеп мынау атқанда,
Көкірек тола кәусарын дәру татқанда;
Бойымды билеп дүниеге деген іңкәрлік,



Шабыттың селі жүректен тулап аққанда,
Еске алам сені, еске алам сені, жан қалқа!

Қалықтап ұшып қарлығаш қанат қаққанда,
Табиғат ұйып тұңғыық ойға батқанда;
Ағындап арман биікке сонау шарқ ұрып,
Қыз-қайың желге сыбдырап жауап қатқанда,
Еске алам сені, еске алам сені, жан қалқа!

Қыс болса қырау қаңтар менен ақпанда,
Дүбірлеп еңбек қайда да қызып жатқанда;
Жалындап жүрген жауқазын кілең жастардың,
Қуанам сені орталарынан тапқанға,
Жайдары мінез, қарақат көзді жан қалқа!

ТАҢ ӘСЕРІ

Бозарып атқан таң қандай!
Бозамық қылау маң қандай!
Беу-беулеп көктің төрінен,
Бозторғай төккен ән қандай!

Боз үйден шығар қарт атай,
Бор құман қолда бармақтай.
Бұлаңдар түтін түндіктен,
Бұлттарға шеру тартқандай.

Болдырта пісіп таң асқан,
Бал қымыз қандай, іш қанбай.
Бөктерге қойды өргізген
Бұрымды шопан қыз қандай!



БОРАН

Өжет едім отты көсіп ойнаған,
Албырт едім арманға бір тоймаған.
Шопан деген – батыры да даланың,
Ел ырысы көрінетін қой маған.

Қой өргізу сияқтанып той маған,
Жатсам-тұрсам ынтықтырып қоймаған.
Отар айдап қысқа түстім ақыры,
Бас аманда бейнетті кім ойлаған?

Жадыраған жаз күнгідей реңі,
Дәл сол жолы бір ғажайып күн еді.
Аспан ашық, ал Қарашың басына
Ала бұлттан сеңсең киіп тұр еді.

Тойған қойым иіріліп тебінде,
Көңілім жай, еш алаң жоқ, менің де.
Қарлы дала күнге төсеп кеудесін,
Жатыр шалқып өзгеше бір сенімде.

Қас қағымда бұлдыр тартып жол алдан,
Құйын өтті ақ сағымға оранған.
Жаңа ғана ашық-жарқын дүние
Астан-кестен болып кетті бораннан.

Біреу тесіп жібергендей аспанды,
Алай-түлей алапат бір басталды.
Өршеленген суық желдің өтіне
Қалың отар қанша айдасам баспады.

Айдаһардай ысқырынып жел енді,
Ыққа қарай қойымды айдай жөнелді.



Қиқу салып кейін қуып әлекпін,
Ойнақтатып торы жорға дөненді.

Көз алдымда қуырылып кең өлке,
Көңіліме жүгіреді көлеңке.
Дәтке қуат, бар сенерім – жан әкем,
Әкетайым келу керек көмекке.

Долы боран одан сайын есіріп,
Қойларымды қуалайды қосылып.
Шыр айналып бір тұяқты шығармай,
Торы жорғамен төпеп келем көсіліп.


Құла түздің қыры менен ойына,
Көз сүземін тізбек болып ойыма.
Қас қарайып өне-міне дегенше,
Келіп қаппын Тобылғысай бойына.

Қол созымда қарауытып биік тұр,
Жалғыз адыр тар қолтыққа сыйып тұр.
Айналасы ат шаптырым төңірек,
Біздің қыстақ сол адырға тиіп тұр.

Тобылғысай адыр бойлай оралған,
Жып-жылмағай сіреу қарға оранған.
Отарымның алдын тежей тоқтадым,
Ықтасындап құтырынған бораннан.

Тілерсектен оппа кешкен торы жорға
Осы жолы ұшырады бір сорға.
Жазғытұры жаркемештеп су жырған,
Жанбауырлап түсіп кетті тік орға.

Әрі-бері жетелесем жұлқынып,
Сіреу қарға малтығады бұлқынып.



Тұяқтары жерге тимей жануар,
Шарасыздық жанарында тұр тұнып.

Көк мұз болып бауырда қар тапталды,
Тер тамшылап, бойда қуат шақталды.
Жұлқи-жұлқи кеудесінен асылып,
Торы жорға зорығуға шақ қалды.

Қысылғанда үміт билеп санамды,
Әкем айтқан бір сөзді еске салады:
«Адам иісі киіміңде сақталып,
Керегіңде қасқырға сес болады!»


Е, Құдайым, оңғара гөр жолымды,
Торы жорғаға жаптым шешіп тонымды.
Белді буып, ыққан қойдың соңынан
Тартып кеттім, желге беріп жонымды.

«Мына боран қалай-қалай соғады?!
Қарсы ал мені, адастырма, Қоғалы.
Қамысыңа аман жетсем болады,
Қой сыяды арасына қоралы.

Өрім едім, жеткізбеген жол әлі,
Қалжырадым, қарсы ал мені, Қоғалы.
Қыршын күнім қанатынан қиылса,
Айтшы, кәне, айтшы, кімге обалы?!

Асаулығым, албырттығым көп әлі,
Сөбиің ем, сақта мені, Қоғалы!
Армандарым айдалада үзілсе,
Айтшы, кәне, айтшы, кімге обалы?!»

Екі иығым удай ашып салдырап,
Әбден тоңдым өне бойым қалтырап.



Алға басқан кері кетіп аяғым,
Шаршап келем, діңкем құрып қалжырап.

Төндірмесін тағдыр зәрін ешкімге,
Жан тәтті ғой, құр лажға көштім бе?
Иық сұға кидім екі қолыма,
Байпағымды етігімнен шештім де.

Қоныштарын желеткеме көмкеріп,
Қымтап алдым жел өтпесін жөн көріп.
Шұлғауымды қайта орадым қабаттап,
Мойнымдағы бөкебайды тең бөліп.


Жамай берсең, тоңған жанға пана екен,
Бой жылынды, көрер жарық бар екен.
Қойды айналып жүргенімде қиқулап,
Жанұшырып жетті әкем де таңертең.

Әкем менің болмаса да балажан,
Кейпін көрдім емірене қараған.
– Айналайын, жігіт болдың, мінекей,
Ең бастысы, жаның аман, мал аман.

Қарлығыңқы қалжыраған үні мен
Сауыс-сауыс қырау қатқан түрінен
Көрініп тұр, құла түзде шапқылап,
Аласұрып іздегені түнімен.

Әкетайым, әкетайым, армысың,
Мен тірімін, өзің аман бармысың?
Қиын кезде ұқсап бақтым өзіңе,
Бойымдағы жеткенінше бар күшім.

Әкетайым, ұлағатым, өрісім,
Үлгі-өнеге – өмір жолың мен үшін.



Сенің күткен биігіңнен көріну –
Қайда жүрсем перзенттік борышым.

Дүрліктірген тау мен дала, тасыңды,
Долы боран ертеңгілік басылды.
Қыстақ жақтан талмаусырап таң атып,
Ақ далаға алтын арай шашылды.

Болмағандай кешегі апат өмірі,
Күлімдеп тұр Тобылғысай өңірі.
Оқыранған торы жорғамды құшақтап,
Қуанғаннан көзімнен жас төгілді.


АҚША ҚАР

Жолықтым сәтті күнде,
Пейіштің ақ гүліне.
Ақша қар жауғанда ақ ұлпа,
Назы мен сыйы білем,
Көзіңнің қиығымен,
Қарадың үлбіреп, жан қалқа.

Сезіммен бір ғажайып,
Еркелеп құшақ жайып,
Кеудеме бақыт сыймай тұрғанымда,
Арманым ақ шығар,
Жауа бер, ақша қар,
Айналмай қыстың қырау, ызғарына...

* * *

Ақ та болса
Ызғары бар,
Жұмсақ та болса
Мұздағы бар.



Жолаушыға
Соқпағы тар,
Малшы ауылға
Қыспағы бар.
Қысқы қардың
Осындай құштары бар.

КӨКСУ, КӨКЕМ...

**Табиғат апатынан мерт болған аға шопан
Түсіпбек Тоқбергеновке**


Көксу, Көксу, құт қонған өрісім ең,
Сөнің кірген қойлы ауыл келісімен.
Қозы егіз, қой семіз, ырыс шалқып,
Көрінетін көзге ыстық ер ісімен.

Бұлттан бүгін аспаның ашылмады,
Күндегідей шұғылаң шашылмады.
Дауыл соғып, от ойнап, жауын құйып,
Асау толқын арнаңнан басылмады.

Айдыныңда иірім ағын күшті,
Жалғыз жүзген көрдім бір аққу құсты.
Аққу байғұс сыңсиды жалынышты,
Өксік буып көз жасым тамып түсті.

Жалғыз аққу жылаған жалынышты,
Қасіретін айтады зарын ішкі.
Найзағайдың отынан осы қазір
Сыңары өліп, төгеді сағынышты.

Көксу, Көксу, мына бір айбат қалпың,
Ауыртты ғой жанымды қайғы артқаның.



Қатар тұрып жанымда жаңа көрдім
Жан көкемді жайрағыр жай тартқанын.

Үріккен қой дүркіреп кетті жырақ,
Көңірсиді от түсіп шеткі құрақ.
Енді ғана бастаған сөзі үзіліп,
Қайран көкем атымен кетті құлап.

Көксу, Көксу, бүгінгі алапатың
Қойшы ауылға әкелді-ау бар апатын.
Үйлер ұшып, қой ығып, жер өртеніп,
Салып кетті шаруаға жарақатын.

Қол созымда иірім ағын күшті,
Жалғыз аққу сыңсиды жалынышты.
Жыла, сорлы, шерлісің сен де мендей,
Төк еңіреп жүректің зарын ішкі.

Көксу, Көксу, асуың биік еді,
Биігінде қайыңдар иіледі.
Жетек кесіп қайтам деп шанасына,
Қайран көкем бара алмас биыл енді.

Бозала таң бозарып атар белден,
Таңмен тұрып ауылдан отар өрген.
Қойшылармен отырмас енді көкем,
Қойын жайып өрістен қатар келген.

Қайран ажал жеткізбей қарманғанды,
Аласұрған жүректен арманды алды.
Дауыл өтті, нөсер жоқ шелектеген,
Көксу, Көксу, ортайған арнаң қалды...

Үлкен-кіші, жанашыр жамағатым
Тілеп жатыр артының саламатын.

Шашау қылмай, көкемнің көзі ғой деп,
Алып қалдым бір отар аманатын.

1973 жыл

ҚЫРЫҚ ЖАС

Уақыт шіркін қоймайды екен ырқыңа,
Біз де, міне, келіп қалдық қырқыңа.
Бағалайтын, саралайтын кез келді
Алғаның мен бергеніңді жұртыңа.


Жүргенім жоқ жан сауғалап, қорғанып,
Отырмадым үйде тонға оранып.
Терім тамды Терісаққанның тасына,
Тіршілікте бұл да болса зор бақыт.

Құрық ұстап, өрісте отар айдадым,
Алған меже, берген серттен таймадым.
Қиындық пен қызығымды бөліскен
Адал дос пен ағайыннан айналдым.

Думандатып топқа түстім, қашпадым,
Атым озса, абыройға таспадамы.
Өзгелерді күндемедім бәйге алған,
Қызықпадым бақытына басқаның.

Сұлу көрсем, сезімге сыр байладым,
Өнер-өлең, серігіме айналдың.
Жыр кештері жүрегімді шымшылап,
Қиял кезіп, жігерімді қайрадым.

Сар даладан сағым қуып сабылдым,
Ымырт кештен ырғақ іздеп сарылдым.



Түні бойы өлеңменен өртеніп,
Таң атқанша басылмады жалыным.

Тағдырыңа шара бар ма көнбеске,
Тірі жүріп кезігесің сенбеске.
Күнім сөніп, қу төсекте сарғайдым,
Атың өшкір, тағы, міне, келді еске...

Шүкіршілік, өтті ғой ол қиындық,
Жүрміз аман мұртымызды шиырып.
Құдай қолдап қырық қырқа астың деп,
Келіп отыр жолдас-жора жиылып.

Кел, қырық жас, кел, биігім, белесім,
Мұхитқа бұр көңілімнің кемесін.
Тау толқындар қорқытпайды бірақ та,
Парызым бар, білем жеңіл емесін.


Тәуекелім тастамайды жұртына,
Толқындарды бағындырам ырқыма.
Арай күннен арман күтіп келем мен,
Бір асыл жыр қалдырсам деп жұртыма.

ҚАРА КҮЗДЕ

Мұстафа қайтқанда

Өртте қалған даланың мұнарындай,
Өңсіз күйден қойдым-ау бір арылмай.
Өлді деуге мен сені қалай қиям,
Бір ананы тел емген сыңарым-ай!

Қара күзде қайсыбір тәуір рай,
Өзегімде ойнайды дауылы ұдай.



Жапырақтай желге ұшқан орның бос тұр,
Қайтіп қиям жоқ деуге, бауырым-ай?!

Өлең десе өртеніп жанатындай,
Дарын едің талпынған, талантың бай.
Қарлығаштай жырларың сағындырды,
Қыршынында қиылған қанатым-ай!

Күйбің-күйбің тірлікте тыным болмай,
Сыртым бүтін жүрсем де бұрынғыдай,
Бір қабырғам сөгіліп бос тұрады,
Орның бөлек екен ғой, құлыным-ай!

СЫРЫҢДЫ АҚТАР

Ай жүзінде көлеңке, дақ бар шалған,
Жан досым, сырың болса, ақтар маған.
Кірпігіндегі қыраудың қарымтасын
Қайтарайын ба ақ түтек ақпандардан?

Сүт сезім екеумізді сақтар аман,
Ішінде у да болса ақтар маған.
Сенім деген – шапағат, жанға дәру,
Шуақтай, ақпанда да ақтарылған.

Жан бар ма жүректе мұң сақтамаған,
Сонда да іштен тынған шақтар жаман.
Әйтеуір, сен мендік боп жүрер болсаң,
Жан досым, бар сырыңды ақтар маған.



ТОРЫҚҚАНЫМ

Дерт шалдықса, маңдайдың соры қалың,
Сары төсекте сарғайдым, көріп бәрін.
Ауруды қойшы, жігерім азаптады,
Ашындырып мүгедек, сорлы халім.

Қара түнек беймезгіл жауып қалың,
Іңір тартты жас өрім жарық таңым.
У ішкендей күйіндім көргенімде
Қосағымның оңаша қамыққанын.


Қорықпадым сонда да, қорықпадым,
Тартқан сыйын тағдырдың көріп алдым.
Көтере алмай кеудеме нәрестемді,
Сорым қайнап, сол ғана торыққаным...

ШАМЫН КӨРЕМ СОЛ ҮЙДІҢ

Ауызымен құс ілген, шапқан сайын қызынып,
Қайран тұлпар жығылды қабырғасы үзіліп.
Ат жалына жабысып аунап түскен шабандоз,
Ақырғы рет көз салды түнгі аспанға сүзіліп.

Талықсиды нар кеуде тіршіліксіз, дүбірсіз.
Түсі қашып сынық ай, қалтырайды құр үнсіз.
– Ah! – дегізіп ақырғы от көкіректен көшкенде,
Тұңғиықтан сорғалап ағып түсті бір жұлдыз...

Асыл арман жеткізбей, жарым жолда қырқылып,
Тағдыр атты ібіліс сырт айналып тұр күліп.
Аяулы жар тербетіп бір қолымен бесігін,
Жағып қалды ошағын көзінде жас іркіліп.



Терек болып жайқалар іргедегі кіл шыбық,
Көкке созған төбесін масайрайды тіршілік.
Терезеден іңірде шамын көрем сол үйдің,
Кішкене ұлы жүреді бірде кіріп, бір шығып...

МЫҢ ТӘУБЕ!

Думанға думан із жалғап,
Таңдарға қанша тамсандым.
Құшаққа толып қызғалдақ,
Көктемді қанша қарсы алдым.

Жылжыған жылдар – байлығым,
Жанымды жылытып жыр-сәуле,
Аман боп атып ай-күнім,
Жүргенге жерде мың тәубе!

ЖАҢА ЖЫЛЫМ

Қош келдің, жаңа жылым, жаңа асу,
Салтым бар ұлы тойда шалқып-тасу.
Мысшымын мен, цехқа кел, құрметіңе
Сапырып сары мыстан шашам шашу.

Қош келдің, забойға кел жарыс қызған,
Забойда жалғасады жарыс думан.
Еңсеріп екпінімен кенші досым,
Тонналап қотарады жарып құздан.

Қайнаған қалада еңбек, далада еңбек,
Жалғасып жақсы дәстүр қала бермек.
Қарсы алып жарқын жүзбен жаңа жылды,
Нық басып болашаққа барам өрлеп.



Төртінші бөлім

ӘН МӘТІНДЕРІ





ҰЛАР

Әні: Қайрат Баекеновтікі

Ұлар, ұлар, ұлар құс – Ұлытаудың еркесі,
Ұмыттырмай, еркем-ау, бір көрініп кетсеңші.

Қайырмасы:

*Қонбайсың ба қияға,
Оралдың ба қяңа?
Ай да, күн де көріксіз,
Өтті дәурен өзіңсіз,
Өтті күндер өзіңсіз,
Өтті дәурен өзіңсіз.*

Ұлар, ұлар, ұлар құс – Ұлытаудың ажары,
Туған жердің, дариға, өзің екен базары.

Қайырмасы.

Ұлар, ұлар, ұлар құс, табылды ма сыңарың,
Алыстадың, арман құс, айтылмады сырларым.

Қайырмасы.

Ұлар, ұлар, ұлар құс, ұмытылмас ән едің,
Ұлытаудың көгінде қиялым боп қал менің.

Қайырмасы.



ТУҒАН ДАЛА

Әні: Қайрат Баекеновтікі

Жайна, жайна, дала,
Сайра, бұлбұлым.
Жайна, қыр гүлім,
Далам, ғалам.


Шырқа, шырқа, өнім,
Өнім – бақытым,
Бағым – өнім!

Қайырмасы:
*Сайраным менің,
Байтағым елім.
Мерейлі мекен,
Айналдым!*

Самға, самға көкке,
Арман қанатым.
Талма, қанатым,
Самға, талма!

Қайырмасы:
*Ұлысым, елім,
Бірысым менің.
Мерейлі мекен,
Айналдым!*

Жайна, жайна, дала,
Сайра, бұлбұлым.
Жайна, қыр гүлім,
Далам, ғалам.



*Қайырмасы:
Самалы ерке,
Сағымды өлкем.
Мерейлі мекен,
Айналдым!*

СӘТБАЕВ – КИЕЛІ МЕКЕНІМ

Әні: Шәміл Әбілтайдікі

Мақтаныш – Қаныштай ұлысы,
Жастары – жасампаз көк өрім.
Халқымның береке-ырысы,
Сәтбаев – киелі мекенім.

Керімсал кеншілер алаңы,
Көшелер шомылып шуаққа.
Келемін аралап қаланы,
Кіргендей пейіш пен жұмаққа.

Нұр жауып шуақты шаһарға,
Құшағын жаяды тал, терек.
Шаттығы шалқиды жаһанға,
Шынболат сарайын ән кернеп.

Барым да, бағым да – басымда,
Елім деп, жерім деп өтемін.
Думаны ұласқан ғасырға,
Сәтбаев – киелі мекенім.



«ҚАЗАҚМЫС»

Әні: *Марат Түсіпбековтікі*

Бақытым, байлығым даламда,
Құт қонған ежелден қазақпыз.
Атымды әйгілеп ғаламға,
Даңқымды шығарды «Қазақмыс».

Қайырмасы:

*Жылытып шұғыла-жалыны,
Нұр өріп төсінен, кен өнген.
«Қазақмыс» – Арқаның алыбы,
Қойнауы қазына тірелген.*

*Тер төккен тасына ұлы аға,
Бұл өлке қашаннан киелі.
«Қазақмыс» – бұл Қаныш ғұлама,
«Қазақмыс» – бұл Қаныш түлегі.*

*Қуансам, ағайын, тақпа айып,
Шындықтан кезім жоқ көз жазған.
«Қазақмыс» – бұл біздің Сәтбаев,
«Қазақмыс» – жаңарған Жезқазған.*

Қайырмасы:

*Мекенім өзіңсің мақтанар,
Туған жер, көркіңнен айналам.
Кең сарай – тізілген шахталар,
Сары мыс сақырлап қайнаған.*

*Шалқыған жаһанға байлығы,
Өскенін еңсемнің көрсін ел.
«Қазақмыс» – мысшылар әйгілі,
«Қазақмыс» – қаһарман кеншілер.*

Көк тіреп төкашпар мұржасы,
Қарасам, қоймайды тамсантпай.
Дәуірдің көне көз құрдасы,
«Қазақмыс» – бұл сонау Қарсақбай.

Қайырмасы:

*Дәріптеп ғаламға аттарын,
Бәрін де тарихым бағалар.*
«Қазақмыс» – кемеңгер қарттарым,
«Қазақмыс» – ардагер ағалар.

*Жұлдызы жанады өлкемнің,
Жетелеп қияға жол алшақ.*
«Қазақмыс» – ғажайып ертеңім,
«Қазақмыс» – бақытты болашақ.

АРҚАНЫҢ АРУ КӨКТЕМІ

Әні: Мұрат Сейтеновтікі

Жұпарың желпіп өтпеді,
Селдетіп нөсер төкпеді.
Кешігіп келдің, қайтейін,
Арқаның ару көктемі.

Қайырмасы:

*Құлпырып қырдың бөктері,
Көктеді дала, көктеді.*
*Жанымды нұрға бөлей бер,
Арқаның ару көктемі.*

Қиялым едің көктегі,
Құшағыңды ашып, өп мені.



Сағынып жеткен шуағым,
Арқаның ару көктемі.

Қайырмасы.

Әурелей көрме тек мені,
Бір күндік сәуле өтпелі.
Базарым болғай мәңгілік,
Арқаның ару көктемі!

Қайырмасы.

КЕНШІ ҚАЛА

Әні: Мұрат Сейтеновтікі

Бақ мекенім, бесігім тербетілген,
Кенші қала, айналдым келбетіңнен.
Шыға келсем ертемен көше бойлап,
Күлімсіреп сипайды күн бетімнен.

Қала толы қайнаған жұрт ішінде,
Кеншілердің үңілем түр-түсіне.
Кенді өлкенің кемеңгер ұландары,
Толағайдың қуаты түр күшінде.

Кеніштердің күн сүйіп мұнарасын,
Ырыс ағып, кен кернеп тұр арнасын.
Қара жердің қайнаған қазынасы
Ақтарылмай білемін шыдамасын.

Кенші қалам, кең сарай, туған жерім,
Туған жерім – базары думанды елдің.

Өзің десем өртеніп қуаныштан,
От жүрегім кеудемде тұрар менің.

Жүректерде алауың жалындасын,
От издесең, бізге кел, бауырласым.
Кенші қалам – кіндігі Сарыарқаның,
Қаныш өзі көтерген қабырғасын.

МЕРЕЙЛІ МЕКЕНІМ

Әні: Мәжит Тоғайбековтікі

Жарасып шырайыңа шұғылалы,
Кең дала, келбетіңе нұр тұнады.
Көркіңе көзім тоймай көктемдегі,
Арбалып арайыңа тұрмын әлі.

Қайырмасы:

*Әнімсің сен менің,
Жүректі тербедің.
Мерейлі мекенім,
Шырайлы Шеңберім,
Туған жер, мекенім.*

Айналып сағыныштың алауына,
Тұрады көңіл шіркін ауады да.
Бір барып қайтайыншы Кеңсаз жаққа,
Аймалап ақ самалын жанға дауа.

Қайырмасы.

Шіркін-ай, осы еді ғой ізгі арманым,
Тағы да тауға шығып із қарадым.

Мына бір көк майсада қалқатаймен
Тергенмін қырдың қызыл қызғалдағын.

Қайырмасы.

Шаттансам, жырдан шашу ақтара алам,
Бүгінгі берекеңе мақтан, далам.
Кең жайлау, кербез дала, құтты мекен,
Бақытын осы жерден тапқан бабам.

Қайырмасы.

ҚАНЫШ ҚАЛА

Әні: Мәжит Тоғайбековтікі

Жарқ етіп жанарлары қарай қалған,
Көркінен қыздарының арай тамған.
Айналдым, кенші қалам, келбетіңнен,
Табысқан талай тілек, талай арман.

Қайырмасы:

*Ән қала, ару қала, арман қала,
Жұлдыз боп Сарыарқада жанған дара.
Тер төккен тереңінде өрендері,
Қаныштың ұлағатын алған қала.*

Атағы алыстарда, ғарыштарда,
Есімі алты алашқа таныс қала.
Отаны кен қопарған кеншілердің,
Көзіндей ғұламаның Қаныш қала.



Қайырмасы.

Ордасы ырысым мен берекемнің,
Ортасы қуаныш пен мерекемнің,
Мекені күз құлатқан кеншілердің,
Кіндігі құт дарыған кенді өлкенің.

Қайырмасы.

БАЛЖАН ҚЫЗ

Әні: Мәжит Тоғайбековтікі

Көркіне көзін сүзген жарты ғалам,
Балқашта бір ару бар, аты – Балжан.
Ерке қыз еліктірді мені өзіне,
Жанары оттай жанып жарқылдаған.

Қайырмасы:

*Балжан қыз шыныменен балдай екен,
Көркіне көріп құмар қанбайды екен.
Айдында аласұрған ақ сазандай,
Еркелеп құшақ жайса қандай екен?!*

Балқаштың Балжан қызын балдай тәтті,
Көрген жан көзін сүзіп, таңдай қақты.
Талайлар танған шығар ақылынан,
Балжанның есін алып балдай сәті.

Қайырмасы.

Жаралған жаны да өсем, әні де өсем,
Бал күнім оралғандай Балжан десем.

Балжан қыз, тағдырға мен ризамын,
Тілеулес мына өмірде болғанға сен.

Қайырмасы.

АЙБЫНДЫ САҚШЫЛАРЫМ – ҚЫРАНДАРЫМ

Әні: Мәжит Тоғайбековтікі

Шарықта, шалқы, шалқы, жыр-арманым,
Шырқалар білем бүгін бір өн барын.
Бүгінгі бейбіт күннің батырлары –
Бұл менің айбыны асқақ қырандарым.

Қайырмасы:

*Қырандарым! Қаһарман ұландарым,
Сақшысы азат елдің, ұлы арманның.
Күзеткен тыныштығын туган жердің,
Сендердің ерлігіңе құмар жаным.
Марқайып мақтаныштан, қырандарым,
Сендерге жүрегімнен жыр арнадым!*

Бір сапта, бірің – досым, бірің – інім,
Бүгінгі ұғар екен сырымды кім?
Ұстайық ерлік ғұрып, ел дәстүрін,
Ұран қып ата жолын бұрынғының.

Қайырмасы.



СЕН ҚАРАСАҢ...

Әні: Құрманғали Тәшетовтікі

Бнтықтырған жанымды көкте күнге,
Көңілімнің оралған көктемі ме?
Түс көргендей күй кештім таңғажайып,
Сен қасымнан күлімдеп өткеніңде.

Қайырмасы:

*Ажары мен арайлы көркі қандай!
Құралай көз, қолаң шаш, ақша маңдай!
Іңкәр кезімде, пәк сезімде,
Лебіңе еріп барамын ақ самалдай.*

Діріл қағып түп-тұнық жанарыңда ай,
Төңірекке төгілді алтын арай.
Аппақ нұрдың ішіне еніп кеттім,
Алау гүлге қол созып абайламай...

Қайырмасы.

Еліктіріп, бермейді уақыт тыным,
Қолыма кеп қона ма жақұт күнім?
Алып-ұшып алдыға келгенімде,
Бір қарасаң жарқ етіп, бақыттымын.

Қайырмасы.



АЙТА АЛМАДЫМ

Әні: Құрманғали Тәшетовтікі

Қалқам-ау, қалай ғана жай табамын,
Мен саған бар сырымды айта алмадым.
Теңеуге тілім жетпей сезімімді,
Атыңды іштей ғана қайталадым.

Бар еді айтар сырым, айтар өнім,
Сонда да бақытым деп айта алмадым.
Аса алмай аға деген ізетіңнен,
«Қалқам...» деп тағы ішімнен қайталадым.

Шарасыз іштен тынған кездерімде,
Сен мені сездің бе, әлде сезбедің бе?!
Не дейді жауаңдаған жанарларым,
Қайта бір қарап көрші көздеріме.

Мұңымды ішімдегі біледі кім,
Алдыңа тағы келдім, міне, бүгін.
Мен емес, бәрін саған өзі-ақ айтсын,
Лүпілін тыңдап көрші жүрегімнің.



КЕЗДЕСУ

Әні: Арман Бапановтікі

Қара көздер түйіскенде кенеттен,
Тәтті қиял жетелейді жоғары.
Сезім, үміт жүрегімде кезекпен
Арпалысып, сол бір сәттер соғады.

Қайырмасы:

*Көмейімде сөз тұрса да бір өжет,
Тіл байланып, сезім сырын ашпайды.
Үнсіз толқу, дірілі не керемет,
Әр кездесу тек осыдан аспайды.*

Мейлі, мейлі, көңілдімін өзіңмен,
Күлімдеші, жақындашы жаныма.
Үздіктіріп, сүйем деген сөзіңмен,
Сағындырып кетпеші тек тағы да.

Қайырмасы.





Бесінші бөлім

АЙТЫС





МҰСА ТІЛЕУОВ ПЕН БАҒДАТ БАЙЖАНТАЕВ

Жезқазған мен Сәтбаев қалаларының жазба ақындар айтысынан

Мұса:


Арқаның әрі ысырып ақпан қысын,
Жалын боп лапылдады аққан мысың.
Тағдырын тоғыстырған сан қазақтың,
Жезқазған, бар қазақтың мақтанысың.

Төріңде Қаныш аға – кемеңгерің,
Көк-жасыл көшелерді көрем керім.
Жез шаһар – мақтанышы мысшылардың,
Отаны от көсеген өрендердің.

Тағынып мыстан алқа, гүлден десте,
Сен бүгін шығып тұрсың бір белеске.
Арналы алпысыңа құшақ ашып,
Өрейік өлеңменен жырдан кесте.

Бұл өлке – жыр өлкесі, ән өлкесі,
Ақыны, сал-серісі, бар еркесі.
Топ жарған дүлдүлдері көшін бастап,
Дүркіреп тарамаған жәрмеңкесі.

Бәрі де баяғыдай бабында ма,
Есен-сау бүтін жүрген шағында ма?
...Оқимын отыра қап өлеңдерін,
Сайлаухан ағамызды сағынғанда.



Бір өзі бүтін мынау ғаламға тең,
Риза өткен өмір, ғаламға кең,
Тойлаған тоқсан жасын кеше ғана
Аяулы Апбаз аға аман ба екен?!

Мараттың әндеріне іңкәр едік,
Ару таң, шат ғұмырды шырқап едік.
Қасынан қалмайтынбыз той-думанда,
Жүргендей кілең жабы тұлпарға еріп.

«Жезкиік» – ән еркесі әуелеген,
Ынтық қып кер маралға әурелеген.
Кәкең мен Жақсыкелді арамызда,
Сағындым сонау күнді дәурендеген.

Ежелден екі қала егіз едік,
Әлі де егіз едік дегізелік.
Сәлемін Сәтбаевтың жаздым бүгін,
Ақ тілек, әдемі бір сезімге еріп.

Келер күн үстем қылсын ұлтымызды,
Бұзбасын бұзақылар шырқымызды.
Алпысын ала келген Жезқазғанға,
Ағайын, құтты болсын жылқы жылы.

Бағдатжан, айырасың ақ-қараны,
Сен едің ақындардың ақтабаны.
Қоятын сауалым бар, ашылды ма
Жабулы мыс зауыттың қақпалары?

Мың тәубе, шүкіршілік несібеге,
Құдайым не берсе де берсін елге.
Аймақтың қамын ойлап қаржы бөлген,
Ел риза Елбасының шешіміне.

Бағдат:

Бұл неткен керімсал сәт, керемет күн,
Жақсымды айтып, дертімді дерек еттің.
Алпысқа жез шаһары жетіп еді,
Өзгеден оза шауып елең еттің.

Дала-дарқан көңілі досқа мәлім,
Ұлы екенін танытып Досқананың.
Азаматтық ой айтып алаңдапсың
Тағдырына тағдырлас қос қаланың.


Жезқазған, рас, өнер орталығы,
Бүгінде солғын соқты сол тамыры.
Дәстүрлі «Ұлытау үні» фестивалі
Жабылып қала ма деп қорқады іні.

Біздің халық – өнерге құмай халық,
Он адамның бірі жыр құрайды анық.
Сөкең қаққан қазығын қара өлеңнің
Қара тұтып, бір топ жас жүр айналып.

Тоқсан деген тор жас қой ентiгi көп,
Деп тiлейiк жүз жасты жең тiрi боп.
Көсемсөздің көсемі Апекеңнің,
Кемпірі жоқ демесең, кемтігі жоқ.

Қимылдайтын ел еді кеш қазағым,
Тірілді өлген, ұмыт боп өшті азабым.
Есесін қайтардым деп жүргендер бар
Жақсыкелді, Марат пен Есқожаның.

Кейде адамға жеткізбес айлап арман,
Бұл тамаша сәтті ой ғой пайда болған.
Сәтбаевтық ағайын шын бақытты
Ақынынан әкімін сайлап алған.



Ұлағатын бабаның ұқты нелер,
Ұл ұмтылса жақсыға ұлт тіленер.
Сондықтан да ашылды Сәтбаевта
Орталығы аймақтық ұлттық өнер.

Бөгет салса аққан мыс бұлағына,
Бұл тағдырдың уақытша сынағы да.
Мұса ағам қойғаннан соң жалғыз сауал,
Жауап іздеп көріп ем сұрағына.


Алып шыққан адамды қиында арман,
Сақта, Құдай, тас жабық ұйымдардан.
Мыс зауыттың басшысы Бағлан батыр
Деп отыр ғой «Айтуға тыйым салған».

Кінәлаймын мен енді кімді, нені?
Табылар ма кесілген кіндік емі?
Директоры «Білмеймін» деп отырса,
Ерек бұны басқада кім біледі?!

Санасына сан мың жыр, сыйған аңыз
Ел болған соң, ерекше қиналамыз.
Амалсыздан Аллаға, содан кейін
Сағынтаев сөзіне иланамыз.

Жасығынан айырып енді асылын,
Алшы тұрар, кім білсін, енді асығым.
Миллион емес, миллиардтар бөліп берген,
Назары ауған өлке ғой Елбасының.

Сізге көңіл бөлейін арасында,
Қаныш лайық тұлға ғой нар-асылға.
Көрсететін келгенде мұражай жоқ
Қырықтағы Қаныштың қаласында.



Кенші қала, бір мін бар атағыңда,
Жетесіздер кетуде жат ағымға.
Некесізден жетесіз тумау үшін
Неке сарай салынсын шаһарыңда.

Мазалайды сан мың ой күнде мені,
Кей басшылар білімсіз мінбедегі.
Біз соларға дұрыс жол көрсетейік,
Жаман десек, жақсысын кім береді?!

Мұса:


Есімім еліме аян, досқа мәлім,
Ел болдым еңсем биік, асқақ әнім.
Алға оздым елу елдің қатарынан,
Ағайын, куә болып қоста бәрің.

Ата Заң, Әнұраным – көркім менің,
Көрінсе көк байрағым желпінемін.
Бақытым, бар байлығым – туған жерім,
Ұлыспын, ұлтым қазақ, еркін елмін.

Қуансам, күлімдейді күн де бірге,
Иіліп бас иеді гүл де, міне.
Өзімді ең бақытты жан санаймын,
Төсінде туған жердің жүргеніме.

Сәтбаев – ару қала, арман қала,
Жұлдызы Сарыарқада жанған дара.
Лайық есіміне ұлы ағаның,
Ғұлама Қаныш атын алған қала.

Атағы алыстарда, ғарыштарда,
Есімі алты алашқа таныс қала.
Ордасы кен қопарған кеншілердің,
Көзіндей ғұламаның Қаныш қала.



Ордасы ырысым мен берекемнің,
Ортасы қуаныш пен мерекемнің.
Мекені құз құлатқан кешілердің,
Кіндігі құт дарыған кенді өлкемнің.

Тоғысқан талай тағдыр, талай арман,
Тер төккен талай дүлдүл, талай тарлан.
Ұлдары ұлағатты мұрат тұтып,
Жүзінен қыздарының арай тамған.


Зерлеген сағынышын, қуанышын,
Бұл қала – тұлпарлардың тұрағы шын.
Жырында Кәкімбектің, Асатовтың,
Төгілген қаламында Қуаныштың.

Мекені Қасымхандай қырандардың,
Мектебі елін сүйген ұландардың.
Отаны Дембергендей батырлардың,
Тұтанып жанарында тұрар жалын.

Шындығын Шынболаттың шырқыратқан,
Жырлары әлі кетпей тұр құлақтан.
Әрі ақын, әрі кенші шың құлатқан,
...Сыныптай шіркін дәурен сырғиды аққан.

Шығарып Жезқазғанның атын дара,
Түсуші ең суына да, отына да.
Бір құрмет Жезқазғаннан бұйырмапты-ау,
Сен бізді кешіре гөр, ақын аға...

Мақтаны бүкіл қазақ, бар өлкемнің,
Біледі ел ұлы Қаныш дана екенін.
№27-ші мектебінде
Істеп тұр мұражайы Қанекеннің.



Бағдат, сөзіңе кім таласады?
Кеңгірден шыққан даусың әрі асады.
Әйгілі ғұламаға қос қаладан
Ашсақ та он мұражай жарасады!

Көркі еді «Ұлытау үні» аймағымның,
Қосылма күмәніне қайдағының.
Көркінен айыруға Жезқазғанды
Жол бермес деп сенемін Шайдар інім.


Өнердің өрмелейді даңқы шыңға,
Ұласып ұлы думан, арты жырға.
...Беті аулақ, олай-пұлай бола қалса,
Бізге кел фестивальға қатысуға.

Ел-жұрттың елең етіп көз-құлағы,
Үнімді Астана да естіді, өні.
Жыл бойы жалғасады үзбей «Саған
арнаймын, әсем қалам!» фестивалі.

Кеңестің кірмей қалып тізіміне,
Тосылдық тоқыраудың үзiгiнде.
Ол рас, неке сарай салынбады,
Қыр асып қырық жылдың жүзі, міне.

Бас шұлғып, қол қусырып кешегіге,
Жантаяр жан дей көрме төсегіне.
Зерделеп, он ойланып, екшеп пішіп,
Енгіздік ертеңгінің есебіне.

Жарқ еткен жастық ғұмыр кетер ме естен,
Қазақпыз хан жайлауда некелескен.
Сарайда неке қиып, сақта, Құдай,
Жұптардан шыға сала желкелескен.



Жарасып мәңгі бірге, бөрінен де,
Жас отау ел болсын де өркені өскен.

Желегі өркен жайсын ізгіліктің,
Желінен ығыр болдық ызғырықтың.
Өзіңнен естігенде қапа болдым
Мыс зауыт басшысының іс-қылығын.


Сақтасаң, осындайдан сақта, Құдай,
Жөн білген жетекшінің шатағын-ай!
Зауыттың тағдырына ел алаң болып,
Үміттен күдік басым шақта мұндай.

Жетпесе жетесіздер жетемізге,
Түңіліп туған жерден кетеміз бе?!
Көз салған мысты аймаққа Елордадан,
Сенейік Елбасының тек өзіне.

Жүйткіді жүйрік уақыт ырық бермес,
Жақсы мен жаманыңды іріктемес.
Көркейіп келеді өсіп кенші қалам,
Айшықты артқа салып қырық белес.

Күн келіп күн артынан қызғылықты,
Ісіміз көбеюде ізгілікті.
Құрылыстың қарқыны өсіп Сәтбаевта,
Көлемі баспананың көзге ілікті.

Жалғадық жаңа дәстүр, жақсы ырымды,
Азайды тұрғын үйдің тапшылығы.
Салынып төрт жаңа үй, екі жүз бес
Пәтердің кілті жұртқа тапсырылды.



Сонда да айдан құлап түскен елдей,
Жай-күйсіз жүргендер бар істері өнбей.
...Үй салу қалай десек Жезқазғаннан,
Тұрғындар жаутаңдайды түс көргендей...

Жылқы жыл жолға қояр дұрыс бәрін,
Бар болсын бәрінде үйі туысқанның,
Төңірім тілегімді қабыл көріп,
Қазақтың тауыспасын ырыс-бағын!

Жылқы жыл, жұлдызымды жандырып кел,
Қазаққа халқыма тән нар қылық бер.
Елбасы жолдауында көрсеткендей,
Болайық барша қазақ Мәңгілік Ел!


Бағдат:

Туған жерге жер жетпес ғұмырыңда,
Жерінді сүй, елді сүй, мұны ұғын да.
Қыран құс та қаһарлы көрінеді
Қомданып отырғанда тұғырыңда.

Жезқазған жұрты жайлы, жері майлы,
Жайдары, көрмегендей елі қайғы.
Жерұйық киелі жер болмаса егер,
Жат жерден келгендерге неге ұнайды?

Кендігі Сарыарқаның даласындай,
Елдігі сол даланың данасындай.
Мәрттігін, мәртебесін айтар болсам,
Сәтбаев қаласының ағасындай.

Мұса аға, айтқаның жөн, дегенімен,
Шынкеңді сыйдан кенде демедім мен.
Сірә да ұлы ескерткіш болмайды ғой
Ақынның жазып кеткен өлеңінен.



Біздің Секең санамас шығын мұны,
«Ұлытау үні» – өнердің шырын гүлі.
Фестивальдің жыл сайын ашылады
Шынкеңнің «Шындығымен» шымылдығы.

Мұса аға, халыққа айтып өткізіңіз,
Гүлсара жеңгейге де жеткізіңіз.
Бұның бәрін Шынкеңді ардақтаған
Жезқазғанның құрметі деп біліңіз.

Қызық болсын деген-ау, тартысты әрі,
Жаңадан үй салмапшыз, бар қыспағы.
Қырықтағы жігіттің қарқынымен
Ағаңды салыстырма алпыстағы.

Құтты болсын үйің де, пәтерің де,
Бұл сөзімді ұстағай қаперіңде.
Қалада халық саны өспеген соң,
Айналмасын сол пәтер қатеріңе.

Жетімдерге үй беріп, қоғамдап ек,
Дегенімен, үмітті одан да көп.
Бір мың үш жүз адамың кезекте тұр,
Қожайыны жаңа үйдің боламын деп.

Қолтығынан жөн көріп сүйегенді,
Біз де арттық үмітке иек енді.
Ішінен мың алты жүз үміткердің
Қырық үші жаңа пәтер иеленді.

Мұса аға, қарамағын бұлай қырын,
Адамдар көп бізде де үй сұрайтұғын.
Биыл бастап үш үйді тұрғызбақшы,
Сексен алты пәтерді құрайтұғын.



Көрінгенмен бәрі де қалыпша әлі,
Жазылмай тұр сананың жарықшағы.
Соңғы үш жылдың көтерсең деректерін,
Қос қалада өспей тұр халық саны.

Ақындардың емес бұл сынағаны,
Тоқтар емес тұрғын үй сұрағы әлі.
Қаладағы қос қабат ағаш үйлер
Қисайып тұр, бір күні құлағалы.


Мүмкіндік жоқ әрі қарай таңдауыңа,
Материал қып беріңдер малды ауылға.
Жиырма жылға шыдар деп салған үйлер
Көніп келді алпыс жыл алдауыңа.

Еңбегіңді ерінбей еселеші,
Көгерсін деп туған ел көсегесі.
Қос қалада түйткілді ой тағы да бар,
Білім беру ісінің мәселесі.

Бәстiде бәйге алады бағы мықты,
Пәс түссе көңiл сорлы қамығыпты.
Рәкеттер мен рейдердi ұмытып ек,
Репетитор дегендер тағы шықты.

Үмітіңнің жалғайды ұшын қайғы,
Бұл ісіне өздері қысылмайды,
Репетитор алмасаң, балаңызды
Алтын менен қызылға ұсынбайды.

Балл алса репетитор септігімен,
Ұстаздардың беделі кетті білем.
Репетитор бағасын асырып тұр,
Білімсіз мамандардың көптігінен.



Арқасында белгілі өсімдердің,
Өзгергенін көз көрді шешімдердің.
Өз тілінде сауатты жаза алмайтын
Қып-қызыл дипломның иесін көрдім.

Мықты ма екен, кім білсін, оққағары,
Сыпырылып басынан ноқталары.
Білімнің саласына қарап тұрсаң,
Бизнестің бір саласы боп барады.


Сонда ғана жол бермей күдігіңе,
Ұстаздардың туады күні, міне.
Тәрбиеге ата-ана жауап беріп,
Ұстаздар жауап берсе біліміне.

Демей бермес қолтықтан қолдауышың,
Жылжып өте шығады жыл – маусым.
Бүгінгіңе көзді ашып қарау керек,
Болашағың бұлдырап тұрмау үшін.

Шын болса екен ақынның сыны тағы,
Болмау үшін өлеңнің құны – тары.
Мұса аға, асыл ойды ортаға сал,
Мәймөңкелей бергеннен кім ұтады?!

Тарих білсең, білімің еселенер,
Түзде иесіз тұрмасын кесенелер.
Білімге бизнес деп қарамаңдар,
Мәңгілік ел боламын десең егер.

Түркілер қанат жайған әлемге кең,
Сүйенем дәл осындай дәлелге мен.
Мәңгі елден шыққандығын «маңғол» сөзі
Бүгінде ғалымдарым дәлелдеген.



Сөкпегін тергеді деп таза мені,
Тегі – түркі, түлік – жылқы ғажап еді.
Руға бөлінсе де, рухы бүтін,
Мәңгілік елге лайық Қазақ елі!

Мұса:

Ежелден ер-азамат атқа мінген,
Елі үшін отқа түскен, топқа кірген.
Елім деп еңіреген ерлерінің
Есімін бүкіл қазақ жатқа білген.


Кең дала кереметке толы болған,
Көк нөсер, қара дауыл, долы боран.
Құлшынып көшін бастап көсемдері,
Тізгінін ел-жұртының қолына алған.

Жанына серік етті ар-намысты,
Қияға жетеледі арманы ізгі.
Бағыты барар жолдың қай кезде де
Керуен басшысына байланысты...

Тұлпарға топ бастаған жақын жаным,
Білемін мақтануға хақым барын.
Ғажайып қандай ғана, сол сәйгүлік
Шыққаны ауылынан ақындардың...

Әнуар айналайын, ініміз ғой,
Жүреді жүрегінде үнемі ізгі ой.
Ілмейді қаперіне халқы менен
Қаланың өмірінен өзге бір ой.

Ырзамын дәл бүгінгі жұмысына,
Қан жүрді қаламыздың тұрмысына.
Жан кірді тіршілік пен тынысына,
Өң кірді құлазыған құрылысына.



Сыланып сән түзеді бас алаңы,
Күн түсті көшелерге тасадағы.
Көлденең шөп жатпайды кешке дейін,
Тазалық екі мәрте жасағалы.

Бағдат, өзің едің арқалы інім,
Құрыстың бірге өнер орталығын.
Мен сенем жастарымыз ұстарына
Қазақтың өнерінің сол қадірін.

Тұрғындар өндірістік аймақтағы,
Көшуде орталыққа жайлап бәрі.
Осы жаз он жаңа үй бой көтеріп,
Отырмыз қоныстарын тойлатқалы.

Сәтімен сабақты жіп басталды да,
Қарыштап қарқын алды қас қағымда.
Дөп келіп көші-қонның бар жұмысы
Аймақты дамытудың жоспарына.

Үш жылда сол жоспардың арқасында,
Кіркөпкіз жаңа ауданның қақпасына.
Әрқайсы жетпіс пәтерлі отыз үй мен
Коттеждер жеті жүз алпыс отбасына.

Құбылған қырық айналып келте күнге,
Бүгінде ілеспей тұр ертегі де.
Ол рас, алабөтен алаңдаймыз
Бауыр ет баламыздың ертеңіне.

Қол сұққан оқушының үлесіне,
Көксоққан министрді білесің бе?!
Пара алу, ақша жинау, сыбайластық
Өршіп тұр білім алу жүйесінде.




Тестілер теріс болып айыпталды,
Сауатсыз оқулықтар анықталды.
Жыл бітпей жаңа бағдар, жаңа құрал,
Ешқайсы оқу ісін жарытпады.
Біреуі мұғалімнің бала сабап,
Белгілі «даңқын» елге таратқаны.
Сотталып келген біреу ұстаз екен,
Оны да прокурорлар анықтады.
Бұлардан тәрбие алған ұрпағымыз
Ел болып енді кімді жарытады?!
Бар пәле берекесіз билікте ғой,
Басынан шірімей ме балық-тағы.

Танымал елімізге, өзімізге,
Өнеге – ұлағаттың бәрі бізге.
Әйгілі Қабден аға, Шабал апай,
Мақтаныш есімдері бәрімізге.
Солардың ізін жалғап, жолын басқан
Тәлімгер ұстаздар бар әлі бізде.

Елбасы алаң болып ертеңіме,
Үмітін жалғады жас өркеніме.
Бүгінде білім менен тәрбиеге,
Бірігіп бар үкімет тер төгуде.
Сенейік, енді ұзамай осы жағы
Тік тұрып аяғынан кетеріне.

Бағдат, бүгін мен бір арай көрдім,
Арай деп Кеңгір жаққа қарай бердім.
Алпысқа аяқ артқан мыс шаһарым
Қуә еді қызығына талай елдің.

Бойынан бақ дарыған боз даламның
Ақтарды Қаныш аға жез ғаламын.



Бұл алпыс – шежіресі мысты өлкемнің,
Бұл алпыс – тарихы ғой жез қаламның.

Алпыс бұл – еткен еңбек, төккен терің,
Арманың, шыққан белес, жеткен жерің.
Ырысы, ынтымағы, берекесі
Ізгілік жер бетіне сепкен елдің.


Мыс қала көптен күткен тойға дайын,
Сыбаға, сыйың болса сайла, ағайын!
Алпыс жас – асқар тауың құтты болсын,
Жез шаһар, Жезқазғаным айналайын!

Сары мыс сақырласын қазаныңда,
Бақ дарып, ырыс қонсын қазағыма.
Алпыс жас мерейтойы кенді өлкемнің
Айналсын ақындардың ғазалына.

Тілегін тойдың тілеп отыр елің,
Бағдат, сен де соның өкілі едің.
Келетін әр қиырдан қонағың бар,
Жүрер жол, күйі қандай көпірлердің?
«Аварийный» деген сөзді оқимын да,
Шымыр ете қалады көкірегім.
Беті аулақ, шақырып ап мерейтойға,
Обалына қалмайық бүтін елдің...

Ел тілі – қазақ тілі, өзге заң жоқ,
Сонда да орышадан көз жазғам жоқ.
Үстінде күре жолдың қала атауы
Әлі тұр сол күйінде «Жезқазған» боп.

Айналды қайран Кеңгір қойыртпаққа,
Айдостан құбыр тартар ойың жоқ па?



Сасыған көлдің суын ауызына
Алмайды, адам түгіл, қой ұрттап та.
Шелектеп тасымасаң Сәтбаевтан,
Келетін қонақтар мен қалың жұртқа.

Мысты өлке – тұғырымыз, тірегіміз,
Қанаттас қос қаланың түлегіміз.
Намысы бөріктінің бір деген ғой,
Той қамы сәтті болсын – тілегіміз.

60-ты өткізейік салтанатпен,
Жасай бер, мысты аймағым, атамекен.
Сан ғасыр сарқылмасын ризығың,
Кешегі Қаныш ағам арман еткен.


Бағдат:

Жырына құлақ салсам күшті ағаның,
Жүзіндей қылпылдап тұр ұстараның.
Айрықша жанашыры секілдісіз
Алпысқа келіп жатқан мыс қаланың.

Толастамас ақ жауын – ақ тілексіз,
Халқыма шат көңіл мен бақ тілепсіз.
Өтемі өлең сөздің бар болса егер,
Көпірі құламайтын сәт тілепсіз.

Кей сәтте тығырыққа тірелемін,
Мүсеке, жанға батты мына өлеңің.
Кеңгірдің кермек суын ішпейтұғын
Жылқы жылы тазалық тілегенің.

Рахмет оған да үн қосқаныңа,
Бей-жай қарай алмапсың дос қамына.
Айдастан ауыз суды биыл тартпақ,
«Қазақмыс» кіргізіпті жоспарына.



Су түспей Кеңгір, рас, кетті күйіп,
Мейрамды жыл шаттанып, бек түлейік.
«Қазақмыстың» ғана емес, бар қазақтың
Орындалсын жоспары деп тілейік.

Несіне оған жасып, қамығамын,
Ел едік қой соры мол, бағы қалың.
Бұйырса, Кеңгір асар кемерінен,
Биыл қыс Ұлытау жақтың қары қалың.

Шер тарқатпас шекелік шекер етің,
Себепсіз жарылмайды бекер өтім.
Қожанасыр дәл бүгін керек боп тұр,
Көмпіс жұрттың көңілін көтеретін.

Болыстардай Ресейге боданы бір,
Орысшылай сөйлеуді мода қып жүр.
Жазылғанша жаз өтіп, қысың келер,
Тұқым қуған аурудай о дағы бір.

Мүсеке, түскеннен соң жыр-егеске,
Айналып кеткенсіз бе күлегешке?
Үш тұғырлы қазір тіл саясаты,
Орыс тілі солардың бірі емес пе?

Көбінің бұл өмірден аз сабағы,
Атадан оқ бойы озып асса дағы.
Жезқазғанға кіретін үш қақпаға
Жарасар үш тілді етіп жазса дағы.

Дегенім емес қой тіл тоқырасын,
Болашақты ойласаң, оты басым.
Туризм орталығы болған кезде
Бұл іске алаңдамай отырасың.



Тағы бір айтқан ойың, батыл әрі,
Ол рас, көпірлерім қақырады.
Тағы бір-екі жылға шыдай тұрса,
Екі мың он алтыда қатырады.

Тағы да бір жаңалық елде бөтен –
Көпірлер жоспарға анық енген екен.
Аймақтарды дамыту қаржысынан
Он бес пен он алтыға бөлген екен.


«Апатты жағдайда тұр көпір деген,
Өтуге болмайды, – деп, – нөпірменен».
Баттитып жазып қойсам, түсінбейтін,
Келетіндер жыңды емес жетілмеген.

Ақыннан өкім сайлап, бағың өсіп,
Тұр ма екен айдарыңнан жалын есіп?
Адамға өз қатесін көру қиын,
Айтайын, Сәтбаевтың халы нешік.

Болады сұмдық жағдай баласаң да,
Жаның ауырып кетеді қарасаң да.
Кеншілер айлық алған уақытта,
Ақ арақ айналады «Арасанға».

Аяз ба, әлде ыстық па күн реңі,
Қарамайтын неткен бұл шымыр еді.
Подъездердің алдында отырып ап,
Ақ арақты асындай сіміреді.

Ет ұрлаған мысықтай шошаладан,
Жандар көрдім үйінен бошалаған.
Төрелік төрден айтар азаматтар,
Осылай аспай отыр босағадан.



Көшпенді ел болғанмен кеше біздер,
Кен өндірген, қалдырған көшелі іздер.
Халықтың мәдениетін көтеріңдер,
Мәңгілік ел боламыз десеңіздер.

Соншама жетпейді ме күш-айлаң да,
Қалдырып қалың елді пұшайманға.
«Вертекс» деген фирма айлықтарын,
Бермегенге асыпты үш айдан да.


Шынында қорқақпысыз ор қояндай,
Неліктен отырсыздар қолдай алмай?
Зайырлы қоғамында заң бұзылып,
Өз құқын отыр халқың қорғай алмай.

Кім жеңерін көрем деп бәстесе ме?
Жоқ, әлде мойындаймын, рас десе ме?
Тарифтер тоқтауы жоқ өсіп жатыр,
Айлықтар бір тиынға өспесе де.

Бабамыз текті еді ғой көне алмайтын,
Монополист «Мәңгі ел» ме жеңе алмайтын?
Экономист дегендер көрсоқыр ма,
Кіріс пенен шығысты көре алмайтын?

Түскенінше жейді кеп көмей шіріп,
Өз халқын аямайды өгейсініп.
Міңкесіз монополист кесірінен,
Елде меңдеп барады кедейшілік.

Қолда билік тұрса да пәрмені көп,
Сылтау етіп айтады әр нені көп.
Санасында жеу тұрса шенуніктің,
Санасуға халықпен дәрмені жоқ.



Әкім болу жұмыс қой азабы көп,
Әркім келіп алады мазаны көп.
Айтыс жасап, мінімді айт дей алады
Әнуардай әкім тек таза жүрек.

Мұса аға, сыншы болсаң бабы нардай,
Тұлпарды құлын күнде танығандай.
Айта бер, жауабыңа мен дайынмын,
Меңзейтін мініміз бар тағы қандай?

Мұса:


Бағдат, сөзің – шырын, жырың – балдай,
Жадырап жаныма нұр құйылғандай.
Киелі қара өлеңнің қызуынан,
От болып өне бойым жылынғандай.

Шымырлап жүрегіңнің тереңінен,
Тәгілген кереметті көремін мен.
Жыр кернеп, шабыт сыймай көкірегіңе,
Бұрқырап көмейіңнен өреді өлең.

Айтқаның – әдемі сыр, сұлу өрнек,
Келтірдің жалғаны жоқ өңкей дерек.
Көңілді жетелейсің көкжиекке,
Өрбітіп қай-қайдағы ойды тербеп.

Сөздерің тасты жарған жасындай ма?!
Арының тауды жықпай басылмай ма?!
Тыңдасаң, мен де айтайын бірер жауап,
Жүрекке жүк қалдырмай осындайда.

Іргелі істерім бар қуанатын,
Ел болдық бәсекеге тұра алатын.



Таңбам бар, тамырым бар, тарихым бар,
Ұлтымның ұлықтадым ұлағатын.

Дарыды ұрпағыма имандылық,
Оралды дәстүр-салтым тұрған тұнып.
Кемел боп көрінеді көкжиегім,
Күттіріп қыздан қылық, ұлдан үміт.

Жүргенде бақ қонды деп маңдайыма,
Тірелді тікенегі таңдайыма.
Іргеден ере келді жат ағымдар,
Ілесіп еркіндіктің шалғайына.

Есіктен сығалаған жаман ғұрып,
Төрге озды бәрімізді алаң қылып.
Осы іске жұмылуда барша қала,
Көрсетіп бүкіл ел боп табандылық.

Кеңестің кеселіне санап келген,
Ескі дерт қалмай қойды арақ деген.
Жарасын ескі аурудың жабудамыз
Қойылған қоғамдағы талаппенен.
Орын жоқ жұмыста да, тұрмыста да,
Жандарға «жынды суды» тамақ көрген.
Бүгінде талай тентек жуасыды,
Таяқ жеп тағдырынан сабақ көрген.
Әйтеуір жастарымыз үйір емес,
Құдайға мың шүкірлік тағат берген.

Ал енді ақ-қараны зерттеу үшін,
Ісіне үңіліп ем «Вертекстің»,
Шытырман күйге түсіп әзер шықтым,
Көргендей «Мың бір түннің» ертегісін.



Бұларда, Бағдат-ау, бәрі заңды,
Шертпепті шекесінен ешбір жанды.
Бермеген жалақыны бұлар емес,
Кәдімгі Жезқазғанның «Әкежаны».

Қос фирма жұмыс істеп келісілген,
«Әкежан» шарт бұзыпты келісімнен.
Сол үшін заң жүзінде қол қойылған
Сомадан қағылыпты келісілген.


Ақ болсаң, кәне, осыдан ақталып ал,
Бұл жайлы заң орнының ақпары бар.
Сондықтан ушықтырып соза бермей,
Халықтың жалақысын қайтарыңдар.

Бағдат, айтылды ғой біраз шындық,
Тексердік, көзбен көрдік, сұрап білдік,
Бәрін айт, бірін айт та, ең қиыны,
Халықты қажытып тұр қымбатшылық.

Керектің күнделікті бәрі қымбат,
Ішер ас, киер киім, дәрі қымбат.
Отын-су, жылу, жарық, бөрінен де
Бөліп жер балалы үйдің наны қымбат.

Бағасы базарыңның шарықтады,
Екі асап ептілердің қарық бәрі.
Өріп жүр падасы жоқ бақылаушы,
Япыр-ау, кімге керек халық қамы?!

Бәрін де қымбатшылық жаулап алды,
Үй-күйсіз көріп жүрміз жаурағанды.
Кедейлер кредитін төлей алмай,
Сорлының соры қайнап дауда қалды.




Кешеден бүгін қымбат, арзаны жоқ,
Жол жүрсең билет қымбат, жанжалы көп.
Діттейді депутаттар күнде ертеңін,
Сөзінің расынан жалғаны көп.

Жұр тыныш, елім еркін, жерім азат,
Бар байлық өзімізде, міне, ғажап!
Отырып ен дәулеттің ортасында,
Білмеймін, неге кедей біздің қазақ?

Жалақы, жәрдемақы тиын боп тұр,
Бәрінен зейнеткерге қиын боп тұр.
Тамшыдай 9 пайыз биыл қосқан,
Сеп болмай күнкөріске, миын жеп тұр.

Денсаулық бір жағынан меңдетеді,
Жайлады неше түрлі індет елді.
Сіңген дерт өн бойына есін алып,
Көнбейді көке десең емге тегі.
Жастарда жаман ауру белең алып,
Жөргектен шықпай жатып бел кетеді.
Қол жұмсау деген шықты өз-өзіне.
Көрмеген Расулдың үмбеттері.
Құлаған іргемізге «Протоннан»
Төгілген тұман басып тұр өлкені.
Полигон жабылмаса, тұқымыңды
Түбінде түгел көрге сүйретеді.

Осыған Талғат мырза отыр көн деп,
Газ екен гептил деген жай бір кермек.
Гептилдi у деп жүрген ғалымдардың
Докторлық дәлелдері – ессіз ермек.
Тұлғамыз тұтқа болар мынау болса,
Қайран ел кімге қарап, кімге сенбек?!



Денсаулық министрі отыр, ол да
80-ге жастарыңды жеткізем деп.

Тоқтаған теріс кетпей тобасына,
Ырымшыл халық едік о басында.
Жаутаңдап жан-жағына сорлы қазақ,
Өксігі кептеліп тұр қолқасына.


Күнкөріс тіршілікті нарық қылып,
Халықты салып қойдық тарықтырып.
Нарықтың наны қымбат, заңы қатал,
Бермейді бауырына танып тұрып.

Онсыз да жабырқаған жанға жүдеу,
Бос қиял мына күнде дәрмен іздеу.
Демейтін қолтығынан қиналғанда,
Жанашыр, қайран жұртым, бар ма біреу?!

Түскенде халқы менен елі есіне,
Тартынбай тура қарар төресіне,
Шерағаң, Мұхтарлардың көрінбей тұр
Бүгінгі Мәжілісте елесі де.
Көп әйел, көрі қыз бен алып қашу
Жыр боп тұр қазіргінің кеңесіне.
Осының бәрін көріп шараңыз жоқ
Ертеңім не болады демесеңе.

Аралап ай мен күннің ағыстарын,
Жүрсек те кемесінде ғарыштардың.
Елінің жүрегінен аты өшпейтін,
Қайдасың, қайран менің арыстарым?!

Мың өліп, мың тірілген замандардан,
Ұлыстың ұрпағымыз аман қалған.



Халқыма қорған болған қиын кезде,
Қаһарман Кетбұқадай бабам болған.

Тарихтың тереңінен жетті даусы,
Түбі бір түркі елінің текті атасы.
Абызы алты Алаштың аруақты,
Кемеңгер қазағымның Кетбұқасы!

Айналып ұрпағының ұранына,
Жүйткітіп желдей ескен пырағына.
Сенеміз, елі қойған ескерткіші
Төрінде Жезқазғанның тұрарына.

Кеңгірдің жұпар шашып таң самалы,
Төңірек төтті әуенге тамсанады.
Жасанып жатыр өлке, бүкіл қала,
Мерейлі мерйтойын қарсы алғалы.

Жасай бер, мысты қала – мақтанышым,
Мәңгілік сарқылмасын аққан мысың.
Жалыны мыс зауыттың қайта шалқып,
Құт қонып, бар халыққа бақ дарысын!

Бағдат, жолымыздан жаңылмалық,
Уақыттың үкіміне бағыналық.
Ізетпен жол берейік кейінгіге,
Отырған ақындар бар дайындалып.
Жақұттай жырларыңның шуағына,
Жадырап қалып едім жаным байып.
Өзірге аман боп тұр, айналайын,
Бұйыртса, ұлы тойда жолығайық!




Бағдат:

Қандай жыр енді менен дөметерсіз,
Киелі өлең жазайық кәде етер біз.
Тау тұлғалы болғанмен, ер көңілді,
Мәдениетті, қатты айтпас жан екенсіз.

Тәуелсіздік – тамаша нұрлы, арай күн,
Ақын едің дегенмен сырға абай тым.
Сақтығыңыз керемет үлгі аларлық,
Екі шоқып жан-жаққа бір қарайтын.
Тұшынып оқығанда ел жырларыңды,
Езуінен сілекей сырғанайтын.
Көсіліп жыр жазыпсыз жүйріктердей,
Теңіз тері терліктің құрғамайтын.

Өлең жазар өнерге түстене алған,
Айтылмаған ой жаман іште қалған.
Сілкіп қалсаң топырлап жерге түсер,
Өлең шіркін емес қой піскен алмаң.
Санаңды жегі құрттай жеп тынады,
Жау сияқты кей кезде іштен алған.
Мұса аға, мен де ойымды ақтарайын,
Қалмасын айтпаған сөз, іште арман.

Арақтан алыс болса жастарыңыз,
Адалданды деген сол астарыңыз.
Әр үйден береке мен бірлік кетпей,
Сәбимен өсіп-өңсін бастарыңыз!
Азаматтар ақылды, саналы боп,
Алынсын армандаған асқарыңыз.
Ұрпақтар білімді әрі білікті боп,
Ойлаған жеделдесін жоспарыңыз.



Жүр ме әлі сабасына ерке түспей?
Фирманды сөз етіп ем «Вертекстей».
Ақыры өзіме әкеп жауыпсыз ғой,
Деген бар «Бекіспейді ер шекіспей».


Айналғанша айғайлап өтешіне,
Көшпейсіз бе одан да төтесіне.
Ініге айтпай, өзің-ақ әперсеңші,
«Әкежанды» танытып әкесіне.

Тауарларды сөз еттің қымбаттаған,
Жарамас қымбат жайлы тіл қатпаған.
Қымбаттау кесірінен кетпесе екен
Арзандап құндылықтар қымбат маған.

Ар-ұят, ұлттық мүдде, мейірімдер,
Туыстық, бауырмалдық, пейілін бер.
Адалдық, білімдарлық, сыйластықпен,
Құрметтеп бір-біріңді иіліңдер.

Төндіргенім емес бұл заманақыр,
Қыр көрсетті кедейге қара бақыр.
Несібесі азайған қарашаның
Несіесі көбейіп бара жатыр.

Басқа салған сол болса, көреміз де,
Жоқ, әлде шынымен-ақ көнеміз бе?
Бұл іске Парламент те пәрмен берді,
Әліптің артын бағып көреміз бе?
Елдікті сақтап қалу – үлкен міндет,
Ер болсаң, енді осыған себеп ізде.
Тастай салу ешқашан қиын емес
Көтеріп тұрғаныңды төбеңізге.



Доллар өссе ел қалай жұбанады,
Дейсіз бе әлде төзімді сынағаны?
Ішкі өнімнің артса егер бәсекесі,
Еселеп қайтармақшы сыбағаны.

Нәубет емес қазаққа арнап келген,
Жарамайды бекерге зарлап берген.
Қарны ашқа бір тояр балық емес,
Үкімет жарап тұр ғой қармақ берген.


Бұйырмай кетпесе екен озу бағы,
Бағыңнан баға басып озуда өлі.
Бар аурудың болып тұр бастамасы
Жүйкенің жүйесінің тозулары.

Бұл сөзім жүрсін, жұртым, құлағыңда,
Гептилдің жай уы бар құрамында.
Жүйкенің тозуынан қозады екен
Грыжа, язва мен рагың да.

Билікті жаратқанша құлақсыз қып,
Халықты жаратсаңшы сұрақсыз қып.
Жүкенің тозуына басты себеп –
Баға мен тарифтегі тұрақсыздық.

Шек болса екен ас та төк байлыққа да,
Табысы бар көп жұрттың шайлық қана.
Тұрақсыз доллар, тариф келеді өсіп,
Тұрақты өспейтұғын айлық қана.

Әдемі әлди сынды ырғақтағы,
Баладай қозғалмайды құндақтағы.
Екі айда үш тарифті өсірсе де,
Бір рет билік байғұс тіл қатпайды.



Монополист «Мен өзүм билем» дейди,
Шын билген басқа бөле тіленбейди.
Тозған желі үшін де тариф өссе,
Тозған жүйке, халықты кім емдейди?

Олардың басу үшін өр екпінін,
Қоюға дірілдетіп директорын,
Халық құйған қаражат қайда кетті,
Аудиторлық тексеріс керек бүгін.


Жерім жоқ түсінікте төмендеген,
Ер едім елмен бірге елеңдеген.
Ел жайына алаңдап Елбасымыз,
Он пайыз айлық қосты дегенменен.

Сөз еттің Төретамның полигонын,
Алыстағы ұқпайды мәнін де оның.
Жарылғаннан сақтасын елдің іші,
Полигоның түк те емес жанында оның.

Мұсабаев Талғатты ел ерім дейді,
Біздің ел жалпақтауға ерінбейді.
Ерім деп елі сенген сол Талғаттың
Бойынан ұлттық намыс көрінбейді.

Мұса аға, өлеңіңіз ерек боп тұр,
Жырлауға дәл осылай керек боп тұр.
Осындай алмағайып заманыңда
Кемеңгер Кетбұқалар керек боп тұр.

Ел болып ескерткішін тұрғызайық,
Айтпайды өзбек өкпе, қырғыз айып.
Кете ноян рухымен кемелденген,
Өсіп-өңсін рухты ұл-қыз лайық.



Мәз боламыз галстук тағынып құр,
Шахталарың қысқарып, жабылып тұр.
Ресейлік фирмалар басып алған,
Өндірістің өкпесі қабынып тұр.

Өзге келіп өзгерді басқаға атың,
Сұрақ осы ортаға тасталатын.
Сәтбаевтан бір жігіт шықпады ма
Асханасын шахтаның басқаратын?


Төзіп келдің алғанша асыңызды,
Сұртпейді олар сүрінсең жасыңызды.
Құлдық сана көретін түрің бар ғой,
Қыл мойыннан алғанша басыңызды.

Алла нұрдан жаратқан саналарын,
Шығады деп ойлаймыз жаңа дарын.
Жиырмамыншы ғасырда қызмет еткен
Кетбұқадай болды ғой ағаларым.

Төменгінің айтқанын жоғары ұқты,
Баса-көктеп кіргенді доғарыпты.
Сәтбаевты сағынып осындайда,
Аңсайсың Бөпежанов, Омаровты.

Асқынбастан жөн шығар емдеткенің,
Бел буар бұл ауруды жеңбекке кім?
Атап өткім келеді ризалықпен
Штифанов, Гурбаның еңбектерін.

Дос сырын ақтарады досқа ғана,
Сөзімде қате болса қостама, аға.
Жанасов, Асылбеков, Ахановтың
Қосқаны аз болмаған қос қалаға.



Жез қалам, алпыстағы жерұйығым,
Бұрайын солай қарай сөз иінін.
Әркім-ақ тілейді ғой берекесін,
Бірлігін, тыныштығын өз үйінің.

Қайтеміз ақиқаттан аңыз құрап,
Алпысты той қылмақпыз нағыз бірақ.
Болғанынан болары қызық тойдың,
Соңында қалған ізі маңыздырақ.

Әрленіп түрленбекші көшелері,
Жарқырап түрлі фонарь көшедегі.
Үш тұрғын үй салынып көп қабатты,
Жаңадан жақсы асфальттар төселеді.

Көрсетеді уақыт, көп пе ұтарым,
Бірігуде жігіттер текті, дарын.
Ашық аспан астында мұражай мен
Ескерткішін орнатпақ Кетбұқаның.

Айтқанына әкімнің дүйім сенді,
Көл болмай ма көпшілік жиылса енді.
Ұлттық рухты көтерер ұлттық кешен
Биыл бойын көтермек, бұйырса енді.

Бұл істер еніп отыр жобаға анық,
Жақсы іске жұмылғандар хабар алып,
Серігі Жаманқұлдың аман болса,
Бар жігер, күш-қайратын салары анық.

Арқалы Арқа жұрты, мұны ұғындар,
Байың бар, кедейің бар, ұлығың бар.
«Мәңгілік ел» болудың басы болсын,
Елдікті көрсетіндер, жұмылыңдар!



Өзгеге болсын десең сыйымыз бар,
Өзімшілдік пиғылды тыйыңыздар.
Жезқазған, Сәтбаев пен Ұлытау демей,
«Аймақ» деп айрандайын ұйыңыздар!

*Сәтбаев қаласы,
«Шарайна» газеті,
2014 жыл*



Алтыншы бөлім

*ПОЭМАЛАР МЕН
АҢЫЗДАР*



ҮРКЕР

(Поэма)

*Ұлы Отан соғысынан оралмаған ағайынды
боздақтар Күнтуған мен Байтуған және
майданнан жаралы болып келіп қайтыс болған
Айтуған Тоқбергеновтерге ескерткіш*


Сан ғасыр сағым көшкен төңіректен,
Не қилы дәуір өткен, өмір өткен.
Сойқаны соғыс жылдың жүректерде,
Жас бала, кәрі ананы еңіреткен.

Шемен боп шерлі күндер жара салған,
Атаның нар кеудесі аласарған.
Қосағы қаза тауып қан майданда,
Асыл жар шашын жайып қара салған.

Қызық жоқ, күлкі ұмыт, жоғалған өн,
Гүл солып, күннен шуақ таба алмаған.
Шайқалтып қараша үйдің шаңырағын,
Соғыстан қу жалғызы оралмаған.

Сарғайған хабар күтіп азаматтан,
Өлсіреп азалы таң өзер атқан.
Үйлер бар он ұлынан бірі қалмай,
Қаралы қағаз алған, қаза тапқан.

Азат күн, Ұлы Жеңіс – көксегені,
Өрқайсы бір-бір құрыш семсер еді.



Ел үшін құрбан болған қыршындардың
Үркердей биікте тұр еңселері.

Сырларым сыймай жүрген көңілдегі,
Шертеді жүрегімді төгілгелі.
Арқауы соғыс жылғы елде қалған
Ата-ана, асыл жардың өмірлері.

Қош, туған жер!


Тәтті елестей түстегі,
Армандары іште еді.
Тоқбергеннің үш ұлы,
Атышулы үш бөрі.

Үшеуі де мәрт еді,
Жанып тұрған өрт еді.
Үш бөрі деп бекерге
Атамаған ел тегі.

Күш пен қайрат дарыған,
Үшеуі де палуан,
Қолмен ұстап құр атты,
Тоқтататын жалынан.

Алақаны күректей,
Саусақтары білектей.
Атан жілік, нар кеуде,
Аптал жігіт бір өңкей.

Үлкендері – Айтуған,
Жанарына ой тұнған.
Өткір жігіт, қайтпайтын
Ханға да мін айтудан.



Түзу жанған ошағы,
Көрікті жан – қосағы.
Перзенттері жоқ, өттең,
Бесіктері бос әлі.

Күнтуғанда бір ұл бар,
Былдырлаған тілі – бал.
Жас қырандай жұтынған
Жігіт болар түрі бар.


Тірі болса өседі,
Ел болар деп көшелі.
Түсіпбек деп ат қойған
Тоқбергеннің өзі еді.

Байтуғаны кіші боп,
Қақ-соқпенен ісі жоқ.
Ер дәстүрін ту тұтқан
Келе жатыр кісі боп.

Көрші қонған келіп күз,
Қараша үйден елік қыз,
Мойыл көзі мөлдіреп,
Сығалайды еріксіз...

Бір-біріне тең еді,
Сабақтасып желегі.
Қос қызғалдақ үлпілдеп,
Қатар өсіп келеді...

Егіз шырақ жанғандай,
Егіз тілек жалғанбай,
Соғыс өрті тұтанды,
Өттең-өттең, жалған-ай!



Тәтті елестей түстегі,
Арман қалды іштегі.
Қан майданға аттанды
Ағайынды үш бөрі.

Көк жусаны ырғалған,
Сағым көшіп қырлардан.
Қарауытып қойнауда,
Қол бұлғайды шулы орман.

Желдіадырдың мұнары,
Ол да кетпей тұр әлі.
Шығып алып шынарға,
Шырылдайды ұлары.


Ұлар, ұлар, ұлар құс,
Бір көруге құмармыз.
Жауды жеңіп ертең-ақ,
Оралатын шығармыз.

Қош әзірге, тал-құрақ,
Қош, айна көл, бал бұлақ.
Асыл ана, жан әке,
Қош бол, ата шаңырақ!

Ата қазақ түйелі,
Әлімсақтан ие еді.
Сары жайлау, сал дала,
Қош, туған жер киелі!

Жұлдызай

Сұлулыққа іңкәр боп,
Сұқтанбайтын сұңқар жоқ.



Сағынады көрмесе,
Сағат сайын құштар боп.

Құштар көңіл күй сынды,
Сөзі де, әні сүйкімді.
Талайларды тамсантқан,
О, сұлулық сиқырлы!

Сұлу әйел жаны гүл,
Дүниенің сәні бұл.
Құмар болып өтесің,
Өле-өлгенше бәрібір.


Сұлу әйел – құдірет,
Жатта есімін күбірлеп.
Сенен жан жоқ бақытты,
Бір қараса күлімдеп.

Сұлу қиял, сұлу күн,
Сұлу арман, сұлу мұң.
Сүйгеніне қосылып,
Бағы ашылсын сұлудың!

Сұлу еді Жұлдызай,
Жұлдыз десе жұлдыздай.
Бозбалалар мәз еді,
Бір көз салса үнсіз жай.

Тіл қата алмай ұтымды,
Небір ғашық жұтынды.
Тұзақ құрған талайдан
Әзіл айтып құтылды.

Соның бірі – Сегізбай,
Бар болғырдың семізі-ай.



Өгіз бұлай семірмес,
Жемдесең де сегіз ай.

Сұлу қызға тотыдай
Ол да ғашық, о, Құдай!
Сезім берген осыған
Тәңірінің соқыры-ай.

Сері солтаң үміткер,
Жүргізбейді жігіттер,
Мықты болсаң, оң жақта
Бойжеткен боп жүріп көр.


Көктем шыға көрікті,
Албырт көңіл елікті.
Аруда да жүрек бар,
Армандауға ерікті.

Сезім арна айдынын
Ақ парақ қып жайды мың.
Қуанышқа куә еді
Алтыбақан, айлы түн.

Ақ түндерде ай туған,
Ән де, сыр да айтылған.
Тұра қалып тыңдайтын
Жас палуан Айтуған.

Жолыққандай ғарыштан,
Екі жүрек табысқан.
Ғұмырлары басталды
Екеуінің жыр-дастан.

Таңы туып сый күткен,
Отау шықты үй тіккен.



Айтуғаны – жылқышы,
Асау қуған жүйрікпен.

Бұлар үшін бақыт-тын –
Ашық аспан, жақұт күн.
Сүюден де, сүйге
Жалықпайтын шағы-тын.

Жалау қылған жастығын,
Ғұмыры гүл жақсының.
Уайым жоқ, қайғы жоқ,
Махаббатқа мас-тұғын.


Күміс кірпік сәулелі,
Өтті солай дәурені.
Кім ойлаған салар деп
Бір күн соғыс әурені...

Қарағанды түбінде

Құлан жортып құм кешкен,
Құла түзде күн кешкен.
Саятшы еді Тоқберген,
Аңмен, құспен тілдескен.

Құла жорға – көлігі,
Құмай тазы – серігі.
Саяқ жүрген сері еді,
Өзінде өз ерігі.

Мезгіл шіркін қойды ма,
Құрық түсіп мойнына,
Бұл да өзінше ел болды,
Салт жүріске тойды да.



Желік қалып мінезде,
Жанға айналды бір өзге.
Отбасына қарайлап,
Кісі болды лезде.

Қыран түсіп тұғырдан,
Хан да тақтан жығылған.
Қайран, түлкі дүние-ай,
Қас қағымда құбылған!


Соғыс деген пәлекет,
Елге лаңын ала кеп,
Жалғыздары – майданда,
Зарлап қалған ана көп.

Жадау тартып мүсіні,
Мұның да пәс пішіні.
Соғыста жүр қан кешіп,
Сай тасындай үш ұлы.

Үшеуі де өрт еді,
Мінездері мәрт еді.
Үш бөрі деп бекерге
Айтпаған ғой ел, тегі.

Байтақ елдің ордалы
Солар еді қорғаны.
Жауған оқтан лайым,
Аман жүрсе болғаны.

Жақсы-жаман көп көрген,
Ел ағасы – Тоқберген.
Түк шықпасын ұғады
Көз жасын құр төккеннен.



Отты кешсе ұлдары,
Терін төгіп бұл-дағы,
Қарағанды түбінде,
Жұмыста жүр тылдағы.

Шойын жолға құм септі,
Қарын күреп, шым төкті.
Жаяу тартып шананы,
Майыстырды тірсекті.

Тіл қатпайды кісіге,
Не көрсе де ішінде.
Бос сөз емес, іс керек
Жауды жеңу үшін де.


Көрі жүрек жаралы,
Қайда тоқтап қалады?
Қашан бітер қу соғыс,
Жылдар жылжып барады.

Көне жолда қаламен,
Қараяды көрі емен.
Бұтақтары бүрісіп
Суық деген бөледен.

Дала қашан көгерер,
Көңіл қайтіп кенелер?
Келер көктем қалқайған
Көрі еменге не берер?!

ФЗО-дан қашу

Көкжиектен күн шығып,
Көзін ашты тіршілік.



Өткен жылғы өртеңге
Үлпілдейді гүл шығып.

Сай табаны қалың шық,
Қалың шықта жарысып,
Бауырларын сулайды,
Екі-үш бөрі алысып.

Бірін-бірі тістелеп
Ойнауға да күш керек.
Әбден шаршап құлайды,
Үш бөлтірік үш бөлек.


Тұра қалып, тартқылап,
Әрі-бері шапқылап,
Қалт тоқтады кішкене
Көк бөлтірік саққұлақ.

Алаңқайда қияқты
Біреу жатқан сияқты.
Жыртқыш емес, мал емес
Көріп жүрген тұяқты.

Бұлар бұрын көрмеген,
Бұрын мұнда келмеген.
Бұл не пәле көгалда
Ұзынынан көлбеген?

Бөрілердей тісі жоқ,
Бөрі шошыр түсі жоқ.
Ұйықтап жатыр алаңсыз,
Бұларменен ісі жоқ.

Өңі қандай арайлы,
Үш бөлтірік қарайды.



Тұмсығымен түрткілеп,
Саусақтарын жалайды.

Тұрқы бөлек, түс бөлек,
Қозғауға да күш керек.
Қозғалып еді зытты кеп,
Үш бөлтірік үш бөлек.


Тірі жан жоқ айнала,
Иен жазық, айдала.
Айдалада жас бала
Ұйықтап жатыр жай ғана.

Ұйықтап жатқан жас бала,
Қарар емес басқаға.
Кеше осында жығылған,
Дамыл тауып аз ғана.

Қу далада қаңғырған
Он төрт жасар балдырған.
Қарғыс соғыс мұның да
Бұғанасын талдырған.

Бұларға да күн туған,
Бұларға да сын туған.
Бұл – кәдімгі Түсіпбек,
ФЗО-да еді былтырдан.

Күндіз – жұмыс, кеш – сабақ,
Ашылмайды қас-қабақ.
Шыдай алмай, бәрін де
Талай болды тастамақ.



Атасы да сол маңда,
Келіп-кетіп жол барда,
Мәз боп жасап қалатын
Бір күн бірге болғанға.

«Түсіпбегім өседі,
Ел болар, – деп, – көшелі», –
Үздігетін елжіреп
Тоқбергеннің өзегі.


Бір апатта жолдағы,
Қайран ата сорлады.
Вагон соғып, мерт болып,
Бұйырмады ел дөмі.

Құй жылама, құй жыла,
Қима мейлің, қидың ба?
Кете барды атасы,
Қара жерге сыйды да.

Кімге айтасың өкпені,
Жетер жасын төккені.
«Қарағанды, қош бол!» – деп,
Елге қарай беттеді.

Түнде шалғын – төсегі,
Күндіз жылжып көшеді.
Жаяу-жалпы қалжырап,
Жеткен жері осы еді.

Тірі жан жоқ айнала,
Иен жазық, айдала.
Айдалада жас бала
Ұйықтап жатыр жай ғана.



Ұйықта, ұйықта, балдырған,
Сен бе жалғыз қаңғырған?
Бұл сұм соғыс талайдың
Бұғанасын талдырған.

Ата көрген өрелі,
Ағаларың ер еді.
Жауды жеңіп ертең-ақ,
Аман-есен келеді.

Күрсінбеші ертерек,
Ойнақташы еркелеп.
Еркесі ең ғой ауылдың,
Асыр салған ең тентек.


Күте-күте құр жаны,
Әжең байғұс жүр әлі.
Бөріне де қу соғыс,
Ит Гитлер кінәлі.

Тағы да Жұлдызай

Алма беті томпиған,
Жас келіншек монтиған.
Жерге түсті арбадан,
Бір жағына шоңқиған.

Қиралаңдап бір бөлек,
Жерде жатыр дөңгелек.
Алда ғана, Құдай-ай,
Енді қайтіп жөндемек?

Қас қылғандай қырсығыш,
Күн де күйіп тұр шыжып.



Табан астың тұтанбай
Жатқанына құлшылық.

Сая таппай қалтырап,
Қурап жатыр жапырақ.
Көкке алақан жаяды
Көні кепкен атырап.

Жұлдыз десе, жұлдыздай,
Қайран ару Жұлдызай.
Жара салған жаныңа
Қу жалғанның құнсызы-ай.


Жер мойыны шалғайда,
Отыр енді сарғай да.
Тік тұрғызып арбаны,
Жолға салар әл қайда?!

Арба толы көп күбі,
Былқ ететін жоқ түрі.
Жиып-теріп ферманың
Тартқан майы төрт күнгі.

Шыбын жаны шырқырап,
Жас келіншек жүр жылап.
Дөңгелекті сала алмай,
Аунап түсті бір құлап.

Ойы қашып он саққа,
Жаутаңдайды жан-жаққа.
«Әлдеқандай жүргінші,
Қарайласар жан жоқ па?!»

Өңі ме әлде түсі ме,
Әлде жүрек күші ме?



Біреу жүрген сияқты
Көк сағымның ішінде...

«О, Құдірет, бармысың,
Бар, бар Құдай, бары шын.
Аттың басын бері бұр,
Ей, жолаушы, армысың!»

Бұрқыратып шаңдақты,
Жортып келед салт атты.
Ер үстінде күржиген
Еркек отыр қалпақты.


«Талған шығар тақымың,
Ей, жолаушы, ақырын.
Сегізбай ғой, япыр-ау,
Қайдан жүр бұл пақырың?!»

Шолақ өкіл Сегізбай,
Бар болғырдың семізі-ай.
Өгіз бұлай семірмес,
Жемдесең де сегіз ай.

Сегіз пұт бар салмағы,
Соғысқа да алмады.
Буынынан жоқ еді
Бір қолының бармағы.

Шалдары бар, жасы бар,
Ендігі еркек осылар.
Азаматтар оралып,
Күн туғанша қосылар.

Жігіт қайда көз көрген?!
Сегізбай да өзгерген.



Кердең-кердең басады,
Келген жандай өзге елден.

– Түссендер де көктен кеп,
Ерке шағың өткен, – деп,
Өңкей келін-кешшікке
Зіркілдейді-ай өктемдеп.

Мықты да өзі, есті өзі,
Құдай да өзі, күшті өзі.
«Әй» қатыннан» келеді,
Аузын ашса бір сөзі.


– Әй, періште, хал қалай?!
Кел, кел, таян таңғалмай.
Қу бейнеттен қай күні
Құтыласың, қалқам-ай?!

Шынар едің көк өрім,
Арбақештік не теңің?!
Маған тисең демеп пе ем,
Мойныма сап өтемін...

Қыңыр сөзге шын жауап,
Түсінгенге мың сауап.
Жұлдызай да үйренген
Талайларды тұсаулап.

– Қайыр, Сөке, қош келдің,
Тілегі бір дос едің.
Хабар бар ма от кешкен
Ұлдарынан осы елдің?!

Шама қайда сайранға,
Өңкей боздақ майданда.



Жылға айналды, хабар жоқ
Қайныдан да, байдан да.

Жауған оқтың ішінен
Шыға алмай жүр, түсінем.
Құдай қосса келер сау, –
Деп ақырын күрсінген.

Жас еліктей жаралы,
Жаутаң қағып жанары.
Қасын қақса мөлт етіп,
Көзінен жас тамады.


– Әйел шіркін етекті,
Ермек қылар ертекті.
Сартап болған күйің ғой,
Сағынғаннан еркекті.

Жатушы ма еді жаманат,
Жаудың беті ғаламат.
Гитлердің оғынан
Қалар емес азамат.

Жолбарыс та өлмей ме,
Жанған шоқ та сөнбей ме?
Айтуғандай мықтылар
Жалғыз оқтық демей ме?!

Қатынсың ғой миы бар,
Заман азар күйі бар.
Өміріңді өксітпей,
Маған енді тиіп ал!..

Екі беті бүлк етпей,
Қолын ұстап тұр кетпей.



Сындырардай білегін,
Саусақтары дiңгектей.

Қаңтарылған тұқыртып,
Торықасқа ат тықыршып,
Жұлдызайды түртеді
Ерінімен ып-ыстық.

Көк тер болған жануар,
Шығар-шықпас жаны бар.
Екі көзі жаутаңдап,
Мұң шаққандай халі бар.


«Мына арамза не деп тұр,
Неткен арсыз есек бұл,
Сап-сап, сұлу, сәл ғана,
Сабырыңды медет қыл.

Түсінер жан бір басқа,
Тоғышарға сыр ашпа...» –
Дейтіндей-ақ күлдірлеп
Кісінеді торықасқа.

Онсыз да арып жүдеген,
Бейшараны жүгеннен
Ұстай алып Сегізбай,
Тартып-тартып жіберген.

– Өлсең, құның аманат,
Өй, жау алғыр, арам қат!
Осыншама қайтеді, ей,
Оқыранып жаман ат!

Таяқ тиген жонына,
Ара түсіп торыға,



Жұлдызай да жармасты
Сегізбайдың қолына.

– Өсегің мен әніңе,
Тойып едім бәріне.
Өнерлерің сақтаған
Бар екен ғой әлі де.

Жігіт болсаң анық ер,
Өзіңді бір танып көр.
Күшің тасып тұр білем,
Дөңгелекті салып бер!


* * *

Қырдың ерке самалы
Қыдырып жүр даланы.
Көкжиектен қызарып
Күн де батып барады.

Дөңгелекті екеулеп,
Салды ақыры лекерлеп.
Үйге жетсе жарады,
Іңір түспей ертерек.

Арба әзір, ат дайын,
– Ал қоштасар шақ дайын.
Көне, Сәке, қабыл ал,
Сізді де бір мақтайын.

Қу заманда ақірет,
Жаулық салған «батыр» ек.
Жол үстінде жолықтың,
Көмегіңе рахмет!



Жұлдыз десе жұлдыздай,
Жарасып тұр Жұлдызай.
Сегізбайға сол да сый,
Бір көз салса үнсіз жай.

Келіншектен әдемі
Әлі күнге дәмелі.
Үйреншікті бұрынғы өн,
Сол баяғы өуені:


– Жұлдызайжан, аялда,
Кел, тыңдашы, таян да.
Құлың болып өтейін,
Құшағыңды аш, аянба.

Күте-күте жүрегім
Үзілер деп жүр едім.
Бір кешіңді қи маған,
Сен мендікің, білемін!..

Баяғы өуен, бұрынғы өн,
Бұл не деген қыңыр жан?
Аш күзендей жабысып,
Аунай кетті қырынан.

Қиялдан да тәттірек,
Есер сезім, жат тілек.
Есін алып барады,
Қызық құмар сәт тілеп.

Киік жортқан құла түз,
Тірі жансыз, куәсіз.
Өлтірсе де қолында,
Дала еркесі кінәсіз.



Құлын даусы құлақта,
Жалынып та, жылап та,
Шарасыз үн шырқырап,
Шырылдайды жырақта.

Тыныс жетпей тұншығып,
Тыпыршиды тіршілік.
Тас астына түскендей
Солқылдаған бір шыбық.


– Ар алданда тосылар,
Жігіт қайда есі бар?
Есуасқа қор қылып,
Ей, қу соғыс, не өшің бар?!

О, Құдірет, бармысың,
Бар, бар Құдай, бары шын.
Көретұғын күн қайда,
Айтуғаным, арысым?!

Жалған сезім сезім бе,
Жаным адал өзіңе.
Өлтірсе де мына сүм,
Шөп салмаспын көзіңе.

Ақиқатты ұққанмын,
Арымды ту тұтқанмын.
Сенімге дақ түсірсем,
Аярсынбай шық, жаным.

Аққу көңіл, алданба,
Ұш қанат боп жалғанда.
Қалсын қорқау арамза,
Құса болып арманда...



Жан ұшырған күйініп,
Жас арудың күйін ұқ.
Үрген местей аунатты,
Сегізбайды үйіріп.

Ашынғанда қан қайнап,
Қайдан шықты әл-қайрат?!
Бір жағынан жылап жүр,
Дауыс қылып айқайлап.

Жылап жүріп құланы
Жолға салып жүр өні.
Өзер барып, «Өйт, шулеп!»
Арба үстіне құлады.


Дамыл тауып сәл ғана,
Мүлгіп жатыр маң дала.
Даңғыр-дүңгір алыстап,
Жаман арба салдама...

Әже тілегі

Кемпірі Тоқбергеннің Алтынсары,
Көнекөз кешегінің сарқыншағы.
Қайғыдан қара жерге басын ұрып,
Кейуана қиналып жатыр жаны.

– Жалғыздың деуші еді ғой жары Құдай,
Жеттің бе есен-аман, жалғызым-ай?!
Шүкірлік көргеніме көлеңкеңді,
Кел, құлыным, иіскетші сағындырмай.

Қорықпа көз жасымды төккеніме,
Жылт етіп, шіркін, жалған өткені де.



Атаңның топырағы торқа болсын,
Тәубе де өзің аман жеткеніңе.

Күй осы, қайтіп қанат қаға аламын,
Кеудемді көтеруге шама шағын.
Қу жаным сені күтіп шықпай жатыр,
Майданнан оралмады ағаларың.


Азат күн, Ұлы Жеңіс – көксегені,
Өрқайсы бір-бір құрыш семсер еді.
Ел үшін қыршын кеткен құлындарым,
Үркердей биікте тұр еңселері.

Қайтейін, қалжырадым, қалжырадым,
Білмеймін қанша жерге хал шыдарын?
Орнында оты өшпесін ұрпағымның,
Сөндірме қараша үйдің шамшырағын.

Мықты бол, балапаным, жанашырым,
Атар таң, көрер күнім, қарасыным, –
Деді де сөзі үзіліп, қайран әже
Жас жуған жұма берді қарашығын.

Қолынан сусып түсіп ескен жібі,
Шу етті қосарланып қос келіні.
Көз алды түс көргендей бұлдыр тартып,
Түсіпбек әлі ұқпай тұр ештеңені.

«Мыналар неге осынша аңырады?!
Сау тұр ғой әлі осы үйдің шаңырағы».
Батағөй, жомарт жүрек әжесінің
Өңінен шуақ тарап жатыр әлі.



Тарқатып тұтқадағы қысқа жіпті,
Ақырын есікті ашып тысқа шықты.
Мүлгіген хан жайлаудың тымық кеші,
Едәуір күндегіден қысқарыпты.

Бұлт бүркеп көкжиекте солғын айды,
Айнала алқаракөк торғын жайды.
Ақ тілек ағалары сияқтанып,
Төбеде үркер жұлдыз қол бұлғайды...

Лақ етіп запыраны көңілдегі,
Шалғынға отыра қап еңіреді.
Жас толған жанарына шағылысып,
Түнгі аспан сәулеленіп көрінеді.

КӨНЕ КӨКЖИЕКТЕР


«Табиғат – барлық жасампаздарды жасаушы».

И.В. Гете

I

Зырқыра, Жер, шыр айнал, дамыл таппа,
Күлімде Күн өлемнің шамын жақ та.
Ай мен жұлдыз қол бұлғап көкжиектен,
Дүниенің тартылыс заңын сақта.

Ғаламатын ғарыштың тамашалап,
Жөңкіл, уақыт, жылжы, жыл, сана сағат.
Шиыр-шиыр ғасырды шырмауыңнан
Қай құдірет алады арашалап?



Нені көрдің, кең әлем, нені өткердің?
Тарихтың тарт алға деректерін.
Көзін ашып бұл ғалам тұңғыш рет
Сейілгенін көрдің бе түнектердің?!

Қанша дәуір төгілді жерге шуақ?
Қанша жұлдыз өртенді шөлге құлап.
Тау сілкініп, құз құлап, тас үгіліп,
Шаң борады қанша рет желге шұбап?!

Қанша дәуір таң атты, ымырт түсті,
Аптап өтті қаншама, суық түсті.
Жұмыр жерге жан кіріп, бүлкіл қағып,
Тіршіліксіз қанша рет сұлық түсті?!


Көк майсаға көмкеріп көк пен жерді,
Қанша ғасыр жаз шықты, көктем келді?!
Дүниені телегей теңіз басып,
Қанша жауын нөсерлеп төккен еді?

Ғасыр көшті шұбырып, дәуір өтті,
Құйын кетті, күркіреп дауыл өтті.
Бөрі соның із-түссіз артта қалып,
Қайран мезгіл жүйріктей шауып өтті.

II

Ырғағынан дүние жаңылар ма?
Керуен көшіп, басады дәуір алға.
Құлазыған құмдардың өңі жайнап,
Гүл құлшырып тұрады бауырларда.

Сары даланың сарғайған жаны кіріп,
Жарасады көк пен жер сөні кіріп.



Ию-қию базарлы тіршіліктің
Көкжиектен атады таңы күліп.

Нұр жүгіріп жылғаға тасадағы,
Бойжеткендей төңірек жасанады.
Жағадағы бал құрақ, бала жусан
Қайта көктеп, жыл сайын жасарады.

Аң мен құсқа жыл сайын қорған болып,
Бала шыбық өседі орман болып.
Орынынан тойынып тұра алмайды,
Арасына жайылып барған елік.


Қалқан қылған жартасты жүрегіне,
Маңғаздық бар адырдың реңінде.
Етектегі айна көл еркелесе,
Емінеді бұрылып тереңіне.

Судың бетін толқытып таң самалы,
Сұңқылдасып аққулар ән салады.
Ұйқысынан оянып тау менен тас,
Табиғаттың көркіне тамсанады.

III

Қас қарайып, шалғынға сыз түседі,
Жортқан бөрі түртініп із кеседі.
Жадыраған жаз кетіп, өне-міне,
Атырапқа жаңбырлы күз түседі.

Бұлт перделеп онсыз да солғын айды,
Онан сайын төңірек солғындайды.
Қарауытып көрініп қарға адым жер,
Алыстағы от жылтылдап қол бұлғайды.



Ұйытқыған жел бүйірден араласып,
Қызыл жалын шалқиды ала қашып.
Шоқтың астын көсейді екі-үш бала,
Үлкендермен қосылып жағаласып.

Аш қарынға, қайтесің, бар ма шара?
Жаутаңдайды үздігіп бала-шаға.
Әкесі оттан әперген нән жілікті
Қажалайды суырып ала сала.

Қарны тойса түзеліп күлкілері,
Бірін-бірі келеді түрткілері.
Ойнап-ойнап құлайды от басына,
Үстеріне жамылып бір-бір тері.


Бөбектерін ұйықтатып тап қасына,
Тал тасиды шешесі от басына.
Сүйек кесіп таспенен әкесі әуре,
Омырылған шапқының тұтқасына.

Ауық-ауық әріден күн күркіреп,
Көшіп өтті қара бұлт құр сіркіреп.
Сырттағылар жүгіріп тас үңгірге,
Аптықтары басылды бір дүркіреп.

Енді аз күнде тау-тасты қар басады,
Жаз шуағы қыспенен алмасады.
Қауымдасқан тобырдың тіршілігі,
Осылайша ақырын жалғасады.

IV

Долы боран есіріп неше күннен,
Бүгін тіпті құтырды кешегіден.
Аңшы біткен далаға шыға алмады,
Қайыр болмай аурулы көсемінен.



Шағын тобыр ашығып үңгірдегі,
Тіске басар қызылға ділгір еді.
Бала-шаға шырылдап, у-шу болып,
Үңгір іші түнімен күңгірледі.

Отын да жоқ дуылдап жанатұғын,
От от емес, бықсыған шала түтін.
Сүйек-саяқ, көң-тері көңірсиді,
Әлсіздердің аузына салатұғын.

Күні жеткен жас әйел туып қалып,
Шырқырайды шарана суық қарып.
Қойнына сап біреуі жылытып жатыр,
Бейшараны тақырдан жұлып алып.

Кәрі көсем аурулы, ілелі еді,
Сүйретіліп сонда да түрегелді.
Күрк-күрк етіп жөтеліп, жаны ышқынып,
Солқылдайды білектей күрелері.

Жараланған бүркіттей шала тірі,
Құнысады қауқиған қарасыны.
Жақ жүндері үрпиіп, сәл бұрылса,
Жалт етеді ызғарлы қарашығы.

Қабыландай қаһарлы дәуірі өтіп,
Қалт-құлт етіп қарайды әлі кетіп.
Аштық, ауру, кәрілік – үш бірдей жұт,
Көкірегін шайқайды дауыл етіп.

Тас төбеден албасты басқандай-ақ,
Қалбалақтап сүйенді тасқа таяп.
Тұла бойын сығымдап бара жатыр
Тұтас аю терісі бастан-аяқ.



Тыныс жетпей тұншығып қолқасынан,
Жығылуға шақ еді шалқасынан.
Дәл сол сәтте қаусырып бір мықты қол,
Сүйеп қалды құлатпай арқасынан.

Өне бойы өртеніп, жаны күйіп,
Миын шағып барады, қаны ұйып.
Әлеуетті жігіттің көмегімен
Екі-үш ұрттам су жұтты, әлін жиып.


Сейілгендей жаңағы заманақыр,
Елең-бұлаң оралды жаман ақыл.
О, құдірет! Түс пе, оң бе, бұл не ғажап?!
Дәл қасында теңкиіп қабан жатыр.

Қабан. Қабан, көріп тұр анық енді,
Қабанның да мынау бір алыбы еді.
Ақ боранда адаспай аңға шығып,
Кім мынаны арқалап алып келді?!

Ғаламатқа не шара сенбесіңе?!
Ажал, ажал, әрі кет келмесіңе!
Арып-ашқан әйтеуір тобырының
Бүгін-ертең түсінді өлмесіне.

Қуанып тұр шал сорлы, қуанады,
Қуанғаннан кемсеңдеп жылап алды.
Мына жігіт сияқты жас арыстан,
Аман болса, тобыры туады әлі.

Ұмытылды лезде заманақыр,
Дәл ортада теңкиіп қабан жатыр.
Өңештері бүлкілдеп тұс-тұсынан
Үңгірдегі жиылды тамам пақыр.



Кәрі көсем бар күшін жинады да,
Тобырына көз салды, қимады ма?!
Төбіреніп бейшара ұзақ тұрды,
Ақтық парыз, соңғы жүк қинады ма?!

Сан апаттан қауымды сақтары анық,
Қайраты бар ұл, міне, мақтанарлық.
Шешіп алып өзінің тас балтасын,
Белдігіне жігіттің тақты апарып.

Қарны тойып аш-арық үңгірдегі,
Үңгір іші қайтадан күңгірледі.
Ал бұл кезде далада жел басылып,
Шағылысып ақ қарға күн күледі.


Ақ мамыққа оранып тал түр әні,
Тал түбінде жас бұғы малтығады.
Жықпыл-жықпыл адырдан жемтік іздеп,
Тау қыраны төбеде шарқ ұрады.

V

Қырқа да қар, қырда қар – көрінері,
Аппақ әлем көзге әсем көрінеді.
Ақ көрпесін жамылып ару қыздай,
Ұйқылы-ояу үлбіреп керіледі.

Таса да қар, тау да қар – төңірегі,
Таңғажайып не деген өңір еді!
Шұғыла шашып, құлпырып айналаға,
Көкжиектен күн шығып емінеді.

Көкке жайып құшағын ұлы дала,
Жібітеді ызғарын сірі дала.
Өзектер мен аралап жылғаларды,
Жел соғады күнгейден жылы ғана.



Алтын күннің жадырап арайынан,
Тер тамады жартастың самайынан.
Еріп-қатып ернеуге көктайғақ мұз,
Жүре алмайды таутеке маңайынан.

Соқта қарға су сіңіп, салмақ түсіп,
Опырылып құлайды жардан ұшып.
Жаңғырығы адырды сілкінтеді,
Қоян үркіп, қойнаудан тарғақ ұшып.

Еститұғын бардай-ақ саңылау бір,
Тың тыңдайды тоқтай қап саңырау құр.
Дәл қасында бүк түсіп түлкі жатыр,
Көлгірсіген көрсетіп меңіреу түр.

Үздіктірген, аңсатқан баяғы әні,
Мекеніне жыл құсы таянады.
Ақтарылып арнасы қуаныштан,
Ұйқысынан айна көл оянады.

Көктем келіп қалған-ау, көктем келіп!
Қырға шықты бір үйір бөкен желіп.
Соңдарында кішкене құралайы,
Құлдырандап барады көпшен еріп.

Жер үстіне жарасып жаңа ғұмыр,
Дала-ана төсіне тағады гүл.
Көкжиекті шуаққа шомылдырып,
Айқыш-ұйқыш аспаннан ағады нұр.



КҮНГЕЙГЕ БЕТ АЛҒАН КЕРУЕН

I

Көлегейлеп қайтемін көп көзінен,
Өзімдікі – өткен жол, өз шежірем.
Саралайын өзім-ақ ақ-қарасын,
Естігенше өзгенің бос сөзінен.

Ой-шұқыры бар шығар, бұралаңы,
Шұбалаңы, шуағы, қуанары.
Диірменнің тасындай шыр айналған,
Өмір өзі осыдан құралады.

Кісі емеспін күйгелек, өзегім өрт,
Әлі талай тіріде көрерім көп.
Өзім туған жыртық ұй, жамау төсек,
Құла түзге күй таңдап безерім жоқ.


Көмейден жыр құйылсын, көңілден сыр,
Туған жердің терейін төсінен гүл.
Тарау-тарау жалғасқан тарихымда,
Тағдырым бір халқыммен, несібем бір.

II

Өткен өтті, ол енді оралмайды,
Қайтып келіп өткен күн қол алмайды.
Тағылымы түнімен ұйқымды ұрлап,
Көкіректен елесі жоғалмайды...

Бұл далада бәрі де, бәрі болған,
Салтанаты, салты мен сәні болған.
Қалықтаған көгінде қырандары,
Өрісінде сыймаған малы болған.

Бәрі болған, шұғыла таңы болған,
Далаға сай, даланың заңы болған.



Қонағына көрсетер сый құрметі,
Дастарханда жаюлы дәмі болған.

Күле келген есіктен күнара кеп,
Күмән да жоқ мейманға, шүбә да жоқ.
Өркенді елдің атынан дос-жар болып,
Тәрден шықпай есірді сыбаға жеп.

Қонысынан шегініп ата малы,
Қара шекпен меншіктеп жатақ алды.
Сырттан орап, қамқорсып, іштен шалып,
Аяқ-қолды ақыры матап алды.

Малы-жаны қатталып, бұлақ-қыры,
Тамылжыған түнерді шуақ күні.
Аждаһаның аузына үңірейген
Сонда қазақ түскенін бір-ақ білді.

Қариялар ел баққан қапы қалып,
Ащы дәмін азаптың татты халық.
Атқа қонды ашынып Алаш ұлы,
Күміс кездік шыққандай қапты жарып.

Бері де емес тозақтан, емес әрі,
Ол күндердің өшкен жоқ елесі әлі.
Соңғы демі жеткенше арпалысып,
Қапылыста оққа ұшты Кенесары.

Көрер таңын қу тағдыр ұрлады ма?!
Тыпыршиды нәресте құндағында.
Төніп келген төбеден аждаһаның
Қалып қойды ел-жұртым тырнағында.

III

Арман деген – ғажайып ақ шағала,
Ақ қанатын жаяды аңсағанға,



Бақыт құсы сол болса қолға қонар,
Арып-ашып табасың шаршағанда.

Арман деген – алау от, таң жұлдызы,
Жылындырар жүректі бар қызуы.
Сілкінеді тұғырда бала бүркіт,
Езуінен кеппеген сары уызы.

Жүрегінде өркімнің жүр арманы,
Қыз арманы, жеткіншек ұл арманы.
Бабалардан балаға мирас болған
Ғасыр бойғы халықтың Ұлы Арманы!

Алақұйын, аумалы шақта мына
Ұлы арманы халықтың ақталды ма?!
Тәңірідей табынды дала жұрты
Бостандыққа барар жол тапқанына.


Жанарлардан жарқ етіп серпілді түн,
Қайта түзеп, көтерді ел түндігін.
Кеуде кере тыныстап қыр менен ой,
Бүкіл дала тойлады еркіндігін.

Сал домбыра – серісі сары даланың,
Арыстардың шертеді арман әнін.
Көш басында – Сәкен мен Әлібилер,
Азаттықты аңсаған тарландарым!

IV

Қызық екен, Құдай-ау, көңіл деген,
Дәл осылай ешқашан төгілмеп ем.
Өткен өмір өтті ғой өз жолымен,
Не күн туып енді мен тебіренем?

Құлақ салып, тып-тыныш тыңда, ғалам,
Қарт шежіре не дейді, жылдар маған?!



Кешір мені, дауылпаз ағаларым,
Кешір мені, кең-байтақ қыран далам.

Жалған даттап, жамағат, әуреленбе,
Көңілімде күмөн жоқ әу дегенде.
Халық үшін ажалға басын тіккен,
Мен сенбеймін Сөкенді жау дегенге.

Ұнамайды ғайбатшыл дәстүр маған,
Шын азамат ешқашан қас қылмаған.
Не көрсек те көрдік қой пенделер мен
Қой терісін жамылған қасқырлардан.

Ей, ағайын, шындықты бүркемеңдер,
Шындықты айту – қашанда үлкен өнер.
Азаматқа жата ма, айтыңдаршы,
Артық айтып, асыра сілтегендер?

Ақиқат пен деңгейін парасаттың,
Әне, солай өздерің аласарттың.
Сағат тілін қайтеміз кері бұрап,
Мына дүние онсыз да алашапқын.

V

Немересін көтеріп төбесіне,
Әкем айтқан бір сөз бар, әлі есімде:
– Е-е, құлыным, аспаның ашық болсын,
Көр заманның көрмеңдер елесін де...

Не көрмеді бұл қазақ, не көрмедім?
Не қиямет мойныммен көтермедім?!
Нәубет жылғы зұлмат пен зобалаңда
Аштан өлді бейшара әкем менің...

Бір төңкеріп мұң тұнған қарашығын,
Көз жұмғаны есімде анашымның.

Қанша жұтса қарынға ас бола ма
Қайнатылған қазанның қара суын?

Ажал мен жұт жайлады иен елді,
Қанша қазақ қырылды үйелмелі.
Құзғын менен қарғалар қарық болып,
Ен даланы босқындар иеленді.

Ағаларым септесіп, он шақты адам,
Есіл бойлап балықпен жан сақтаған.
Кетерінде қия алмай туған жерді,
Көз жастарын көргенмін моншақтаған.


Аяқ-қолды жаздырмай қатал тірлік,
Үзілерге шақ қалды атан жілік.
Ер арыса аруақ болатынын
Сонда көргем, өнеки, қатар жүріп.

Заманақыр туды деп не қыламын,
Сонда көрдік рух пен сенім барын.
Нанға ауызы тигенде сол ағалар,
Бір-бір үйдің көтерді шаңырағын.

Өттең, өттең, байлау жоқ сөзімізде,
Атқан кесек тиеді өзімізге.
Көрсетінді басталды көп ұзамай,
Тойынған соң ет өсіп көзімізге.

«Мынау жебір», «Мынау жау», «Анау жарым»,
Аты озғанның, әйтеуір, бәрі залым.
Айналдырған алты айда бірі қалмай,
Абақтыға қамалды ағаларым.

Қасиет, ар қалмады мұрат тұтар,
Қайырсыз таң, қазақты шулатып қал.
Кімге сеніп болады жазаланса
Байтұрсынов, Майлиндер, Дулатовтар?!



Кімге шағам мұңымды, кімге айтамын,
Көз жасымды кімге айтып құрғатамын?
Арыстарым сенбеймін жау дегенге,
Құдайға аян болғаны бір қатаның.

Қадір біліп, кім кімді тани алар,
Ақиқатты күш қайда жариялар?!
Қамырша илеп халықты отырғанда
Голощекин, сұрқия Бериялар.

VI

Ей, адамдар, бөріміз пендеміз де,
Пенделіктен, айтыңдар, кендеміз бе?!
Бітпейтін бір бақталас, алашапқын,
Шырылдаған жан барда кеудемізде.

Анау олай, мен бұлай, кімнен кеммін?!
Көрсетейін көкесін күлген елдің.
От басында аңдысу өзді-өз болып,
Жараса ма ұлына іргелі елдің?

Өзің қандай, сөйлеген сөзің қандай,
Соны аңдиды өзгелер көзін алмай.
«Үй артында кісі бар», егеспейік,
Бірімізде біріміз өші бардай.

Өсетін ел сіз-бізді салт етеді,
Сый мен құрмет өзіне тәнті етеді.
Ала болса арасы ағайынның,
Маңдайыңнан береке, бақ кетеді.

Кеткені емей немене, кеткені емей,
Ырысымды отырмын төккен елдей...
Бейбастақ қыз өсірдім, өресіз ұл,
Қалай ғана айтайын өкпелемей?!

Халық болып танылған түрім мәлім,
Айдай әлем ести ме үнім барын?!

Атажұртты биледі келімсектер,
Салт-дәстүрім жоғалды, тілім жарым.

Бір кездегі еркін ел, азат халық,
Өзімізді осылай азаптадық.
Орыс емес, не дұрыс қазақ емес,
Өшіп-құрып кетуге аз-ақ қалдық.

Қайтіп кінә тағамын басқаларға,
Абзал інім, бармысың, асқар аға?!
Азамат боп намыстан өлсек етті,
Дәл осындай көнгенше масқараға.

VII

Сақта мені, Құдайым, жалған бақтан,
Жалған атақ, жайдақ сөз, жалған даңқтан.
Мынау түпсіз ғаламды жаратушы,
Бұл дүние тұрады бар мен жоқтан.

Бары жақсы бөрінен тірі жанға,
Жоқ батады кішіге, ұлыға да.
Не ол емес, бұл да емес, әрі-сәрі,
Дүбөраның түбінде күні қара.

Бар да емес, жоқ та емес, осы жаман,
Бар жамандық шығады осылардан.
Табан тіреп тұрмай ма бір мінезде,
Өз өресін ойлайтын есі бар жан.

Бөтуасыз сырғанақ өмір осы,
Онсыз оның келмейді көңіл хошы.
Кім қазанын қайнатса, соған қонақ,
Кімнің піссе тарысы, соның досы.

Ертең олай құбылсақ, бүгін былай,
Оң қабағын бере ме қырын Құдай?
Өзімізден тиянақ табылмаса,
Қайран дүние қайтеді мың құбылмай?..



VIII

Бабалардан жалғасқан бір аманат,
Бірлік деген – ғажайып, шын ғаламат.
Татулығың жарасса ағайынмен,
Тағдырыңа, ей, қазақ, қыл қанағат.

Бір арнаға мың тілек тоғысқанда,
Ісінде де береке, табыста да.
Шұрқырасып жатамыз тәубе қылып,
Қарға тамыр қазақ боп табысқанда.

Елім десе беретін етін кесіп,
Ер жігітсіз туған жер – жетім бесік.
Елдігіңе марқайып, ерлігіңе,
Күллі әлемге қарайсың мерей өсіп.

Елдік, бірлік – бастауы берекенің,
Бірлігімнен көрінсін ел екенім.
Төрткүл дүние танысын қазағымның
Терезесі өзімен тең екенін.

Бабында тұр керуен, көш-көлігің,
Тізгініңді ал қолыңа, өскен ұлым.
Еркіндігі еліңнің, ерлік жолы –
Аманат боп бабамнан жеткен ырым.

Құйқылжысын көмейден лағыл өнім,
Тұғырымды танытар шағымдамын.
Түндігімнен желбіреп Алаш туы,
Асқақтай бер, киелі шаңырағым!

Ынтымақ пен берікпін ымыраға,
Сенім сәуле, көңілден ыдырама.
Көш түзеген күнгейге қазақ едім,
Қайда жүрсем қолдай көр, Қыдыр баба!

МАЗМҰНЫ

«Заңғарға заңғар сыр ашып...»	6
-------------------------------------	---

Бірінші бөлім

ЗАҢҒАРЛАР МЕН ЗАМАНДАСТАР

Қазақты бар ғаламға айғақтаған	8
Жолбарыс жүрек Жұмабек	9
Кенесарының соңғы сөзі	10
Жүрегінің түгі бар ер Құттымбет	11
Бұхар бабаның елге жау шапты деген хабарды естіртуі	15
Заңғары замананың Дүзен баба	16
Қанжығалы Бөгенбай батырдың ұрпағына айтқан бір сөзі	17
Ел көрген ғибрат пен ғибадатын	19
Тәржіма	20
Айту керек, айтқаннан соң, тек шынын	22
Тайсалды сенен ажал да	24
Ең «кішкене» қазақ	26
Қаныштың үш арманы	28
Қошқарбайдың асуы	31
Мүмкін емес	35
Әміршінің белгісі	38
Өлең атты құдірет	40
Ізім бар	41
Өлең-жырдың сұңқары	43
Аққуменен үнінді таластырған	43
Заманбек	44
Жырға құмар кенші деген халықпыз	45
Хамит ақынның қадірі	46
Қайран досым!	49
Тағзым мен тағылым	50
Шепті бұзған семсерім	51
Кәкімбек аға жырлаған	52

Ұлытаудың ұлы едің	53
Музей ата.....	54
Үлгі-өнеге – еңбек жолы арналы	55
Шахтамызға кел, қонақ!	56
Сағыныш	58
Жан аға, жалыныңнан айналайын!	59
Жәйрем десе... ..	59
Кенді өлкенің қыраны	60
Батыр Мұқаш.....	65
Шахтада забой шарлап, жақұт терген	66
Кеншілер өулеті.....	67
Құрмет	69
Берік бол, аға!.....	70
Іні тілегі	71
Кемеңгер қара шалым	72
Қара сырнай.....	73
Әндерін тыңда Мараттың	75
Сөндірме сезім жалынын	76
Кенші сыры	77
Ақын толды алпыстың асқарына	78
Көрінесің қарт емендей сен маған.....	79
Жанпейісов көшесінде той бүгін!.....	80
Мереке күнгі тілек	81
Құлшынып көш бастай бер, Қанат інім	82
Өмір сыйы	83
Шымыр ақын	84
Бағындырды белесті.....	85
Әбекеңнің байлығы	87
Қайнатқан қазандығын Қарсақбайдың	88
Туған жер жайлы толғау	89
Тұғыры биік тұлғасың	90
Келесің Хақ жолында текті ізбенен	91
Несібе.....	92
Еңбегіңді көзбен көріп келемін	93

Екінші бөлім
ЖАҚСЫНЫҢ БӘРІ – ЖАНЫМНЫҢ НӘРІ

Қалайын тыңдап тағы бір.....	96
Жыр-ағын	97
Парасат биігінде	98
Ғалымның әні	99
Ардакүрең	100
Дос таптым	100
Шәмідің көз жасы	101
Көк түріктің жүрегінің жалыны	102
Бақыт.....	103
Тәтемізге тілек	104
Ақ самал.....	106
Айтулы азамат	108
Ұлтымызға ұстаз болар тұлғасың	109
Батанды бер	110
Зояға.....	111
Шөліркеп лебізіңе, жырларыңа	112
Қазақтың кең даласын үйім деген	113
Сексенің құтты болсын, Алаш аға!.....	115
Сыр айтамын.....	116
Еңбегің де, ерлігің де мәңгілік	117
Көріңдер кен қопарған көркін ердің	118
Бір өсіп, атыңды айтсам, қалады елің	120
Өрен кенші, өрелі басқарушы	120
Геолог бақыты	121
Ісінде – ізгілігі бабасының	122
Қайтіп енді жұбатам мынау елді?!	123
Төртеу	125
Еңсеңді көтер, көкбөрім.....	126
Ең үлкен сыйлық	127
Қазақтың дара туған «Дәридайы»	128
Сені көрсем... ..	129
Биіктер жарасады қырандарға.....	130

Уақыт тоқтап қалғандай, мезгіл тұрып	130
Арманың – өлеуметтің амандығы	131
Біз екеуміз	132
Ел деп соққан, жер деп соққан жүрегі	134
Ақ келіншек – ақ әже	137
Халықтың қалаулысы	138
Көз алдымда өлең оқып тұрғаның	139
Ешкімді көрмеген жатсынып	140
«Ақсарай» – ол өзіңнің жан сарайың	142
Қазақ боп туғаныма қуанамын.....	143
Бүгінгі той	143
Ардагер құлпытасындағы жазу.....	144
Мықты маман.....	145
Өткізген өзіңменен әр күн ізгі.....	146
Жолы болғыш жігіт	147
Шахтерлерге ең керегі – амандық	148
Биіктік пен тереңдікті жалғаған	148
Әмеңгер.....	149
Ересен	149
Сағындырды саусағыңның жылуы	150
Мақтан, Рым!	151
Өнерпаздар ұясы.....	152
Әрең тұрмын	153
Махаббатты аялаңдар мәңгілік	153
Әлі де бар сияқты сақтағаны.....	154
Өн бойыңда оттай жанып әр ағын	155
Бұл – сенің азамат боп жүргендігің	156
Арман бар ма?!.....	157

Үшінші бөлім МЕЗГІЛ ӘУЕНДЕРІ

Кел, Наурыз!	160
Біздің ауыл	161

Шеңберім	163
Ұлытау	164
Туған жер	164
Сарғайған жауынгер хаттары	166
Мойындау	168
«Алтын да менің босағам»	170
Құдалар-ай!.....	171
Семей.....	172
Аманат	174
Көлеңке.....	175
Күнгеі	176
Біреулер... ..	177
Жарамаса жұртыңның кәдесіне... ..	178
Пенделік.....	179
Танып ал	180
Жүйрікке жүзден озған өкпелеме	181
Күйкілер күлкі боп жүр... ..	182
Мұратқа жеткізеді бірлік қана.....	182
Жан анаңның жаралады жанын мұң	183
Сыңар бұлақ.....	184
Сұрыптау.....	185
Дархандық.....	186
Сенім	187
Айта алсам арманым жоқ.....	188
Өзіме.....	189
Арзан сөзге салынба	189
Өлең-жырым – байлығым... ..	190
Сөнбейді шамшырағым!.....	191
Жақсымен көңіл жалғадым.....	192
Қимайсың, қия алмайсың, иланбайсың	192
Алмасады дүние	193
Тарих өзі береді тұғырыңды	194
Тауып айтсаң... ..	195
Көк түтін	195

Тойбастар	196
Тойшыл халық – бұл қазақ.....	197
Кластастар кездесуінде	197
Мың алғыс саған, мектебім!.....	198
Мәңгілік ел	199
Жақсысын хан көтерген	199
Азамат бол Қаныштай!	199
Ұлым мен келініме тілек.....	200
Туған ауыл түтінінің исі ме?.....	201
Сағыныш	201
Сезесің... ..	202
Нұргүлге	202
Көксу	204
Қоныс	205
Тобылғысай	206
Қоналқада	207
Сусынымды басайын... ..	208
Жанарыңның жарқылы.....	209
Көздер.....	209
Әзіл	210
Көңіл күйі	210
Көксу тасығанда	211
Жан қалқа!	211
Таң әсері.....	212
Боран	213
Ақша қар.....	217
Көксу, көкем.....	218
Қырық жас	220
Қара күзде	221
Сырыңды ақтар	222
Торыққаным	223
Шамын көрем сол үйдің.....	223
Мың төубе!.....	224
Жаңа жылым	224

**Төртінші бөлім
ӘН МӘТІНДЕРІ**

Ұлар	226
Туған дала	227
Сәтбаев – киелі мекенім	228
«Қазақмыс»	229
Арқаның ару көктемі	230
Кенші қала	231
Мерейлі мекенім	232
Қаныш қала	233
Балжан қыз	234
Айбынды сақшыларым – қырандарым	235
Сен қарасаң	236
Айта алмадым	237
Кездесу	238

**Бесінші бөлім
АЙТЫС**

Мұса Тілеуов пен Бағдат Байжантаев	240
--	-----

**Алтыншы бөлім
ПОЭМАЛАР МЕН АҢЫЗДАР**

Үркер	274
Көне көкжиектер	297
Күнгейге бет алған керуен	305

«ҰЛЫТАУ» СЕРИЯСЫ

Мұса (Мусен) ТІЛЕУОВ

ТАУЛАРҒА ТАУЛАР ТАМСАНАР

Жыр жинағы

**Кітапты басуға дайындаған —
«Өркениетті Қазақстан» қоғамдық бірлестігі.
Басқарма президенті — Естанов Дәулет Нұрланұлы**

Редакторы – Қуат Құрмансейіт
Техникалық редакторы – Ақбота Жан
Көркемдеуші редакторы – Вячеслав Козлов
Корректоры – Жұлдыз Аманғали
Компьютерде беттеген – Ерке Арыс

Басуға 12.05.2023 қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/16. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы 20,0.
Тапсырыс №20. Таралымы 600 дана.

«Кәусар» баспасы
010000, Астана қаласы
Мәскеу көшесі, 40, 409-кеңсе
тел.: 8 776 198 63 51; 8 777 323 25 47; 8 776 191 69 98